



**«ҚазТрансГаз» АҚ
Директорлар кеңесінің
2019 жылғы «__» _____
№ __ шешіміне
қосымша**

**«ҚазТрансГаз» АҚ-ның 2018 жылғы
жылдық есебі**

**Нұр-Сұлтан қ.
2019 жыл**

Мазмұны

- 4 Акционерлерге үндеу
- 6 Компания туралы
- 6 «ҚазТрансГаз» АҚ-ның позицияларын бағалау және 2018 жыл қорытындылары бойынша оның даму перспективалары
- 10 2018 жылдың оқиғалары
- 13 «ҚазТрансГаз» АҚ компаниялар тобының стратегиялық мақсаттары
- 14 «ҚазТрансГаз» АҚ компаниялар тобы қызметінің қаржылық және өндірістік көрсеткіштері
- 14 ЕТҚ қимасындағы негізгі өндірістік және қаржылық көрсеткіштер
- 20 Инвестициялық қызмет
- 29 Инновациялар
- 31 «ҚазТрансГаз» АҚ-ның мүдделілігі бар мәмілелер
- 31 Активтердің құрылымы
- 31 Негізгі даму бағыттары
- 32 Тәуекелдерді басқару
- 35 Біріктірілген менеджмент жүйесі
- 41 Қоршаған ортаны қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау
- 45 Әлеуметтік жауапкершілік
- 48 Корпоративтік басқару
- 50 Акционермен өзара әрекеттестік
- 50 Еншілес және тәуелді ұйымдармен өзара әрекеттестік
- 54 Тұрақты даму
- 55 «ҚазТрансГаз» АҚ компаниялар тобының сатып алуларындағы жергілікті қамту (ЖҚ)
- 56 Корпоративтік қауіпсіздік

- 58 Кредиттік рейтингтер және борышқорлық портфельді басқару**
- 60 Тәуелсіз аудитордың қорытындысы**
- 66 Шоғырландырылған қаржы есептілігі**
- 71 «ҚазТрансГаз» АҚ-ның 2018 жылы Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттарын сақтауы туралы есебі.**
- 75 Глоссарий**

Акционерлерге үндеу

Құрметті «ҚазТрансГаз» АҚ-ның акционерлері және серіктестері!

«ҚазТрансГаз» акционерлік қоғамы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобына кіреді. Ұлттық газ операторы, жылдық өткізу қабілеттілігі 230 млрд. текше метрге дейін жететін және ұзындығы 47 мың км-ден асатын газ тарату жүйелерінен тұратын, жалпы ұзындығы 19 мың км-ден асатын, Орталық Азиядағы аса ірі магистральды газ құбырларын пайдалануды жүзеге асырады.

Компания жұмыскерлері күн сайын 40 компрессорлық станциялардың үздіксіз жұмысын қамтамасыз етеді, оларда 348 газ айдайтын агрегат орнатылған, жалпы белсенді сақтау көлемі 4,6 млрд. текше метрді құрайтын 3 жерасты газ қоймасына қызмет көрсетеді.

«ҚазТрансГаз» АҚ ел халқының жартысынан астам бөлігін тауарлық газбен қамтамасыз ете отырып, газды Қазақстан Республикасының ішкі нарығына негізгі жеткізуші болып саналады. Соңғы жылдары компания еліміздің әртүрлі облыстарында газ тасымалдау инфрақұрылымын және газ тарату тораптарын жаңарту және құрылысын салу бойынша ауқымды жұмыстар жүргізгендігін атап өту қажет. Тек соңғы бес жылдың ішінде қазақстандықтардың үш миллионнан астамы газ пайдалану мүмкіндігіне ие болды, халықты газдандыру деңгейі 2013 жылғы 30%-дан 2018 жылғы 49,68%-ға дейін өсіп, 9 млн. астам азаматты құрады. Газдандырылған отандық кәсіпорындардың саны айтарлықтай өсті - 23 725-тен 44 189 шамаға дейін немесе 86%-ға артты.

Өткен жылы отандық газ саласы өзінің 60-жылдығын атап өтті және осы мерейтойға «ҚазТрансГаз» рекордтық жоғары өндірістік және қаржылық көрсеткіштермен келді. «ҚазТрансГаз» АҚ компаниялар тобының шоғырландырылған кірісі 2018 жылы 1 трлн. 061 млрд. теңгені құрады, ол 2017 жылмен салыстырғанда 398,9 млрд. теңгеге немесе 60%-ға артық. Шоғырландырылған пайда Ұлттық оператордың компаниялар тобына салық салынғанға дейін 201 млрд. теңгені құрады, ол 2017 жылдың көрсеткіштерімен салыстырғанда 102 млрд. теңгеге немесе 103%-ға жоғары.

2018 жылы «ҚазТрансГаз» АҚ 99,5 млрд. теңгеден астам сомаға бюджетке салықтарды және өзге де төлемдерді төледі, бұл, компанияның елдің аса ірі салық төлеушісі ретіндегі мәртебесін тағы да растайды.

Есептік кезеңде газды өткізу көлемі 22,9 млрд. текше метрді құрады. Ол 2017 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 5,2 млрд. текше метрге немесе 29%-ға жоғары. Бұл ретте, 2018 жылы, Қытайға газды экспорттық жеткізулер туралы шарт мерзімінен бұрын және толық көлемде орындалды.

Магистральды тасымалдау көлемі 111,9 млрд. текше метрді құрады, ол 2017 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 11 млрд. текше метрге немесе 11%-ға жоғары.

Өткен жылы біз аса жоғары халықаралық жобалардың бірі – «Қазақстан-Қытай» магистральды газ құбыры жұмысының 10 жылдығын атап өттік. Тұңғыш Президент күніне және Тәуелсіздік күніне орай «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ мен «ҚазТрансГаз» АҚ «Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистральды газ құбырындағы «Арал», «Түркістан» және «Қорқыт Ата» компрессорлық станцияларын пайдалануға енгізді. Бұдан бөлек, «Қазақстан-Қытай» магистральды газ құбырының «С» желісінде №5 және №7 компрессорлық станциялары іске қосылды. Осылайша, төрт мемлекетті –

Түркменстан, Өзбекстан, Қазақстан және Қытайды біріктіретін, «Қазақстан-Қытай» трансұлттық газ құбырын қалыптастыру бойынша жұмыстар толығымен аяқталды.

«Қазақстан-Қытай» газ магистралі он жылдық жұмысы ішінде, өзінің тиімділігін ғана емес, сонымен қатар біздің мемлекеттер үшін маңызды экономикалық және геосаясаттық мәнін көрсетті. Қазақстандық газды Қытайға 50 млрд. текше метрге дейін 5 жыл ішінде экспортқа шығару туралы өткен жылы қол қойылған келісімшарт осыған мысал бола алады.

Толығырақ ақпаратты біз Сіздердің назарларыңызға «ҚазТрансГаз» АҚ-ның 2018 жылғы қызметі туралы жылдық есепте ұсынамыз. Онда өндірістік қызметтің негізгі нәтижелері мен бағыттары ғана жинақталып қоймай, сонымен қатар бизнесті жүргізудің, әлеуметтік және кадр саясатының қағидалары қалыптастырылған.

Біз «Қазақстандықтардың үйлеріне жылулық пен жайлылық әкелу, елдің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету» атты өз миссиямызға берік болып қаламыз. Бүгінгі таңда қазақстандық газ саласы мұнай-газ секторында көшбасшылық позицияларда тұр, ал «ҚазТрансГаз» АҚ қол жеткізген барлық нәтижелер Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының елдің көлік және транзиттік әлеуетін арттыру, Қазақстанның энергетикалық қауіпсіздігін нығайту туралы тапсырмаларын орындауға мүмкіндік береді.

Компания туралы

«ҚазТрансГаз» компаниясы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 5 ақпандағы № 173 қаулысына сәйкес құрылды. 2004 жылғы 9 маусымда, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы №415-ІІ Заңына сәйкес, «ҚазТрансГаз» жабық акционерлік қоғамы атауы «ҚазТрансГаз» акционерлік қоғамы атауына өзгертілді. Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы 2004 жылғы 9 маусымдағы №13898-1901-АО куәлігі Астана қаласының Әділет департаментімен берілді.

Қазақстан Республикасының газ саласы одан әрі дамуы үшін айтарлықтай әлеуетке ие, ол келешекте Қазақстанды табиғи газдың жетекші өндірушілерінің қатарына қосуға мүмкіндік береді. «ҚазТрансГаз» АҚ еліміздің және әлемнің газ нарықтарында мемлекеттің мүдделеріне өкілдік ететін, Қазақстан Республикасының аса ірі газбен жабдықтаушы компаниясы болып табылады.

Жалғыз акционер «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ болып саналады. «ҚазТрансГаз» АҚ магистральды газ құбырлары бойынша табиғи газдың тасымалдануын басқарады, ішкі және сыртқы нарықтарда газды өндірумен, сатумен айналысады, құбырларды және газ қоймаларын әзірлейді, қаржыландырады, құрылысын салады және пайдаланады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 5 шілдедегі № 914 қаулысына сәйкес, «ҚазТрансГаз» акционерлік қоғамы газ және газбен жабдықтау саласындағы ұлттық оператор болып белгіленді.

Есептік кезеңде «ҚазТрансГаз» АҚ компаниялар тобына 10 еншілес және тәуелді компаниялар кірді, олар келесі бизнес-бағыттарда көрсетілген:

- ресурстық базаны кеңейту: «Амангелді Газ» ЖШС, «ҚМГ Қансу Оперейтинг» ЖШС;
- магистральды тасымалдау: «Интергаз Орталық Азия» АҚ, «Азиялық Газ құбыры» ЖШС, «Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС, «ҚазТрансГаз-Бішкек» ЖШҚ;
- газ тарату жүйелері бойынша тасымалдау: «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ;
- газбен жасалатын сауда операциялары: «ҚазТрансГаз Өнімдері» ЖШС, «ҚазРосГаз» ЖШС (сенімгерлік басқарудағы қатысу үлесі 50%);
- өзге ЕТҚ: «Intergas Finance B.V.».


«ҚазТрансГаз» АҚ позицияларын бағалау және 2018 жыл қорытындылары бойынша оның даму перспективалары

Қазақстанның газ саласы бүгінгі таңда әлемде де – мұнаймен және көмірмен салыстырғанда серпінді дамып келе жатқан салалардың бірі. Газды қолдану бойынша кеңейіп келе жатқан мүмкіндіктер оны баламалы энергия көздерімен бірге, болашақтағы негізгі энергия көздерімен бір қатарға қояды.

BP¹ деректеріне сәйкес, табиғи газдың зерттелген қорлары бойынша (1,1 трлн. м³) Қазақстан әлем бойынша 25-ші орында тұр (жалпы әлемдік қордың 0,6%) және газ қорлары бойынша ТМД елдерінің ішінде Ресей мен Түркменстаннан кейін 3-ші орында тұр. Бекітілген өндірілетін қорлар 4 трлн.м³ құрайды, оның ішінде ілеспе газ – 2,2 трлн.м³, еркін газ – 1,8 трлн.м³.

¹ Дереккөздер: *British Petroleum Statistical Review of World Energy June 2018*

Табиғи газдың елдер бойынша дәлелденген қорларының көлемі, трлн. м³



Қазақстандағы газ ресурстарының негізгі бөлігі игеріліп жатқан немесе игерілуге дайындалып жатқан ірі кен орындарында, соның ішінде Теңіз, Қашаған, Королевское (Атырау облысы) мұнай кен орындарында, Қарашығанақ (Батыс Қазақстан облысы), Жаңажол, Урихтау (Ақтөбе облысы) газ конденсаттық кен орындарында және басқа да кен орындарында шоғырланған.

Қазіргі уақытта «Амангелді Газ» ЖШС, Көмірсутекті шикізатты бірлесіп барлау және өндіру жөніндегі 2000 жылғы 12 желтоқсандағы келісімшарттың негізінде, Жамбыл облысының газ кен орындарының Амангелді тобын игеруді жалғастырып келеді.

Табиғи газдың өндірілетін қорлары 01.01.2019ж. жағдай бойынша: Амангелді кен орнында 8 425,8 млн. текше. м., Жарқұм кен орнында 367,1 млн. текше. м. и Айрақты кен орнында 5 189,3 млн. текше. м. құрайды.

Алайда, газ өндірудің қорлары мен көлемдері бойынша «ҚазТрансГаз» АҚ-ның Қазақстан Республикасының нарығындағы позициялары әлсіз болып табылады және оның үлесі шамамен 1-2% құрайды.

Газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесіне (бұдан әрі – ГБЖ) 21 жер қойнауын пайдаланушы қосылған. Осыған орай, «ҚазТрансГаз» АҚ Қазақстан Республикасының энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында, ілеспе мұнай газын өндіретін жер қойнауын пайдаланушыларды ГБЖ-ге қосуды аса маңызды міндет ретінде көреді.

Қазақстан Республикасының газ секторын 2030 жылға дейін дамыту тұжырымдамасы, Қазақстан Республикасының газ секторын кезең-кезеңмен реформалауға және кешендік дамытуға деген көріністі және негізгі амалдарды анықтайды, дәстүрлі газ ресурстарынан бөлек көмір қабаттарынан метанды барлау және өндіру бөлігінде Қазақстанда бар айтарлықтай әлеуетті көздейді. Көмір қабаттарынан метанды барлауды және өндіруді ұйымдастыру бойынша Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың тапсырмасын іске асыру жөніндегі Қазақстан Республикасының Энергетика министрі 2016 жылғы қыркүйекте бекіткен өзектендірілген Іс-шаралар жоспарын (Жол картасы) орындау мақсатында,

«ҚазТрансГаз» АҚ «Қарағанды көмір бассейнінің көмір қабаттарынан метан өндіру» инновациялық инвестициялық жобасы шеңберінде көмір қабаттарынан метанды геологиялық барлау бойынша жұмыстарды жүргізуде.

Қазақстан үшін перспективті транзиттік бағыттардың бірі, өткізу қабілеттілігі жылына 55 млрд. куб. м. болатын «Қазақстан-Қытай» МГ болып саналады. Бүгінгі таңда бұл еліміздің мұнай-газ саласындағы аса ірі инвестициялық жоба болып табылады.

Газ тасымалдауға магистральды газ құбырларының (МГ), жерасты газ қоймаларының (ЖГҚ), сондай-ақ газ тарату құбыржолдарының жүйелері кіреді.

Жиынтықпен алғанда «ҚазТрансГаз» АҚ компаниялар тобы жалпы ұзындығы шамамен 66 мың км болатын газ құбырларын пайдаланады. Соның ішінде шамамен 19 мың км магистральдық және 47 мың км-ден асатын газ тарату құбыржолдарын пайдаланады.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының 14 облысының 10 облысы, көбінесе облыс орталықтары газбен жабдықталған. Қазақстан Республикасының халқын газбен жабдықтаудың қамтылу деңгейі 2018 жылы 49,68% құрады.

ОРТА АЗИЯНЫҢ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАННЫҢ МАГИСТРАЛЬДЫ ЖӘНЕ ТРАНЗИТТІК ГАЗ ҚҰБЫРЛАРЫ

МАГИСТРАЛЬНЫЕ И ТРАНЗИТНЫЕ ГАЗОПРОВОДЫ СРЕДНЕЙ АЗИИ И КАЗАХСТАНА



2015-2030 жылдарға арналған газбен жабдықтаудың бекітілген бас схемасы, жаңа газ құбырларының кең ауқымды құрылысын салу арқылы ғана емес, сонымен қатар республика өңірлерін газбен жабдықтаудың баламалы және оңтайлы көздерін іздеу арқылы, Қазақстанның газға деген ішкі қажеттіліктерін қамтамсыз етуге арналған жағдайларды жасауға бағытталған. Бұдан бөлек, өңірлерді сығымдалған табиғи газбен жабдықтауды ынталандыру және дамыту шеңберінде, газды мотор отыны ретінде пайдаланатын көлік құралдары үшін ынталандыру шаралары көзделетін болады.

Көмірсутектерді ішкі және сыртқы нарықтарға жеткізудің көп векторлығы қағидаларын негізге ала отырып, Қазақстан табиғи газдың транзиті мен экспорттық жеткізулері бойынша барлық экономикалық тиімді бағдарларды дамытуға ұмтылады. Бұл ретте Қазақстан үшін шектес елдермен келісілген энергетикалық саясатты жүргізу маңызды болып қалады, себебі транзиттік-экспорттық бағдарлар солардың аумағы бойынша өтеді.

Ішкі тұтынудың өсімін және кері айдаудың елеулі көлемдерін ескергенде, Қазақстанның экспорттық газ әлеуеті әзірше айтарлықтай қомақты емес. Экспорттық жеткізулердің елеулі өсімі, мәселен, газды кері айдау көлемдерінің азаюы есебінен мүмкін болады, ол, алайда, кен орындарын игерудің технологиялық схемаларында көзделмеген.

«ҚазТрансГаз» АҚ-ның Қазақстанның 2018 жылғы газ және газбен жабдықтау саласындағы үлесі төмендегі кестеде көрсетілген.

Атауы	Тауарлық газдың өндірісі	Ішкі нарыққа жеткізу	Импорт	Экспорт
Қазақстан Республикасы, млрд. м ³	33,3	16,1	6,1	18,9
«ҚазТрансГаз» АҚ, млрд. м ³	0,3	14,9	6,1	8,9
ҚазТрансГаз үлесі, %	0,9	92,5	100,0	47,1

«Газ және газбен жабдықтау туралы» Заңға сәйкес тауарлық газдың шекті көтерме бағаларын Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігімен келісім бойынша жыл сайын бекітеді.

2018 жылы Қазақстан Республикасының Энергетика министрінің 2018 жылғы 15 мамырдағы № 188 бұйрығымен, 2018 жылғы 1 шілдеден бастап 2019 жылғы 30 маусымға дейінгі кезеңге, соның ішінде оңтүстік өңірлерде (Алматы қ. және Алматы облысы, Шымкент қ. және Түркістан облысы, Жамбыл облысы) 6,6-10%-ға өсіммен, тауарлық газға көтерме бағалар бекітілді.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Б.А. Сағынтаевтың төрағалығымен өткен, еліміздің оңтүстік өңірінде газға баға белгілеу мәселелері жөніндегі 2018 жылғы 22 маусымдағы мәжіліс хаттамасына сәйкес, оңтүстік өңірлерде газдың шекті көтерме бағалары Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2017 жылғы 5 мамырдағы № 164 бұйрығымен бекітілген бұрынғы деңгейінде сақталып қалды.

Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік кеңесінің 2018 жылғы 7 қарашада өткен отырысының нәтижелері бойынша, «Тауарлық газды ішкі нарықта көтерме саудада өткізудің шекті бағаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 15 мамырдағы № 188 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 10 желтоқсандағы № 490 бұйрығы қабылданды.

Жоғарыда аталған бұйрыққа сәйкес, тауарлық газдың көтерме сауда бағалары 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап 2019 жылғы 30 маусымға дейінгі кезеңде республика бойынша орташа есеппен 11%-ға төмендеген (Шымкент қ. және Түркістан облысында 3,8% бастап, Алматы қ. және Алматы облысында 17,5% дейін).

2018 жылдың оқиғалары

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 15 маусымдағы № 353 қаулысымен «Интергаз Орталық Азия» АҚ магистральды газ құбыры бойынша Ұлттық оператор болып белгіленді.
- 2018 жылғы 13 қыркүйекте, «Жекешелендірудің 2016-2020 жылдарға арналған кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 1141 қаулысын орындау мақсатында, «ҚазТрансГаз» АҚ мен «Waltbay LTD» компаниясы арасында «ҚазТрансГаз-Тбилиси» ЖШҚ-ның қатысу үлесінің 100%-ын сатып алу-сату шарты жасалды.
- Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 12 наурыздағы №94 бұйрығымен және «ҚазТрансГаз» АҚ Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 14 мамырдағы № 9 шешімімен (2-тармақ) бекітілген, Қазақстан Республикасы Президентінің Бес әлеуметтік бастамасын іске асыру бойынша іс-шаралар жоспарына (жол картасына) сәйкес, «ҚазТрансГаз» АҚ, «Самрук-Қазына» АҚ және «Baiterek Venture Fund» АҚ арасында «АстанаГаз ҚМГ» АҚ-ның акциялар пакетінің 100%-ын сатып алу-сату шарттары жасалды.
- 2018 жылғы 12 қазанда «ҚазТрансГаз» АҚ және PetroChina International Company Limited уәкілетті ұйымы 5-жылдық келісімшартқа қол қойды, оған сәйкес қазақстандық газды Қытайға экспорттауды жылына 5 млрд м³ мөлшерден 10 млрд м³ дейін арттыру көзделген.
- 2018 жылғы шілдеден бастап қарашаға дейінгі кезеңде №5, №7 компрессорлық станциялары, SCADA жүйесі және «Қазақстан-Қытай» МГ «С» желісінің телекоммуникациялары пайдалануға берілді. Газ құбырының үшінші желісі («С» желісі) пайдалануға берілген сәттен бастап, «Қазақстан-Қытай» МГ өнімділігі жылына 55 млрд м³ дейін жеткізілді.



- 2018 жылғы 11 желтоқсанда «Интергаз Орталық Азия» АҚ Бизнесінің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі «Парыз» конкурсында «Экологияға қосқан үлесі үшін» номинациясында гран-при иегері атанды.
- 2018 жылғы 11 желтоқсанда Ақтөбе облысының Байғанин ауданында «Қожасай» кен орнында заманауи газ өңдеу кешені пайдалануға берілді. Аталған жоба шеңберінде «ҚазТрансГаз» АҚ ұлттық операторы «Қожасай» кен орнынан бастап «Бұхара-Орал» МГ КС-12 дейін, ұзындығы 168 км болатын магистральды газ құбырының құрылысын салды.
- «Бейнеу-Бозой-Шымкент» газ құбырының өткізу қабілеттілігін жылына 10 млрд.м³-тан 15 млрд.м³-қа дейін арттыру бойынша іс-шаралар шеңберінде 2018 жылдың желтоқсан айында «Түркістан», «Арал», «Қорқыт-Ата» үш компрессорлық станциясының құрылысы аяқталды.
- 2018 жылғы 20 желтоқсанда «Азиялық Газ құбыры» ЖШС 800 млн. долл. сомасындағы банк қарызын өтеді, оның 500 млн. долл. мерзімінен бұрын төленді және ол өз кезегінде кредитті өтеу мерзімін екі жылға қысқартуға мүмкіндік берді. «Қазақстан-Қытай» магистральды газ құбырын салу» жобасын іске асыру үшін алынған екі қарыз бойынша берешек сомасы бүгінгі таңда, бастапқыда алынған 10,2 млрд. доллардың 5,2 млрд. долл. құрайды.
- 2018 жылғы 28 желтоқсанда ҚТГ мен «АстанаГаз ҚМГ» АҚ арасында жасалған сатып алу-сату шартына сәйкес, «Сарыарқа» МГ құрылысын салуға арналған ЖСҚ-ны тапсыру жүзеге асырылды (2018 жылғы 18 тамызда жоба бойынша мемсараптама алынды).
- 2018 жылғы 29 желтоқсанда «Интергаз Орталық Азия» АҚ мен «Узтрансгаз» АҚ арасында алғаш рет, Қазақстан Республикасының аумағы арқылы өзбек табиғи газын тасымалдау жөніндегі келісімшартқа қол қойылды, оның шеңберінде 2018 жылғы 31 желтоқсанда «Газли-Шымкент» және «БГР-ТБА» магистральды газ құбырлары бойынша транзиттік жеткізілімдер басталды. Келісімшарт бойынша 1 млрд. м³ дейінгі өзбек газын Ташкент қаласының тұтынушыларына тасымалдау көзделген.
- «ҚазТрансГаз» АҚ Қызылорда қаласында «Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистральды газ құбырының трассасында Орталық диспетчерлік басқарманы пайдалануға енгізді. ОДБ – «ББШ» МГ объектілерінің қауіпсіз және сенімді жұмысы үшін барлық қажетті ақпаратты жинау, өңдеу және жіберу функцияларын орындайтын, жоғары технологиялық, компьютерлендірілген кешен.
- Ұлттық газ операторы «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде газ саласында блокчейн-технологияларды пайдалана бастады. Өз кезегінде олар газ тасымалдау инфрақұрылымына мониторинг жүргізу, сервистік қызмет көрсету және жөндеу үшін және газ есептегіштерді бақылау үшін пайдаланылатын болады.
- «ҚазТрансГаз» АҚ 5 млрд. текше метр қазақстандық газды Қытайға жоспарланған мерзімінен бір ай бұрын экспорттады. Газды Қытайға экспорттық жеткізулер туралы шарт мерзімінен бұрын және толық көлемде орындалды.
- S&P Global Ratings «ҚазТрансГаз» АҚ-ның рейтингін «Тұрақты» болжамымен «BB»-ға дейін көтерді, осыған дейін негізгі компания рейтингін де дәл осылай көтерген болатын. Сондай-ақ, S&P Global Ratings агенттігінде, ҚТГ сауда операциялары көлемінің артуымен, ҚМГ тобы үшін компанияның маңызы да артты деп есептейді. Қазіргі уақытта рейтингтік агенттік, компания бизнесінің

топтың операциялық қызметіне бірігуін және ҚМГ-мен тығыз қаржы байланыстарын ескере отырып, ҚТГ-ны ҚМГ-ның «жоғары стратегиялық мәні» бар еншілес компаниясы ретінде қарастырады.

- Шымкентте қазақстандық газды өзбек газ тасымалдау жүйесі арқылы батыс кен орнынан оңтүстік өңірлерге транзиттік жеткізулер жөніндегі келісімге қол қойды. Іс-шара Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасының Өңіраралық ынтымақтастық форумы шеңберінде өтті.



Газ тарату құбыржолдары бойынша инвестициялық жобалар шеңберінде газдандыру бойынша жұмыстар жүргізілді:

- Қостанай облысының елді мекендерін газдандыруды өрістету бойынша жобаны іске асыру аяқталды. 7 елді мекен газдандырылды (Рудный қ. Қашар кенті, Лисаковск қ. Октябрьский кенті, Қарабалық ауданының Тоғұзақ ауылы, Денисовский ауданының Антоновка, Алчановка ауылдары, Әуликөл ауданының Әуликөл ауылында - газ жеткізу құбыржолдары өткізілді, Рудный қ. – газдандыру жалғасуда). 2 жыл ішінде барлығы 238 км газ құбыржолы салынды, газдандырылған елді мекендерде газ жүйесіне қосылған абоненттердің саны 1,2мың абонентті құрады.
- 2012 жылдан бастап Тараз қаласында газ тарату тораптарын жаңғырту бойынша жоба іске асырылуда. 01.01.2019ж. жағдай бойынша шамамен 862 км жаңа газ құбыржолы салынды және 29 мың абонент газбен жаблықтаудың жаңа жүйесіне қайта қосылды.
- 2015 жылдан бастап Маңғыстау облысының елді мекендерінде газ тарату тораптарын жаңғырту, қайта құру және жаңа газ тарату тораптарының құрылысын салу бойынша жоба шеңберінде, 1322 км газ құбыржолдары салынды және жаңғыртылды, шамамен 1,7 мың жаңа абонент газ тарату жүйесіне қосылды.
- 2018 жылы Алматы қаласын одан әрі газдандыру бойынша жобаны іске асыру, сондай-ақ Алматы қаласының газ тарату жүйелерін жаңғырту, қайта құру

жұмыстары басталды. 2018 жылы Алматы қаласында 95 км жаңа газ құбыр жолдары салынды және 21,4 км газ құбыр жолдары қайта құрылды.

«ҚазТрансГаз» АҚ компаниялар тобының стратегиялық мақсаттары

«ҚазТрансГаз» АҚ және газ саласында қызметтерді жүзеге асыратын оның еншілес және тәуелді ұйымдары, «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ-ның құрамында вертикальды біріктірілген компаниялар тобын құрады.

2018 жылы «Самрұқ-Қазына» АҚ Қазақстан Республикасының ұлттық байлығын арттыру және болашақ ұрпақ үшін ұзақ мерзімді тұрақтылығын арттыру бойынша миссиясымен 2018-2028 жылдарға арналған жаңа Даму стратегиясын әзірледі. Осыған орай, ҚМГ, Қордың 2018-2028 жылдарға арналған Даму стратегиясымен үйлесімділікті қамтамасыз ету үшін 2018 жылдың қазан айында 2028 жылға дейінгі Даму стратегиясын өзекті етті және бекітті. Газды тасымалдау және маркетингін жүргізу саласында келесі стратегиялық міндеттер белгіленді:

№	Бизнес-бастама	Міндеттері
1	Газ қорларының өсімі	<ul style="list-style-type: none"> ҚР ірі мұнай-газ кен орындарында өңделмеген газды қабаттарға кері айдау және ілеспе мұнай газын жағу көлемдерін қысқарту; Тауарлық газдың көлемдерін арттыру мақсатында, ілеспе мұнай газын тасымалдау және қайта өңдеу бойынша инфрақұрылым құрылысын салу.
2	Магистральдық тасымалдау	<ul style="list-style-type: none"> Магистральды газ құбыры жолдарының қолданыстағы қуаттарын жүктеуді қамтамасыз ету; ҚР аумағындағы газ өндірушілерден және басқа мемлекеттердің аумақтарынан ҚТГ-ның магистральды газ құбырларына келетін газдың құрамының және сапалық сипаттамаларының бақылануын қамтамасыз ету; «Бейнеу-Бозой-Шымкент» және «Қазақстан-Қытай» магистральды газ құбырларының («А» және «В» желілері) өткізгіштік қабілеттілігін кеңейту; Қолданыстағы қуаттардың пайдалану коэффициентін арттыру.
3	Өңдеуді/ газ-химияны дамыту	<ul style="list-style-type: none"> Қосымша құны жоғары өнімдерді алу үшін газды тереңнен өңдеу; Ілеспе мұнай газын тауарлық газға өңдеу бойынша қуаттарды құру; Сығымдалған және сұйылтылған түрдегі метанның, дизельдік отынды және автомобиль бензинін алмастыруға арналған дизельдік отын

		ретінде қолданылуын, сондай-ақ шалғайдағы елді мекендерді газдандыру кезінде қолданылуын кеңейту.
4	Газ маркетингі	2019 жылдан бастап газдың Қытайға экспортталуын жылына 10 млрд. м3 дейін арттыру.


«ҚазТрансГаз» АҚ компаниялар тобы қызметінің қаржылық және өндірістік көрсеткіштері




Магистральдық тасымалдау



Газды өткізу




Тауарлық-көлік жұмысы



Газ өндіру

млн. теңге

млн. теңге



ЕТҚ қимасындағы негізгі өндірістік және қаржылық көрсеткіштер

«ҚазТрансГаз» АҚ Корпоративтік орталығының негізгі қызмет түрлері газды сыртқы және ішкі нарықтарда өткізу, сондай-ақ газды өткізу, газ тарату құбыржолдарын тасымалдау және пайдалану бойынша қызметтерді жүзеге асыратын еншілес және тәуелді ұйымдарға жетекшілік ету болып табылады.

ӨНДІРІСТІК КӨРСЕТКІШТЕР

	2016	2017	2018	2017ж. қарай, %
Табиғи газды өткізу, млн. текше м	16 086	17 742	22 916	129%
Ішкі нарық	11 763	12 793	13 999	109%
Экспорт	4 323	4 949	8 917	180%

(Топішілік операцияларды шегермегенде)

«ҚазТрансГаз» АҚ-ның орталық аппараты бойынша топішілік операцияларды алып тастамағанда табиғи газдың өткізімі 2018 жылы 22 916 млн.м3 құрады, оның ішінде экспортқа – 8 917 млн. м3.

Газды ішкі нарық тұтынушыларына жеткізу, қазақстандық жер қойнауын пайдаланушылар ресурстарынан, сондай-ақ «Газпром» КАҚ-пен СВОП-операциялар

шеңберінде жеткізілетін импорттық газдан, «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ арқылы және өзге де газ тарату ұйымдары арқылы өткізу жолымен жүзеге асырылады.

ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР, МЛН.ТГ

	2016	2017	2018	2017ж. қарай, %
Өнімді өткізгеннен және қызметтерді көрсеткеннен түсетін кіріс	501 958	581 757	921 180	158%
Жалпы пайда	153 505	146 964	243 075	165%
Таза пайда	81 395	74 781	155 975	209%

«Интергаз Орталық Азия» АҚ

«Интергаз Орталық Азия» АҚ («ИОА» АҚ) қызметінің негізгі бағыттары магистральды газ құбырлары жүйесі бойынша табиғи газды тасымалдау, жерасты қоймаларында газды сақтау бойынша қызметтер, магистральды газ құбырларын және газ тарату жүйелерін пайдалану және техникалық қызмет көрсету болып табылады.

Табиғи газды тасымалдау Түркістан, Жамбыл, Қостанай, Батыс Қазақстан, Алматы, Маңғыстау, Атырау, Ақтөбе және Қызылорда облыстарының аумақтары бойынша жүзеге асырылады.


Табиғи газды халықаралық тасымалдау «ИОА» АҚ бизнесінің негізгі кірістік құрамдас бөлігі болып табылады.

ӨНДІРІСТІК КӨРСЕТКІШТЕР

	2016	2017	2018	2017ж. қарай, %
Газды тасымалдау көлемі, млн. текше м	66 788	76 564	80 134	105%
Ішкі нарық	12 297	12 916	13 568	105%
Экспорт	13 251	16 710	18 873	113%
Халықаралық транзит	41 240	46 938	47 693	102%

2017 жылмен салыстырғанда ресейлік газ транзитінің және экспорттың артуына байланысты газ тасымалдау көлемдерінің өсімі байқалады.


Табиғи газды тасымалдау көлемі (млн. текше м)



ЖГҚ, млн.м3	2016	2017	2018	Ауытқулар 2018/2017, %
ЖГҚ-дан газды іріктеу	1 274	1 752	1 699	-3%
ЖГҚ-ға газды айдау	2 527	1 369	937	-32%
Сақтаудың 2018 ж. соңындағы жиынтық белсенді көлемі			1 759	

* 2018 жылдағы айдау көлемі 2017 жылғы деңгейден төмен, ол «КазРосГаз» ЖШС-ның 1,75 млрд.м3 көлеміндегі Бозой газының ЖГҚ-дағы газ қорларының болуымен шарттасады.

Тауарлық-тасымалдау жұмыстарының көлемі (млрд. текше м/км)



ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР, МЛН. ТҒ

	2016	2017	2018	2017ж. қарай, %
Өнімді өткізгеннен және қызметтерді көрсеткеннен түсетін кіріс	169 059	185 556	195 111	105%
Жалпы пайда	96 577	106 993	104 750	98%
Таза пайда	57 196	64 586	59 529	92%

«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ

«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ-ның негізгі қызметі – магистральды және газ тарату құбыржолдары арқылы газ тасымалдау бойынша қызметтер көрсету, маркетинг, сатып алу, газды тұтынушыларға өткізу болып табылады.

«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ-ның басымдықты міндеті «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ бар өңірлерде барлық санаттағы тұтынушыларды (тұрғындар, коммуналдық мақсаттағы кәсіпорындар, өніркәсіптік кәсіпорындар) авариясыз, үздіксіз және қауіпсіз газбен жабдықтауды қамтамасыз ету болып табылады.

ӨНДІРІСТІК КӨРСЕТКІШТЕР

	2016	2017	2018	2017ж. қарай, %
Газды тарату арқылы тасымалдау, млн. текше м	9 217	9 597	9 848	103%
Газды магистральдық тасымалдау, млн. текше м	2 600	2 501	2 622	105%
Табиғи газды өткізу, млн. текше м	11 596	11 527	12 378	107%

Газды өткізу көлемдері (млн. текше м)



Табиғи газды өткізу, млн. текше м

Газды тарату арқылы тасымалдау, млн. текше м

Газды магистральдық тасымалдау, млн. текше м

ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР, МЛН. ТҒ

	2016	2017	2018	2017ж. қарай, %
Өнімді өткізгеннен және қызметтерді көрсеткеннен түсетін кіріс	195 324	227 415	242 042	106%
Жалпы пайда	20 967	25 170	23 421	93%
Таза пайда	10 350	12 617	6 466	51%

«Амангелді Газ» ЖШС

«Амангелді Газ» ЖШС-нің қызметінің негізгі түрі газды және газ конденсатын өндіру болып табылады.

ӨНДІРІСТІК КӨРСЕТКІШТЕР

	2016	2017	2018	2017ж. қарай, %
Газ өндіру, млн. текше м.	327	344	349	101%
Газ конденсатын өндіру, тонна	21	21	19	90%

2018 жыл ішінде, өндірістік бағдарламаны, газды және газ конденсатын жоспарлық өндіру көлемі бөлігінде орындау 101% және сәйкесінше 90 % құрады.

ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР, МЛН. ТГ

	2016	2017	2018	2017ж. қарай, %
Өнімді өткізгеннен және қызметтерді көрсеткеннен түсетін кіріс	7 244	12 767	13 010	102%
Жалпы пайда	3 993	9 302	8 707	94%
Таза пайда	1 957	6 126	6 035	99%

Газды және газ конденсатын өткізуден түскен кіріс 13 010 млн. теңгені құрады.

«ҚазТрансГаз Өнімдері» ЖШС

«ҚазТрансГаз Өнімдері» ЖШС-нің негізгі қызметі – көлік қызметтерін ұсыну болып табылады.

ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР, МЛН.ТГ

	2016	2017	2018	2017ж. қарай, %
Өнімді өткізгеннен және қызметтерді көрсеткеннен түсетін кіріс	11 512	11 255	12 916	115%
Жалпы пайда	1 889	1 711	2 268	133%
Таза пайда	231	271	473	175%

Газ-моторлық инфрақұрылымды дамыту

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 29 қарашадағы № 797 қаулысымен Табиғи газды мотор отыны ретінде пайдалануды өрістету жөніндегі 2019 – 2022 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары бекітілді, онда сығымдалған табиғи газды өткізу көлемі бойынша, сығымдалған табиғи газдағы автобустар мен коммуналдық техниканың саны және АГТКС құрылысы бойынша мақсаттық көрсеткіштер көрсетілген.

ҚР Қауіпсіздік Кеңесінің Хатшысы – Президент көмекшісі Г. Байжанов бекіткен, Қазақстан Республикасының Қауіпсіздік Кеңесінің экологиялық қауіпсіздік мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия отырысының 12.12.2018ж. № 2 хаттамасының 4-тармағымен, Инвестициялар және даму министрлігіне, Энергетика министрлігіне, жергілікті атқару органдарына, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ға, «ҚазТрансГаз» АҚ-ға елдің газдандырылған өңірлерінің көлік секторында табиғи газды мотор отыны ретінде пайдалануды өрістету бойынша шараларды қабылдау және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 29 қарашадағы № 797 қаулысымен Табиғи газды мотор отыны ретінде пайдалануды өрістету жөніндегі 2019 – 2022 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарының орындалу барысын бақылауға алу тапсырылды.

2018 жылы жаңа АГТКС-тер құрылысын салу жүзеге асырылған жоқ.

2018 жылы Алматы, Ақтөбе, Қостанай қалаларында АГТКС-тен 19 232 480,03 м3 сығымдалған табиғи газ өткізілді.


2019 жылы тиісті жер учаскелерінің бөлінуіне және тұтынушылық базаның расталуына қарай, жаңа АГТКС-тер құрылысын салу жоспарланып отыр.

Инвестициялық қызмет

Негізгі стратегиялық басымдықтарға және бизнес-бағыттарға сәйкес, «ҚазТрансГаз» АҚ-ның ұзақ мерзімді Инвестициялық бағдарламасы келесі міндеттерді шешуге бағдарланған:

1. Инертті газдарды коммерциаландыру жобасының, жаңа газ кен орындарын толық барлау және пайдалануға енгізу бағдарламасын іске асыру.
2. Газды түпкілікті тұтынушыларға тасымалдау бойынша қызметтердің теңдестірілген, сенімді және тоқтаусыз ұсынылуын қамтамасыз ету.
3. Өндірістік және технологиялық әлеуетті оңтайландыру есебінен, магистральды газ құбырлары жүйесінің сенімділігін, қауіпсіздігін және тиімді пайдаланылуын арттыру мақсатында оларды жаңғырту.
4. ҚР елді мекендерін газдандыру арқылы газбен жабдықтаудың ішкі нарығын өрістету.
5. Қазақстан Республикасының транзиттік және экспорттық әлеуетін дамыту.
6. Ресурстық базаны кеңейту.

2010-2018жж. кезеңінде жаңа инвестициялық жобаларға күрделі қаржы жұмсалымы (млн. теңге)



«АГҚ» ЖШС, «ГБШ» ЖШС, «КазРосГаз» ЖШС бірлесіп-бақыланатын ұйымдарының жобалары ескерілмеген

2018 жылы іске асырылатын жобалар бойынша игерілген инвестициялардың жалпы көлемі 130,5 млрд. теңгені құрады, ол 2017 жылдың ұқсас көрсеткішімен салыстырғанда 48,3 млрд. теңгеге артық. Есептік кезеңдегі инвестициялардың өсімі, ББШ МГ-да үш компрессорлық станцияның құрылысын салу және «Алматы қаласын және Алматы облысының елді мекендерін газдандыру» жаңа инвестициялық жобаларын іске асыру шеңберінде құрылыс-монтаждау жұмыстарының басталуымен байланысты.

2018 жылы келесі инвестициялық жобалар бойынша жұмыстар сәтті аяқталды:

1. «Қазақстан-Қытай» МГ-ның (Нитка С) қуатын арттыру. Газ құбыржолының үшінші желісінің пайдалануға енгізілуімен («С» желісі) «Қазақстан-Қытай» МГ өнімділігі жылына 55 млрд м³ дейін жеткізілді.
2. «Қостанай облысының елді мекендерін газдандыруды өрістету» 7 елді мекен газдандырылды (Рудный қ. Қашар кенті, Лисаковск қ. Октябрьский кенті, Қарабалық ауданының Тоғұзақ ауылы, Денисовский ауданының Антоновка, Алчановка ауылдары,

Әулікөл ауданының Әулікөл ауылында - газ жеткізу құбыржолдары өткізілді, Рудный қ. – газдандыру жалғасуда).

3. Қазақстан Республикасының солтүстік және орталық өңірлерін газдандыру шеңберінде 2018 жылы «Сарыарқа» МГ құрылысын салудың ЖСҚ-сы әзірленді.

2018 жылы келесі жаңа инвестициялық жобаларды **іске асыру басталды:**

1. «Бейнеу-Бозой-Шымкент» МГ-да үш компрессорлық станцияның құрылысы.
2. «Қазақстан-Қытай» МГ-ның («А» және «В» желілері) өнімділігін жылына 40 млрд.м3 дейін арттыру» техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу бойынша жұмыстар басталды.
3. «Бейнеу-Бозой-Шымкент» МГ-ның қуатын жылына 15 млрд.м3 дейін өрістетуге арналған техникалық-экономикалық есепті әзірлеу бойынша жұмыстар басталды.
4. Алматы қаласын газдандыру, Алматы қаласының газ тарату жүйелерін жаңғырту, қайта құру. Жоба қаладағы экологиялық жағдайдың жақсаруына ықпал етеді, газды орташа жылдық тұтынуы 15,8 млн. м3 болатын, шамамен 4,1 мың жаңа абонентті газбен жабдықтауға қосуға мүмкіндік береді.

Тараз қаласының газ тарату жүйелерін жаңғырту Маңғыстау облысын жаңғырту, қайта құру және газдандыру, Ақтөбе облысындағы «Бозой» ЖГҚ-ның қуатын өрісету бойынша инвестициялық жобалар шеңберінде жұмыстарды жалғастыру жоспарлануда,

РЕСУРСТЫҚ БАЗАНЫ ӨРІСТЕТУГЕ БАҒЫТТАЛҒАН ЖОБАЛАР

Қазіргі уақытта ресурстық базаны өрісету мақсатында, келесі инвестициялық жобаларды іске асыру бойынша жұмыстар жүргізілуде:

- «Амангелді газ кен орындары тобын игеру» («Амангелді Газ» ЖШС);
- «Қарағанды көмір бассейнінің көмір қабаттарынан метан өндіру (геологиялық барлау жұмыстары)»;
- «Қансу жобасы».

«Амангелді газ кен орындары тобын игеру» жобасы

Қазақстан Республикасының газ саласын 2010-2014 жылдарға арналған дамыту бағдарламасына сәйкес, республиканың оңтүстік өңірлерінің тұтынушыларын газбен қамтамасыз ету және «ҚазТрансГаз» АҚ-ның энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында, Көмірсутегі шикізатын бірлесіп барлау және өндіру жөніндегі 2000 жылғы 12 желтоқсандағы келісімшарттың негізінде, Жамбыл облысындағы Амангелді газ кен орындары тобын игеруді жалғастыруда.

Жоғарыда аталған келісімшарттың қолданылу мерзімі – 2031 жылға дейін.

Жобаны іске асыру шеңберінде, «Амангелді» кен орнын өнеркәсіптік пайдалану және Амангелді тобының басқа да кен орындарын игеру жүзеге асырылады, атап айтқанда, геологиялық барлау және сейсмикалық жұмыстар, қорларды есептеу, өнеркәсіптік-тәжірибелік пайдалану жобаларын әзірлеу, өндіру ұңғымаларының және кен орнын жайластыру объектілерінің құрылысын салу жобалары. Амангелді газ кен орындары тобындағы табиғи газдың бекітілген шығарылатын қорлары 18 747 млн. м3 құрайды.

2008 жылдың басы кезінен Амангелді кен орны өнеркәсіптік өңдеу сатысына кірісті. Қазіргі уақытта 35 ұңғыма пайдаланылады.

2014 жылғы 27 қарашада Жарқұм кен орны өнеркәсіптік-тәжірибелік пайдалануға енгізілді, өндіру 6 ұңғымада жүргізіледі.

2015 жылғы 12 қарашада барлау кезеңі 2018 жылғы 12 желтоқсанға дейін 3 (үш) жылға ұзартылды.

2018 жылы барлау кезеңі 2021 жылғы 12 желтоқсанға дейін 3 (үш) жылға ұзартылды.

2017 жылғы 28 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі Айрақты кен орнын өнеркәсіптік-тәжірибелік пайдалануға енгізу бойынша келісімшартқа №12 қосымша келісімге қол қойылды.

2014-2015жж. Сұлтанқұдық құрылымында 257,1 кума км көлемінде ЖТНӨ 2D сейсмикалық зерттеулері өткізілді, оның нәтижесінде құрылымның параметрлері және болжамдық ресурстары нақтыланды. Сұлтанқұдық құрылымындағы (Барханная-Сұлтанқұдық учаскесі) іздеу жұмыстары жобасына №2 қосымша» жобасы әзірленді, және құрылымның көмірсутек шикізатының өнеркәсіптік қорларын анықтау бойынша келешегінің болуын нақтылау мақсатында, 2016-2017жж. тереңдігі 4 250 м ұңғыманы бұрғылау жүзеге асырылды.

2018 жылы Анабай кен орнының №12 бағалау ұңғымасының құрылысы аяқталды. Сондай-ақ есепті кезеңде, Барханная-Сұлтанқұдық учаскелерінде және Анабай кен орнында орындалған, МОГТ 2Д және 3Д сейсмикалық барлау жұмыстарының материалдарына қайта өңдеу және қайта талдау жасау орындалды.

Амангелді кен орнында өнеркәсіптік барлау басталғаннан бастап 4,662 млрд. м3 табиғи газ өндірілді және 341,88 мың тонна газ конденсаты, соның ішінде 2018 жылы 308,05 млн. м3 табиғи газ және 18,34 мың тонна газ конденсаты өндірілді.

Жарқұм кен орнында тәжірибелік-өнеркәсіптік пайдалану басталғаннан бастап 59 млн. м3 табиғи газ және 454,8 тонна газ конденсаты өндірілді, оның ішінде 2018 жылы 8,311 млн. м3 табиғи газ және 39,36 тонна газ конденсаты өндірілді.

Айрақты кен орнында 2018 жылы 44,109 млн. м3 табиғи газ және 691,97 тонна газ конденсаты өндірілді.

01.01.2018ж. жағдай бойынша «Амангелді Газ» ЖШС бойынша 4,765 млрд. м3 табиғи газ және 343,03 мың тонна газ конденсаты өндірілді.

«Қарағанды көмір бассейнінде көмір қабаттарынан метан өндіру» жобасы (геологиялық барлау жұмыстары)

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасының шешімімен «Қарағанды көмір бассейнінде көмір қабаттарынан метан өндіру» жобасы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның 2014-2018жж. арналған» инновациялық-технологиялық даму стратегиясын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының инновациялық жобаларының тізбесіне кірді.

2016 жылдың қыркүйек айында Қазақстан Республикасының Энергетика министрі көмір қабаттарынан метанды (КҚМ) барлауды және өндіруді ұйымдастыру жөніндегі Мемлекет басшысының тапсырмасын іске асыру бойынша өзектендірілген іс-шаралар жоспарын (Жол картасы) бекітті. Аталған Жоспарға сәйкес «ҚазТрансГаз» АҚ Жобаның 1-ші кезеңі – Қарағанды көмір бассейнінің Шерубайнұра көмірлі ауданында «Сарыарқа» ӘКК» АҚ жер қойнауын пайдаланушысының келісімшарттық аумағында ҒЗТКЖ шеңберінде геологиялық барлау жұмыстарын жүргізуді жалғастыруда (03.04.2015ж. Келісімге сәйкес).

Қоғам, КҚМ-ды барлау және өндіру мәселелерімен айналысатын, жетекші отандық ғалымдармен және жер қойнауын пайдаланушылармен, сондай-ақ заманауи әлемдік технологиялары және көмір метанын барлау және өндіру тәжірибелері бар шетелдік компаниялармен үнемі кездесулер өткізіп тұрады.

КҚМ-ды геологиялық барлау жұмыстары күрделі ғылыми-техникалық міндет болып саналады, ҒЗТКЖ шеңберінде өткізіледі және келісімшарттық аумақтың газдылығын зерттеуге және КҚМ-ды өндірудің ең оңтайлы технологияларын жасауға бағытталған. ҒЗТКЖ шеңберінде халықаралық тәжірибені ескере отырып, білікті сервистік мердігерлік ұйымдарды және т.б. тарту арқылы ұнғымалар құрылысын салуда, КҚМ дебитін игеруде және қарқындатуда заманауи шетелдік технологияларды/әдістерді пайдаланудың ықтимал нұсқалары сынақтан өткізіліп жатыр.

2015-2017жж. кезеңінде барлау және тәжірибелік-пайдалану ұнғымалары бұрғыланды, газ ағыны алынды. Ұнғымаларға геофизикалық зерттеулер жүргізілді, Corelab (США), NCCBM (КНР), Geokrak (Польша) мамандандырылған зертханаларында кернге далалық және зертханалық зерттеулер жүргізілді. Кернді талдау нәтижелері бойынша Шерубайнұра учаскесінің көмірінің сипаттамалары АҚШ-тың аса ірі кен орындарының (Блэк Варриор – өндірілуі жылына 1,5 млрд.м³) сипаттамаларымен ұқсас екендігі байқалды.

Тәжірибелік-пайдалану ұнғымаларын зерттеулік игеру аяқталды, ұнғымалар уақытша консервацияға енгізілді.

«Бейкер Хьюз Казахстан» ЖШС «Қарағанды бассейнінің Шерубайнұра көмірлі ауданының КҚМ-сын өндірудің және коммерциаландырудың келешегін бағалау» техникалық-экономикалық есебі (ТЭЕ) әзірленді, ТЭЕ нәтижелері бойынша зерттеу жұмыстарын жалғастыру ұсынылды.

2018 жылы Шерубайнұра учаскесінде КҚМ қорларын жедел есептеу» есебін құру бойынша жұмыстар аяқталды, С₂ – 5,7 млрд.м³ категориясы бойынша қорларды ҚР Қорлар жөніндегі мемлекеттік комиссиясының мемлекеттік балансына қою жүзеге асырылды.

ТЭЕ-нің және тәуелсіз техникалық консультанттардың ұсынымдарына сәйкес, геофизикалық зерттеулер кешені өткізіліп, 3 ұнғыманың құрылысы жүргізілді.

КҚМ-ның перспективтілігін толықтай бағалау үшін және өнеркәсіптік метанды шығару бойынша тиімді технологияларды пысықтау үшін, ҚарМТУ жобасы сарапшыларының ұсынымдарын және Baker Hughes, «ҚазТрансГаз» АҚ ұсынымдарын ескере отырып, КҚМ-да зерттеулік геологиялық-барлау жұмыстарын жалғастыру шешімі қабылданды.

2018 жылғы шілдеде, геологиялық барлау жұмыстарын жалғастырудың қажеттілігін ескеріп, ҚМГ ИК-ның (04.07.2018ж. №13-18 хаттама) шешімімен ҚТГ-ның 1 400 млн. теңге мөлшеріндегі меншікті қаражаты есебінен ГБЖ-ны қосымша қаржыландыру мақұлданды.

Қарағанды көмір бассейнінің геологиялық жағдайларын ескере отырып, ҒЗТКЖ шеңберінде, қолданыстағы ұнғымаларды, шеттері горизонтальды болып келетін және горизонтальды учаскелерде қабаттардың көп сатылы ажыраулары (ҚА) өтетін жоғары технологиялық конструкциялардың құрылысы жасалатын болады.

Осы жұмыстарды орындау үшін қазіргі уақытта жобалау құжаттамасын әзірлеу жүріп жатыр, учаскені дала жұмыстарына дайындау орындалды.

Геологиялық барлау жұмыстарының қорытындысы бойынша - ГБЖ жобасының 1-ші кезеңінде ҒЗТКЖ шеңберінде көмір метанының қорларын ҚР мемлекеттік балансына қою арқылы КҚМ қорларын есептеу бойынша есеп құрылатын болады.

Жобаны одан әрі іске асыру туралы шешім геологиялық барлау жұмыстарының нәтижелері бойынша қабылданатын болады (ҒЗТКЖ шеңберінде ГБЖ жобасының 1-ші кезеңінде).

Инвестициялар тарту үшін қолайлы жағдайлар жасау және Қазақстан Республикасы өңірлерінің халқы үшін КҚМ-ның тауарлық газының оңтайлы құнын қалыптастыру мақсатында, ҚТГ 2015-2017жж. кезеңінде уәкілетті мемлекеттік органдармен және ұйымдармен бірлесе отырып, Жол картасына сәйкес КҚМ-ды барлау және өндіру бойынша қызметті мемлекеттік қолдауға бастамашылық ету бойынша жұмыстар жүргізілді:

- 2016 жылы Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының "жасыл экономикаға" көшуі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңға қол қойылды, онда КҚМ-ды өндіру бойынша қызметті мемлекеттік қолдау шаралары, қолданыстағы салықтық және инвестициялық жеңілдіктерді алу бөлігінде бекітілді;

- 2017 жылы «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне қол қойылды, онда көмір қабаттарынан метанды барлау және өндіру бойынша қызметтер реттелген;

- КҚМ-ды өндіру бойынша инвестициялық жобалардың іске асырылуын басымдық қызмет түрлері тізбесіне қосылу құқығын көздейтін, «Инвестицияларды мемлекеттік қолдауды іске асырудың кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 13 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы жобасына арналған ұсыныстар ҚР Үкіметіне енгізілді.

КҚМ бойынша жобаларды одан әрі дамыту мақсатында, инвестор-компаниялармен бірлескен ынтымақтастық жұмыс бойынша келіссөздер жүргізілуде.

«Қансу жобасы»

2015 жылғы 21 қазанда «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (№14/2015 хаттамасы, 17-тармақ) «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның қатысу үлесінің 100%-ын «ҚазТрансГаз» АҚ-ның пайдасына меншіктен шығару туралы мәселесі мақұлданды.

2016 жылғы 19 қаңтарда Жалғыз қатысушының «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-дан «ҚазТрансГаз» АҚ-ға ауысуына байланысты, «КМГ-Қансу Оперейтинг» ЖШС Ақтау қ. Әділет басқармасында қайта тіркеуден өтті.

2016 жылғы 30 мамырда Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және «КМГ-Қансу Оперейтинг» ЖШС арасында Маңғыстау облысында орналасқан Қансу учаскесіндегі көмірсутегі шикізатын барлау жөніндегі 01.10.2013ж. №3949-УВС келісімшартқа Келісімшарт бойынша жер қойнауын пайдалану құқығын беру туралы № 2 қосымша келісімге қол қойылды.

2016 жылғы 22 қыркүйекте ҚР ЭМ-нің Пайдалы қазбаларды барлау және игеру жөніндегі орталық комиссия отырысында қаралды және келісілді және Қансу учаскесінде мұнай мен газға іздеу жұмыстары жобасына №1 қосымша» (бұдан әрі – ІЖЖҚ) жобасы ҚР ЭМ-ге бекітуге қабылданды.

Бекітілген ІЖЖҚ-ге сәйкес 2016-2019 жылдарға арналған Келісімшарттың Жұмыс бағдарламасына өзгерістер енгізілді.

2016 жылғы 1 қазанда Қансу кен орнының геологиялық үлгісін құру бойынша жұмыстар аяқталды. Үш өлшемдік геологиялық үлгілер құрылды және бор дәуірінің және юра дәуірінің қабаттары бойынша бастапқы геологиялық қорларға бағалау жүргізілді.

2016 жылғы 31 қазанда «Қансу» учаскесіндегі қоршаған ортаның қазіргі жай-күйінің аудиті» жобасы бойынша жұмыстар аяқталды. Жұмыстарды жүргізудің жалпы

көлемі «Қансу» учаскесінің келісімшарттық аумағының көлеміне тең және 4374,64 шаршы км құрайды.

2016 жылғы 2 желтоқсанда ҚР ЭМ Жұмыс тобының (ҚР ЭМ Жұмыс тобының №15 хаттамасы) Келісімшартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізуге қатысты отырысы өтті. Аталған отырыстың нәтижелері бойынша, Құзыретті орган оң шешім қабылдады және 2016 жылғы 29 желтоқсанда Келісімшартқа №3 қосымша келісімге қол қойылды.

2017 жылы, мемлекеттік органдарда «Қансу» кен орнындағы қоршаған ортаға әсерді бағалауды қоса алғанда, жобалық тереңдігі 3800 м болатын, R1 іздеу ұңғымасының құрылысына арналған техникалық жоба» әзірленді және бекітілді.


2018 жылы қаржыландырудың болмауына байланысты ГБЖ бойынша жұмыстар жүргізілген жоқ.


Инвесторлардың болмағандығын ескере отырып, ҚТГ-ның Инвестициялық комитеті (бұдан әрі – ИК) 2018 жылғы 31 мамырда өткен отырыстың №21 хаттамасымен «Қансу» инвестициялық жобасынан шығуды алдын ала мақұлдау шешімін қабылдады.


ҚМГ ИК-нің 28.09.2018 ж. отырысының №17-18 хаттамасымен, «Көмірсутек шикізатын барлау және өндіру, Өндіруші активтердің сервистік инфрақұрылымы» дивизионы өткізген сараптаманың нәтижелері бойынша, ӨБТ ҒЗИ-дің пікірін ескере отырып, қорытындыны, түпкілікті шешімді қабылдау мақсатымен, 30.10.2018ж. мерзімге дейін ҚМГ ИК қарауына жолдау тапсырылды.

ЭКСПОРТТЫҚ ГАЗ ҚҰБЫРЖОЛДАРЫНЫҢ ЖОБАЛАРЫ

Экспорттық әлеуетті өрістету мақсатында, келесі инвестициялық жобаларды іске асыру бойынша жұмыстар жүргізілуде:

 «Қазақстан-Қытай МГ қуатын арттыру (1-ші учаске)» («Азиялық Газ құбыры» ЖШС);

 «Бейнеу-Бозой-Шымкент» газ құбырының құрылысы («Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС);

 «БҒР-ТБА» МГ мен «Қазақстан-Қытай» МГ арасында ТІР-02 жалғастырғышында сығу компрессорлық станциясының құрылысын салу («ИОА» АҚ);

 «Бейнеу-Бозой-Шымкент» МГ-да үш компрессорлық станциясының құрылысын салу («ИОА» АҚ).

«Қазақстан-Қытай МГ қуатын арттыру (1-ші учаске)» жобасы

2011 жылғы 27 шілдеде «Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы Үкіметтерінің арасындағы Қазақстан-Қытай газ құбырының құрылысын салудағы және пайдаланудағы ынтымақтастық туралы 2007 жылғы 18 тамыздағы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №2 хаттамаға қол қойылды, оған сәйкес Тараптар «Қазақстан-Қытай» МГ-ның бірінші учаскесінің қуатын жылына 25 млрд. м³ дейін арттыруды жүзеге асыруға келісті, оның жылына 20 млрд. м³ қытайлық тараптың, түркмен және өзбек газының ҚХР-ға транзитін жүзеге асыру мақсатында пайдалануы үшін арналған, ал жылына 5 млрд. м³ қазақстандық тарап үшін, ҚР ішкі нарығының газға қажеттілігін қамтамасыз ету мақсатына, сондай-ақ газдың ҚХР-ға экспортталуының ықтималдығы үшін арналған.

Жобамен, өткізу қабілеттілігі жылына 25 млрд м3 дейін болатын, ұзындығы 1308км магистральды газ құбырының құрылысын салу көзделген.

Жобаны іске асыру мерзімі: 2012-2018 жылдар.

2011 жылғы 26 қыркүйекте ҚМГ, ҚТГ және TAPLine арасында «Қазақстан-Қытай» газ құбырының бірінші учаскесінің «С» желісін жобалауды, қаржыландыруды, құрылысын салуды және пайдалануды ұйымдастырудың негізгі қағидалары туралы келісімге қол қойылды.

2018 жылдың соңындағы жағдай бойынша жоба бойынша келесі негізгі жұмыстар орындалды:

- 2015 жылғы 9 шілдеде газ құбырының желілік бөлігі пайдалануға енгізілді;
- 2015 жылғы 16 шілдеде №6 компрессорлық станциясы пайдалануға енгізілді;
- 2015 жылғы 23 шілдеде №2 компрессорлық станциясы пайдалануға енгізілді;
- 2016 жылғы 3 тамызда №4 компрессорлық станциясы пайдалануға енгізілді;
- 2016 жылғы 10 тамызда №8 компрессорлық станциясы пайдалануға енгізілді;
- 2017 жылғы 30 қарашада №1 компрессорлық станциясы пайдалануға енгізілді;
- 2017 жылғы 22 желтоқсанда №3 компрессорлық станциясы пайдалануға енгізілді;
- 2018 жылғы 30 шілдеде №5 компрессорлық станциясы пайдалануға енгізілді;
- 2018 жылғы 19 қазанда №7 компрессорлық станциясы пайдалануға енгізілді.

Осылайша, 2018 жылы газ құбырының барлық объектілерінің құрылысы аяқталды, осыған байланысты жылына 25 млрд.м3 дейінгі көлемдегі жобалық қуатқа қол жеткізілді. Жоба аяқталды.

Газ құбыры іске қосылғаннан бастап, 2018 жылдың соңындағы жағдай бойынша шамамен 57 млрд.м3 тасымалданды (*орта азиялық газдың транзиті, ҚХР-ге экспорты және ҚР ішкі нарығын қамтамасыз ету*).

«Бейнеу-Бозой-Шымкент газ құбырының құрылысы» жобасы

Жобаның мақсаты – Қазақстан Республикасының оңтүстік өңірлерінің газға қажеттілігін тұрақты негізде қамтамасыз ету, импорттық газдан тәуелділікті төмендету және Қазақстан Республикасының энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Газ құбырының маршруты Маңғыстау, Ақтөбе, Қызылорда және Түркістан облыстарының аумақтары бойынша өтеді және келесі негізгі техникалық сипаттамаларға ие: 1-кезең – 2012-2019жж., өткізу қабілеттілігі жылына 6 млрд. м3 дейін; 2-кезең – 2013-2019жж., өткізу қабілеттілігі жылына 10 млрд. м3 дейін; 3-кезең – 2018-2019жж., нақты ұзындығы 1 450 км (бір желілік орындалуда).

Жобаны іске асыру мақсатында 2010-2017жж. кезеңінде мыналар орындалды:

• Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы Үкіметтерінің арасындағы Қазақстан-Қытай газ құбырының құрылысын салудағы және пайдаланудағы ынтымақтастық туралы 2007 жылғы 18 тамыздағы келісімге (ҰАК) қол қойылды;

• ҚХР Төрағасы Ху Цзиньтаоның Қазақстанға ресми сапары шеңберінде Қазақстан-Қытай газ құбырының құрылысын салудың және пайдаланудың негізгі қағидалары туралы келісімге (ҚТК) қол қойылды;

• 2011 жылғы 18 қаңтарда Жобаны Қазақстан Республикасының аумағында іске асыру мақсатында «Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС бірлескен қазақстандық-қытайлық жобалау компаниясы құрылды;

- 2013 жылғы 2 желтоқсанда Өткізу қабілеттілігі жылына 2,5 млрд. м3 газ болатын «Бозой-Шымкент» учаскесінің желілік бөлігін (311-1453 км), «Бозой» ГИС-ті пайдалануға беру туралы мемлекеттік қабылдау комиссиясының актісіне қол қойылды.

- 2015 жылғы 31 желтоқсанда ҚР ҰЭМ-нің ТМРБж/еТҚҚД-нің №278-ОД бұйрығымен 1000 м3 үшін ҚҚС-сыз 18 071 теңге мөлшеріндегі тауарлық газды 2016 жылғы 1 наурызда қолданысқа енгізе отырып, магистральды газ құбырларымен тасымалдау бойынша тариф бекітілді;

- 2016 жылғы 30 желтоқсанда газды өткізу қабілеттілігі жылына 5 млрд.м3 дейін болатын «Бейнеу-Бозой» учаскесінің желілік бөлігін (0-311км) пайдалану туралы қабылдау комиссиясының актісіне қол қойылды;

- 2017 жылғы 7 қарашада «Бозой» басты компрессорлық станциясын пайдалануға енгізу туралы қабылдау комиссиясының актісіне қол қойылды және газды өткізу қабілеттілігі жылына 6 млрд.м3 дейін болатын өткізу қабілеттілігі қамтамасыз етілді;

- 2017 жылғы 29 қарашада «Қараөзек» желілік компрессорлық станциясын пайдалануға енгізу туралы қабылдау комиссиясының актісіне қол қойылды және газды өткізу қабілеттілігі жылына жобалық 10 млрд.м3 дейінгі мөлшерге жеткізілді;

- тасымалдау басталғаннан бастап 2018 жылдың соңына дейін 17 млрд.м3 газ тасымалданды.

2-ші Кезеңнің трасса бойындағы құрылысты салу бойынша жұмыстары (0-311 км учаске), «Шорнақ», «Қараөзек», «Ақсуат» және «Сексеул» РЭУ және ВП, «Бейнеу» ГӨС, СКАДА жүйесін және Телекоммуникацияларды салу бойынша жұмыстар жалғасуда.

Қолданыстағы «Бозой» компрессорлық станциясын (КС) және «Ақбұлақ» газ өлшеу станциясын (ГӨС) өрістету арқылы, сондай-ақ қосымша үш жаңа компрессорлық станциясын салу арқылы, қуаттың жылына 15 млрд. м3 дейін өрістетілуін ескере отырып (2018-2019жж. кезеңінде), жобаны түзету бекітілді.

Қазіргі уақытта «Қазақ мұнай және газ институты» АҚ (ҚМГИ) және «Мұнай-газ құбырлары жөніндегі Қытай инжинирингтік корпорациясы (СРРЕ) жобалау институттары «Бейнеу-Бозой-Шымкент» МГ-ның өнімділігін жылына 15 млрд м3 дейін арттыру бойынша техникалық-экономикалық есептің әзірлемесін аяқтады. «Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС-де әзірleme нәтижелерінің келісілуі жүргізілуде.

«БГР-ТБА» МГ мен «Қазақстан-Қытай» МГ арасында ТІР-02 жалғастырғышында сығу компрессорлық станциясының құрылысын салу жобасы

Газды ҚХР-ге экспорттау үшін «Қазақстан-Қытай» магистральды газ құбырына беру үшін және Алматы қаласын газбен үздіксіз қамтамасыз ету мақсатында, «БГР-ТБА» МГ-ның өткізу қабілеттігін арттыру және газды «Қазақстан-Қытай» МГ-ға беру үшін ТІР-02 жалғастырғышында СКС-ның құрылысын салу жобасын іске асыру жалғасуда.

Жобаны іске асыру мерзімі – 2016-2019жж.

2018 жылдың соңындағы жағдай бойынша жоба бойынша келесі негізгі жұмыстар орындалды:

- 2017 жылғы 7 қарашада «БГР-ТБА» МГ-ның 2-ші желісінің желілік бөлігін (ЖБ) ішінара күрделі жөндеуден өткізу аяқталды;

- 2017 жылғы 28 желтоқсанда «Ақыр-Тобе» сығу компрессорлық станциясын пайдалануға енгізу туралы қабылдау комиссиясының актісіне қол қойылды және

газды «БГР-ТБА» МГ-ден «Қазақстан-Қытай» МГ-ге беру мүмкіндігі жылына 2 млрд.м3 дейінгі көлемде қамтамасыз етілді;

• Үшінші газ айдау агрегатының құрылысын салу арқылы СКС қуатын жылына 2млрд.м3 мөлшерден 3,5 млрд.м3 дейін арттыру бойынша жобаны түзету бекітілді.

«Бейнеу-Бозой-Шымкент» МГ-де үш компрессорлық станцияның құрылысын салу» жобасы

Жоба «Бейнеу-Бозой-Шымкент» газ құбырының өткізу қабілеттілігін жылына 10 млрд.м3 мөлшерден 15 млрд.м3 дейін арттыру бойынша іс-шаралар шеңберінде іске асырылады.

Жобаны іске асыру мерзімі – 2018-2019жж.

2018 жылы «Түркістан», «Қоркыт-Ата», «Арал» үш компрессорлық станциясының құрылысы аяқталды. 2018 жылғы қарашадан бастап 2019 жылғы қаңтарға дейінгі кезеңде салтанатты түрде іске қосу жүргізілді, іске қосу және реттеу жұмыстары жүргізілуде. Аталған компрессорлық станциялар құрылысының аяқталуын ескерсек, «Бейнеу-Бозой-Шымкент» газ құбырының қуаты жылына 13 млрд.м3 дейін жететін болады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӨНІРЛЕРІН ГАЗДАНДЫРУ ЖОБАЛАРЫ

«Тараз қ. газ тарату жүйелерін жаңғырту» жобасы

Жобаны іске асыру мерзімі – 2011-2019 жж.

Жоба бойынша аз қабатты секторда төмен қысымдағы болат газ құбырларын орташа қысымдағы полиэтилен газ құбырларына ауыстыру, тозған газ құбырларын ауыстыру, аз қабатты құрылыстың тікелей әр тұтынушысында SMART-картасы бар дербес шкафтық газ реттегіш пункттерді орнату, блок типтес газ реттегіш пункттерді орнату көзделген.

Тараз қ. газ тарату жүйесін жаңғырту нәтижесінде өткізу қабілеттілігін 49 мың м3/сағ. дейін арттыру, 101,5 мың м3/сағ. мөлшерден 150,5 мың м3/сағ. дейін арттыру, газдың газ құбырлары арқылы шығып кетуінің техникалық және технологиялық ысыраптарын қысқарту, жақын арадағы 40-50 жылға күрделі жөндеудің пайдалану шығындарын 70%-ға дейін төмендету, қаланың газ тарату жүйесінің қызмет мерзімін 50 жылға ұзарту (полиэтилен газ құбырларының кепілдік мерзімі), газдың рұқсатсыз ойымы және іріктелу ықтималдығын жою жоспарланған.

01.01.2019ж. жағдай бойынша Жобамен игерілген инвестициялардың көлемі ҚҚС-ты есептемегенде 17,6 млрд. теңгені немесе бекітілген құнның 91%-ын құрады. Жоба іске асырылғаннан бастап 29 мың абонент қайта қосылды, 861,75 км жаңа газ құбырлары салынды, 19 517 шкафтық пункттер, 27 шкафтық газ тарату пункттері, 1 газ реттегіш блоктық пункт орнатылды.

Ескі жерүстілік болат газ құбырларын жер астында орналасатын төзімді полиэтиленді құбырларға ауыстыру желілердің сенімділігі мен қауіпсіздігін арттырып қоймай, Тараз қ. бірегей сәулеттік кейпін сақтап қалуға мүмкіндік берді.

«Маңғыстау облысының елді мекендерінде газ тарату тораптарын жаңғырту, қайта құру және жаңа газ тарату тораптарының құрылысын салу» жобасы

Инвестициялық жобаға 2015 жылы, Маңғыстау облысы әкімдігінің, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және «ҚазТрансГаз» АҚ арасында жасалған Маңғыстау облысының газдандыру объектілерінің құрылысын салу, жаңғырту және қайта құру жобаларын іске асыру бойынша ұзақ мерзімді және өзара тиімді ынтымақтастыққа қатысты 05.02.2015ж. жасалған Өзара түсіністік және ынтымақтастық туралы меморандум шеңберінде бастамашылық жасалды.

Жоба қызметтердің сенімділігін жақсарту және сапасын арттыру, өнімділіктің жеткіліксіздігінен тұтынушылар үшін газдың жеткіліксіздігін жою және газ желілерінің қанағаттанарлықсыз техникалық жай-күйін жою мақсатында, Маңғыстау облысының газ желілерін жаңғыртуға және қайта құруға, сондай-ақ құрылысын салуға бағытталған.

Жоба шеңберінде жаңа газ тораптарының құрылысын салу, жоғары, орташа және төмен қысымдағы газ құбырларының, Жаңаөзен қаласында үш АГТС-ты орнату арқылы жеткізуші жоғары қысымды газ құбырларының, АГТС-ты орнату арқылы Окарем-Бейнеу МГ-ден Шетпе ауылына дейін бұрма газ құбырының, ауыларалық газ құбырларының, жоғары және орта қысымдағы жеткізуші жерасты газ құбырларының, сондай-ақ төмен қысымдағы ауылішілік газ құбырларының құрылысын салу көзделген.

01.01.2019ж. жағдай бойынша Жобамен игерілген инвестициялардың көлемі ҚҚС-ты есептемегенде 23,9 млрд. теңгені немесе бекітілген құннан 98% құрады.

Есеп беру күні барлығы 1322,455 км газ құбыры салынды және жаңғыртылды, автоматтандырылған газ тарату станцияларының 6 жиынтығы орнатылды, 34 шкафтық газ тарату пункті, 41 блоктық газ тарату пункті орнатылды. 5 елді мекен (Мұнайлы ауданының Батыр тұрғын алабы, Маңғыстау ауданының Жарма және Басқұдық ауылдары, Бейнеу ауданының Боранкөл ауылы, Бейнеу ауданы Бейнеу ауылындағы 18 көше, Бейнеу ауданы Боранкөл ауылындағы 2 кіші ауыл) газдандырылды, 1,7 мың жаңа абонент қосылды.

2019 жылы Жобаны іске асыруды аяқтау жоспарланып отыр.

«Қостанай облысының елді мекендерін газдандыруды өрістету» жобасы

Инвестициялық жобаға Қостанай облысының әкімдігі, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және «ҚазТрансГаз» АҚ арасында 2015 жылғы 17 қарашада жасалған ынтымақтастық туралы үшжақты меморандумға сәйкес 2016 жылы бастамашылық етілді.

Жоба ағымдағы жылы аяқталды. Инвестициялардың жалпы құны ҚҚС-ты есептемегенде 6,8 млрд. теңге. Жоба шеңберінде 237,889 км жаңа газ құбырлары салынды, 1 автоматтандырылған газ тарату станциясы, 11 блоктық газ реттегіш пункттері, 4 шкафтық газ тарату пункттері орнатылды. 7 елді мекен газдандырылды (Рудный қ. Қашар кенті, Лисаковск қ. Октябрьский кенті, Қарабалық ауданының Тоғұзақ ауылы, Денисовский ауданының Антоновка, Алчановка ауылдары, Әуликөл ауданының Әуликөл ауылы – жеткізуші газ құбыры төселді, Рудный қ. – газдандыру жалғасуда).

Газдандырылған елді мекендердегі жүйеге қосылған абоненттердің саны 1,2 мың абонентті құрады, оның ішінде 934 жеке үй, ірі панельді үйлерді 250 пәтер.

«Алматы қаласын газдандыру, Алматы қаласының газ тарату жүйелерін жаңғырту, қайта құру» жобасы

Жобаға 2018 жылы бастамашылық етілді, қолданылу мерзімі: қоса алғанда 2021 жылға дейін. Жоба бойынша қазіргі уақытқа дейін газбен жабдықтау жүйесіне

қосылмаған, Алматы қаласының жеке үйлерін қоса алғанда, тұрғын аудандарын/учаскелерін газдандыру, сондай-ақ Алматы қаласының қолданыстағы газ тарату жүйелерін қайта құру көзделген. Жоба қаладағы экологиялық жағдайды жақсартуға ықпал етеді, газды орташа жылдық тұтынуы 15,8 млн.м³ болатын шамамен 4,1 мың жаңа абонентті газбен жабдықтауға қосуға мүмкіндік береді.

2018 жылы Алматы қаласында 21,4 км газ құбырлары және 10 шкафтық газ реттегіш пункттер қайта құрылды. Жоба шеңберінде газдандыру және жаңа абоненттерді қосу 2019 жылдан басталады деп жоспарлануда.

Инновациялар

«ҚазТрансГаз» АҚ-ның инновациялық дамуын іске асыру шеңберінде және бірыңғай корпоративтік және салалық ғылыми-техникалық, инновациялық саясаттың қалыптасуын және іске асырылуын қамтамасыз ету, сондай-ақ ҚТГ компаниялар тобы бойынша қызметтің ғылыми-техникалық қамтамасыз етілуін жетілдіру мақсатында Ғылыми-техникалық кеңес (ҒТК) жұмыс істейді.

ҒТК-де инновациялық, ғылыми-техникалық сипаттағы ұсыныстар, ҚТГ-ның құрылымдық бөлімшелерінің өндірістік-техникалық даму бағдарламалары, сондай-ақ ҚТГ компаниялар тобы үшін маңызды техникалық-экономикалық мәнге ие әзірлемелер бойынша есептер қаралады.

2018 жылы ҚТГ ҒТК-ның 8 (сегіз) отырысы ұйымдастырылды.

14 мәселе, оның ішінде инновациялық құраушысы бар 10 мәселе қаралып, мақұлданды:

1. Құбырларды күрделі жөндеу мен қайта құрудың тиімді тәсілі ретіндегі полиэтилен тармақтарын тығыз қиыстырып келтіру әдісімен құбыр жолдарына санация жасау технологияларын қарастыру.

2. Магистральдық және кәсіптік құбыр жолдарын жөндеулің композиттік-муфталық технологияларын қарастыру.

3. Магистральды газ құбырларының әлсіз тоқты катодтық қорғау станциялары арқылы электр-химиялық қорғауын қарастыру.

4. Катодтық қорғаудың модульдік станцияларынан, сондай-ақ тоқты бақылау және қорғаныс әлеуетін қорғау құрылғыларынан тұратын «Аналитик» электр-химиялық қорғаудың кешендік мониторингі жүйесін қарастыру.

5-6. Пайдалану барысында шығындарды қажет етпейтін, жоғары сапалы шарлы крандарды, ҚТГ компаниялар тобының жаңа және ағымдағы жобаларында пайдалану мүмкіндігін қарастыру (әртүрлі екі компаниядан ұсыныстар алу).

7-8. Кабельдік-өткізгіштік өнімдерді ҚТГ компаниялар тобының жаңа және ағымдағы жобаларында пайдалану мүмкіндігін қарастыру (әртүрлі екі компаниядан ұсыныстар алу).

9. Инновациялық оқшаулағыш материалдарды ҚТГ компаниялар тобының жаңа және ағымдағы жобаларында пайдалану мүмкіндігі туралы ұсыныстарды қарастыру.

10. Қазақстанда шығарылатын заманауи жабындардың көмегімен, мұнай-газ кешені объектілерін тоттанудан қорғау технологияларын қарастыру.

Отырыс нәтижелері бойынша ҒТК мүшелері ұсынылған презентациялық материалдарды назарға алды, сондай-ақ аса тиімді технологияларын қолдану бойынша және іске асырылатын және перспективтік жобалардағы өнімдерді пайдалану бойынша ҚТГ ЕТҚ-ның ұсынымдары берілді.

ҒТК жұмысының шеңберінде сондай-ақ ҚТГ компаниялар тобының өндірістік қызметінің мәселелері қаралды:

1. «Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистральды газ құбырының өткізгіштік қабілеттілігін жылына 15 млрд. м3 дейін арттыру жобасы шеңберінде «Ақбұлақ» ГӨШ-ті өрістетуге туралы мәселені қарастыру.

2. «Сары-Арка» МГ-ны қосуды ескере отырып және «Сары-Арка» МГ құрылысының I-кезеңінде шындық мерзімде газды 622 тыс.нм3/сағ. дейін жоспарланған іріктеумен, газды «Бейнеу-Бозой-Шымкент» МГ бойынша тасымалдау режимін қарастыру.

3. «Орта Азия-Орталық» МГ және «Мақат-Солтүстік Кавказ» МГ бойынша турбокомпрессорлық цехтарды, компрессорлық станцияларды және газ құбырларының желілік бөлігін пайдаланудан шығару кестесін қарастыру.


4. ГТЖ объектілерінде газдың шығып кетуін анықтау үшін «АРАЙ-АЛМА» аэромобильді диагностикалық кешенін (бортында «ДЛС Пергам-ALMA-G4 mini» метан эмиссиясының дистанциялық лазерлік детекторы орнатылған «Арай» CH 801HD EW жеңіл моторлы ұшағы) пайдалану туралы мәселе қаралды.

ҒТК жұмысының нәтижелері бойынша 2019 жылы инновациялар бойынша, «ҚазТрансГаз» АҚ компаниялар тобының жаңа және ағымдағы жобаларында апробациялау және кейіннен енгізу мақсатымен «Ақшабұлақ-Қызылорда» МГ-да (41 км) «Аналитик» катодтық қорғанысының модульдік станцияларымен «Аналитик» электр-химиялық қорғаныстың кешендік мониторингі жүйесіне тәжірибелік-өнеркәсіптік сынақ жүргізу жоспарланған. Орындалу мерзімі: 2019 жылдың 2-3 тоқсандары.

«ҚазТрансГаз» АҚ-ның мүдделілігі бар мәмілелер

Жасалуына Қазақстан Республикасының Заңымен ерекше талаптар белгіленген, «Самрұқ-Қазына» АҚ тобына кіретін ұйымдар арасында мәмілелер жасау қағидаларына сәйкес, есептік кезең ішінде, Басқарма жасалуында мүдделілік бар «ҚазТрансГаз» АҚ-ның мәмілелелері бойынша 24 шешім қабылдады.

Активтердің құрылымы



Дамудың негізгі бағыттары

Компанияның 2019 жылға арналған жоспарлары

Құйылған инвестициялар қайтарылғаннан кейін, «ҚазТрансГаз Бішкек» ЖШҚ-ны жою;

«Қарағанды көмір бассейнінің көмір қабаттарынан метан өндіру» жобасының ҒЗТКЖ шеңберінде геологиялық барлау жұмыстарын жалғастыру;

«Қансу» жобасынан шығу;

«Қазақстан-Қытай» МГ-ның А және В желілерінің өткізгіштік қабілеттілігін жылына 40 млрд.м3 дейін арттыру» жобасы бойынша техникалық-экономикалық негіздеменің және жобалау-сметалық құжаттаманың әзірлемесін аяқтау;

«Бейнеу-Шымкент» МГ-ның өткізгіштік қабілеттілігін жылына 10 млрд м3 мөлшерден 15 млрд м3 дейін арттыру бойынша жобаны іске асыруды жалғастыру (іске асырылуы 2019-2020 жылдар);

«Ақыртөбе» СКС-ның 2-ші іске қосу кешенінің (3-ші газ айдайтын агрегаттың) құрылысын аяқтау;

«Бейнеу-Бозой-Шымкент» МГ-ның «Қорқыт ата» компрессорлық станциясының құрылысын аяқтау;

«Бейнеу-Бозой-Шымкент» МГ-дағы «Ақбұлақ» ГӨШ-ті қайта құруды аяқтау;

«Тараз қаласының газ тарату желілерін жаңғырту» жобасының іске асырылуын аяқтау;

«Маңғыстау облысының елді мекендерінде газ тарату тораптарын жаңғырту, қайта құру және жаңа газ тарату тораптарының құрылысын салу» жобасын іске асыруды аяқтау;

«Бозой» ГЖҚ-ны қайта құру» жобасының №5 және №2 жинау пункттерін қайта құруды аяқтау;

Алматы қаласының жеке үйлерін қоса алғанда, тұрғын аудандарын/учаскелерін газдандыру бойынша 288 км газ құбырларының құбырларының құрылысын аяқтау, Алматы қаласының қолданыстағы газ тарату жүйелерін қайта құру және жаңғырту.

Тәуекелдерді басқару

ҚТГ-ның, оның еншілес ұйымдарының және тәуелді қоғамдарының қызметі өндірістік және өндірістік емес тәуекелдердің әсеріне ұшырағыш болады. ҚТГ – Топтың стратегиялық және жедел мақсаттарына қол жеткізуге, сондай-ақ Топтың құнына және беделіне әсер етуі мүмкін тәуекелдер деңгейін төмендету бойынша шараларды бағалауға және қабылдауға, уақтылы сәйкестендіруге бағытталған корпоративтік басқару жүйесінің басты компоненттерінің бірі ретіндегі тәуекелдерді басқарудың маңыздылығын түсінеді.

ҚТГ-ның тәуекелдерін басқарудың мақсаты – бизнестің стратегиялық және жедел тұрақтылығындағы орынды сенімділікті қамтамасыз ету болып табылады.

«ҚазТрансГаз» АҚ компаниялар тобының 2018 жылғы тәуекелдерін басқару бағдарламасы

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өткізетін, тәуекелдерді басқарудың вертикальды процесін енгізу шеңберінде, ҚТГ Компаниялар тобының тәуекелдерін сәйкестендіру, бағалау және мониторингін жүргізу Тәуекелдерді басқарудың автоматтандырылған жүйесінде өткізіледі (risk.kmg.kz) (бұдан әрі – ТБАЖ).

2018 жылғы 1 ақпан – 30 наурыз аралығында ҚТГ-ның және оның еншілес ұйымдарының тәуекел-үйлестірушілеріне және тәуекел-менеджерлеріне ТБАЖ-дағы жұмыс және оның негізгі талаптары бойынша оқытулар жүргізілді, 2018 жылғы 17-18 мамыр аралығында ҚТГ-ның бірлесіп бақыланатын ұйымдарының тәуекел-үйлестірушілеріне және тәуекел-менеджерлеріне ТБАЖ-дағы жұмыс және оның негізгі талаптары бойынша оқытулар жүргізілді.

ҚТГ-да және оның ЕТҚ-да құрылымдық бөлімше және/немесе тәуекелдерді басқару жөніндегі жауапты тұлға Компанияның бірінші басшысына бағынады.

2018 жылғы 2 тамыз – 1 қазан аралығында ҚТГ-ның барлық құрылымдық бөлімшелерінің және оның ЕТҚ-сының басты жұмыскерлеріне тәуекелдерді басқару мәселесі бойынша сұхбаттасулар өткізілді:

1) ҚТГ компаниялар тобының мақсаттарына қол жеткізуге әсер етуі мүмкін тәуекелдерді сәйкестендіру;

2) тәуекел іске асырылған жағдайда, залалдың әлеуетті мөлшері анықталды.

Төменде Компания қызметіне елеулі әсер ететін ҚТК-ның және оның ЕТҚ-сының басты тәуекелдері келтірілген.

ҚТК-да 65 тиесілі тәуекел сәйкестендірілген, оларға ҚТК-ның және оның ЕТҚ-сының Тәуекелдердің бірыңғай жіктеуішіне сәйкес тәуекелдер кодтары берілген, тәуекелдердің иелері анықталды және тәуекелдерді барынша азайту жоспарлары әзірленді.

ҚТК компаниялар тобы бойынша 21 басты тәуекел сәйкестендірілді және ҚТГ-ның Басты тәуекелдерінің картасында бейнеленді.

Газды сатып алу-сату (экспорт) шарты шеңберінде газды жеткізу бөлігінде міндеттемелерді орындамау тәуекелі

Тәуекелдің туындауы бірнеше факторлармен шарттасады:

1. Ішкі нарықта тұтынудың артуы;
2. Сатып алушы тарапынан газды қабылдаудан бас тарту;
3. Өнім беруші тарапынан міндеттемелердің орындалмауы.

Кәсіпкерлік қызметті жүргізуге қойылатын талаптардың заңнамалық өзгеруі.

Аталған тәуекелді іске асыруға келесі факторлар әсер етеді:

КТГӨ кәсіпкерлік қызметін (өндірістік-коммерциялық) жүзеге асыруға шектеу. Өзге ұйым бизнесіндегі қатысу үлесінің 50%-дан артық мөлшерін тапсыру. Холдингішілік кооперацияның болмауы. Басты серіктестен тәуелділікпен байланысты белгісіздіктер - ҚТГ компаниялар тобымен және «Самрұк-Қазына» ҰӨҚ» АҚ-мен (Қор) нарықтық қатынастарға ауысу, ҚТГ компаниялар тобы мен Қор ортақ негізде өткізетін, автокөлікті және арнайы техниканы жалдау қызметтері бойынша тендерлерге қатысу. Топтың және Қордың тендерлеріне қатысу кезінде Холдинг шеңберінде бәсекелестікті күшейту - Қорда ірі сервистік автокөлік компанияларының болуы.

Басты серіктестен тәуелділікпен байланысты белгісіздіктер («Газпром» КАК)

Аталған тәуелділікті іске асыру келесі факторлармен шарттасады:

№	Тәуекел-фактордың атауы	Залал, мың теңге	
		Тиесілі	Қалдық
1	278. Банк-контрагенттердің өз міндеттемелерін орындамауы	10 000 000	10 000 000
2	248. Салық заңнамасы талаптарының сақталмауы	5 000	5 000
3	242. Компанияның қолданылатын құқық талаптарын сақтамауы	193	193
4	297. Тарифтік реттеу саласындағы уәкілетті органның шешімдер қабылдауы	16 369 740	0
5	312. Стратегиялық серіктес елдердегі саяси режимдердің өзгеруі	11 764 000	0
6	328. Салық заңнамасына өзгерістер енгізу	6 256	0
7	242. Компанияның қолданылатын құқық талаптарын сақтамауы	240	0
8	225. Қаржылық/ қаржылық емес ковенанттардың орындалмауы	300 000 000	0

«ҚазТрансГаз» АҚ-ның тәуекел-мәдениетін жетілдіру

1. Комитеттің тәуекелдер бойынша жұмысы күшейтілді, ҚТГ-ның және оның ЕТҚ-ларының мақсаттарға қол жеткізулеріне кері әсер етуі мүмкін барлық қолданыстағы оқиғалар ҚТГ және ЕТҚ-ның Тәуекелдер жөніндегі комитеттерінің отырыстарында алқалық түрде қаралады.

2. ҚТГ компаниялар тобының тәуекелдерін сақтандыру арқылы қорғауды ұйымдастыру бойынша жұмыстар жүргізілді. Тәуекелдерді қорғау бойынша оқыту тренингі ұйымдастырылды.

3. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның Газды тасымалдау және сақтау жөніндегі басқарушы директоры қызметінің басты көрсеткіштеріне (ҚБК) енгізілген «Тәуекелдерді басқарудың вертикальды процесін енгізу» іс-шарасы 100%-ға орындалды.

4. Қаржылық тәуекелдер бойынша есептілік пакеті қалыптастырылды – төмендегілер бойынша тоқсан сайынғы мониторинг жүргізілуде:

- елдің тәуекелдері бойынша лимиттердің сақталуы;
- банк-контрагенттерге қатысты міндеттемелер бойынша лимиттер;
- валюталық тәуекелдер;
- валюталар қимасындағы пайыздық алшақтықтар.


Кіріктірілген менеджмент жүйесі

«ҚазТрансГаз» АҚ-ның және оның еншілес және бірлесіп бақыланатын ұйымдарының басшылығы, стратегиялық құжаттарды басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы үшін стратегиялық пайданы және экономикалық және әлеуметтік бастамаларды қолдауға бағытталған стратегиялық басымдықтарды анықтады.












ҚТГ компаниялар тобы басқаруды, қызметтің сапалы деңгейі кәсіпорын кірісінің артуына, персоналдың материалдық әл-ауқаты деңгейінің көтерілуіне, серіктестер мен жеткізушілердің іскерлік мүмкіндіктерінің өсуіне көмек көрсету арқылы барлық мүдделі тараптардың талаптары мен үміттеріне сәйкес келетіндей етіп ұйымдастыруға ұмтылады. Бұл ретте ҚТГ компаниялар тобы персоналдың қауіпсіз еңбек жағдайын қамтамасыз етуге, қоршаған ортаға келетін кері әсердің алдын алуды қамтамасыз етуге ұмтылады.

ҚТГ компаниялар тобының негізгі қызмет қағидалары мыналар болып табылады: сапаны арттыру; қоршаған ортаға келетін кері әсердің алдын алу; кәсіптік тәуекелдерді төмендетуді қамтамасыз ету.

ҚТГ компаниялар тобы өз қызметінде PDCA әдістемесін пайдаланады. Аталған әдістеме басшының процесті басқаруы және оның мақсаттарына қол жеткізуі бойынша қарапайым әрекеттер алгоритмі болып табылады. Басқару циклы жоспарлаудан басталады.



«ҚазТрансГаз» АҚ компаниялар тобы бойынша менеджмент жүйелері саласындағы 2018 жылы іске асырылған іс-шаралар бойынша ақпарат

Өткізілген іс-шаралар	Сертификаттар
«ҚазТрансГаз» АҚ	
<ul style="list-style-type: none">  Ішкі құжаттар өзектендірілді.  2018 жылға арналған Бағдарламаға сәйкес ҚТГ тобында МКЖ саласында ішкі аудиттер рәсімі өткізілді.  Менеджмент жүйесіне жауапты жұмыскерлерге оқыту жүргізілді.  «Мойындалған жетілгендік» 3 жұлдыз деңгейінде Еуропалық жетілгендік үлгісінің сыртқы бағалауынан (ассесмент) өтті.  ISO 9001:2015, ISO 14001:2015, OHSAS 18001:2011 стандарттары талаптарына сәйкестікке МКЖ-нің 2-ші қадағалау аудитінен өтті. 	
«Интергаз Орталық Азия» АҚ	
<ul style="list-style-type: none">  «ҚазТрансГаз» АҚ ұйымдастырған МКЖ ішкі аудитінен өтті.  ISO 9001:2015, ISO 14001:2015, OHSAS 18001:2011, ISO 50001:2011, ISO 27001 стандарттары талаптарына сәйкестікке МКЖ-нің сыртқы аудитінен өтті.  «Мойындалған жетілгендік» 5 жұлдыз деңгейінде Еуропалық жетілгендік үлгісінің сыртқы бағалауынан (ассесмент) өтті  «Парыз» бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі конкурсының «Экологияға қосқан үлесі үшін» 	

номинациясында гран-при иеленді.

«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ

Өндірістік филиалдарда КМЖ-нің ішкі аудиті өткізілді.

«ҚазТрансГаз» АҚ ұйымдастырған, КМЖ-нің ішкі аудиті өткізілді.

Негізгі бизнес-процестердің нәтижелілігін арттыру мақсатында КМЖ-ны жетілдіру бойынша консультациялық-әдістемелік қызметтер өткізілді, сондай-ақ «Quality Innovation-2018» халықаралық жобасының талаптарына сәйкес инновациялық менеджмент жүйесін әзірлеу және енгізу, сондай-ақ оны қолданыстағы МКЖ-мен біріктіру жүргізілді.

ISO 9001:2015, ISO 14001:2015, OHSAS 18001:2007, ISO 50001:2011 халықаралық стандарттарына сәйкестікке МКЖ-нің қадағалау аудитінен өтті.



«Амангелді Газ» ЖШС

ISO 9001:2015, ISO 14001:2015, OHSAS 18001:2011 стандарттары талаптарына сәйкестікке МКЖ-нің 2-ші қадағалау аудитінен өтті.

«Мойындалған жетілгендік» 3 жұлдыз деңгейінде Еуропалық жетілгендік үлгісінің сыртқы бағалауынан (ассесмент) өтті.

Жарқұм кен орнының ілеспе факельді газын жағуға рұқсат алынды.

OHSAS 18001 шеңберінде, денсаулықтың жай-күйін жақсарту үшін «сауығуға 10 қадам» қалта кітапшалары әзірленді.

Серіктестікте МКЖ-ні және «EFQM-2013» іскерлік жетілгендік үлгісін дамыту



бойынша консалтингтік қызметтер өткізілді.

Экологиялық аспектілер тізілімі қайта қаралды.

«Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС

Серіктестіктің ішкі нормативтік құжаттары өзектендірілді.

Менеджмент жүйесіне жауапты жұмыскерлерге оқыту жүргізілді.

Экология, еңбекті қорғау салаларында НҚА мен НТҚ-ның қолданыстағы талаптарына сәйкестікке жоспарлы бағалау жүргізілді.

ISO 9001:2015, ISO 14001:2015, OHSAS 18001:2007 стандарттарының жаңа талаптарына сәйкес МКЖ-нің ішкі аудиті өткізілді.

ISO 9001:2015, ISO 14001:2015, OHSAS 18001:2007 халықаралық стандарттары талаптарына сәйкестікке МКЖ-нің бірінші қадағалау аудитінен өтті.

«ҚазТрансГаз» АҚ және «Тарline» компаниялары ұйымдастырған МКЖ ішкі аудиттері өткізілді.

Түзетуші әрекеттердің және тәуекелдерге ден қою әрекеттерінің нәтижелілігін бағалау өткізілді.



«Азиялық Газ құбыры» ЖШС

Серіктестіктің ішкі нормативтік құжаттары өзектендірілді.

Менеджмент жүйесіне жауапты жұмыскерлерге оқыту жүргізілді.

ISO 9001:2015, ISO 14001:2015, OHSAS 18001:2007 стандарттарының жаңа талаптарына сәйкес МКЖ-нің ішкі аудиті өткізілді.

«ҚазТрансГаз» АҚ және «Тарline» компаниялары ұйымдастырған МКЖ ішкі аудиттері өткізілді.

ISO 9001:2015, ISO 14001:2015, OHSAS 18001:2007 халықаралық стандарттарының жаңа талаптарына сәйкес МКЖ-нің сертификатталған аудитінен өтті.



«ҚазТрансГаз Өнімдері» ЖШС

ISO 9001:2015, ISO 14001:2015, OHSAS 18001:2011 стандарттары талаптарына сәйкестікке МКЖ-нің 2-ші қадағалау аудитінен өтті.

«Мойындалған жетілгендік» 3 жұлдыз деңгейінде Еуропалық жетілгендік үлгісінің сыртқы бағалауынан (ассессмент) өтті



«КазРосГаз» ЖШС

Тәуекелдерді басқару бойынша бизнес-процестердің енгізілуіне байланысты ішкі құжаттарға өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.



ISO 9001:2015 халықаралық стандарттары талаптарына сәйкестікке МКЖ-нің екінші қадағалау аудитінен өтті.



2018 жылғы 11 желтоқсанда, ҚТГ тобының еншілес ұйымы «Интергаз Орталық Азия» АҚ «Парыз» бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі конкурсында, «Экологияға қосқан үлесі үшін» номинациясында гран-при иегері атанды.



ҚТГ компаниялар тобы бойынша менеджмент жүйесі саласындағы сертификаттардың болуы туралы ақпарат





Қоршаған ортаны қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау

Энергетикалық ресурстарды пайдалану және энергия үнемдеу

«ҚазТрансГаз» АҚ-ның міндеттерінің бірі, еншілес және тәуелді ұйымдар қызметінің «Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкестікке мониторинг жүргізу болып табылады.

«ҚазТрансГаз» АҚ энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саясатын жүргізеді. Газды тасымалдау, тарату, өндіру және жер астында сақтау бойынша ҚТГ компаниялар тобының энергия тиімділігін арттыру саласындағы қызметінің бағыттары ЕТҚ-ның энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы іс-шараларында белгіленген.

Энергия үнемдеу саясатының негізгі міндеттері:

- Энергия үнемдеу әлеуетін іске асыру және энергия үнемдеуді басқаруды жетілдіру;
- Қоршаған ортаға келетін техногендік жүктеменің төмендеуін қамтамасыз ету үшін инновациялық технологияларды және жабдықтарды пайдалану.

ҚТГ компаниялар тобы бойынша энергия үнемдеу бойынша 2019 жылға арналған негізгі іс-шаралар:

- КС компрессорлық станцияларының жүктелуін оңтайландыру;
- КС электр станцияларының жүктелуін оңтайландыру;
- Электр жетекті газ айдаушы агрегаттардың жұмыс режимдерін, компрессорлық станциялардың жұмыс режимі бойынша электрмен жабдықтау схемаларын оңтайландыру, соның ішінде турбокомпрессорлық цехтардың резервтік қоректендіретін күштік трансформаторларын өшіру;
 - Жаңа буындағы катодтық станцияларды орнату (тозғандарының орнына);
 - Су жылытатын қазандарды энергиялық тиімді қазандарға ауыстыру арқылы «Ақыртөбе» ЖГК, «Редут» КС қазандықтарын қайта құру;
 - Қазандықтарын қайта құрған кезде қуаты аз электр қозғалқыштары бар Wilo энергиялық тиімді желілік сорғыларын пайдалану;
 - «Амангелді Газ» ЖШС-ның өнеркәсіптік алаңының жарықтандыру желісін қоректендіру үшін жалпы қуаты 10 кВт болатын күн сәулесі панельдерін орнату.

Энергия тиімділігі көрсеткіштерін жақсарту, газды тасымалдаудың оңтайлы режимдерін пайдаланумен және энергия үнемдеу бойынша іс-шараларды өткізумен шарттасады.

ҚТГ компаниялар тобы бойынша отын-энергетикалық ресурстарды (ОЭР) тұтыну көлемі 2018 жылы: 2017 жылмен салыстырғанда – 1303910,9 тонна шартты отын (т.ш.о.) (124,4 млн. кВт/сағ., 942392,9 мың текше м), 34,8%-ға артып, 1758627,0 т.ш.о. (119,7 млн. кВт/сағ., 1474175,3 мың текше м) құрады. 2018 жылы энергия ресурстарды тұтыну көлемінің артуы «Қазақстан-Қытай» МГ, «Бейнеу-Бозой-Шымкент» МГ бойынша газ тасымалы көлемінің өсіміне байланысты.

2018 жыл ішінде алыну көздері бойынша бөлінген тудырылатын (өндірілетін) жаңартылған энергияның жалпы көлемі келесіні құрады:

1. Геотермальды (жылулық) энергияны жылу сорғыларымен өндіру – 678,53 Гкал.
2. Электр энергиясын күн сәулесі панельдерімен өндіру – 103572 кВт*сағ.
3. Электр энергиясын термиялық энергия генераторларымен (ТЭГ – Ренкин циклы) өндіру – 240900 кВт*сағ.

2018 жыл ішіндегі табиғи газды тасымалдаудың меншікті энергия шығындары, газ тасымалдаудың энергия тиімділігінің көрсеткіші 2017 жылдың (0,0105 т.ш.о./мың теңге) ұқсас кезеңімен салыстырғанда 94%-ға артып, 0,0203 т.ш.о./мың теңгені құрады. Меншікті энергия шығындарының артуы «Қазақстан-Қытай» МГ, «Бейнеу-Бозой-Шымкент» МГ бойынша газ тасымалдау көлемдерінің артуымен байланысты.

ҚТГ компаниялар тобы бойынша 2016-2020жж. энергия үнемдеу әлеуеті 67588,12 т.ш.о. құрайды.

ҚТГ компаниялар тобы бойынша отын-энергетикалық ресурстарды (ОЭР) үнемдеу келесіні құрады:

2016ж. – 9363,94 т.ш.о. (4993 мың кВт*сағ., 7478,346 мың текше м);

2017ж. – 9305,46 т.ш.о. (3393,2 мың кВт*сағ., 6500,5 мың текше м);

2018ж. – 12552,32 т.ш.о. (4946 мың кВт*сағ., 9620,8 мың текше м.).

Негізгі энергия үнемдеу іс-шаралары табиғи газды, электр энергиясын тұтынуды төмендетуге бағытталған.

Мемлекет басшысы бастамашылық еткен «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасын қолдау шеңберінде, «Интергаз Орталық Азия» АҚ 2019 жылы ҚТГ компаниялар тобының жаңа және ағымдағы жобаларында апробациялау және кейіннен енгізу мақсатында, «Ақшабұлақ-Қызылорда» МГ-дағы (41 км) катодтық қорғаныстың модульдік станциялары бар «Аналитик» жүйесіне тәжірибелік-өнеркәсіптік сынақ жүргізетін болады.

Алдыңғы жылдары ЕТҚ-ға енгізілген жаңартылатын энергия көздері тиімді жұмыс жасауда: DLE шығындыларының деңгейі төмен, жану жүйесінен тұратын газ айдаушы агрегаттар (ГАА); реактивті қуатты (электр желілерінің реактивті параметрлерін) өтеу үшін арналған өтемдік құрылғылар; «Waterkotte» типіндегі геотермальды жылу сорғылары; монокристалдық күн сәулесі панельдері (батареялар); автономдық режимде жұмыс жасайтын термиялық электр генераторлары (Closed cycle vapor turbogenerator) және блоктық жиынтық электр станциялары (Capstone); энергия ресурстарын есепке алудың кешенді автоматтандырылған жүйесі (ЭЕКАЖ), энергия үнемдеуші жарықтандыру лампалары.

Энергия ресурстары (табиғи газ, электр энергиясы) құнының болжамдық артуын, сондай-ақ оларды тұтынудың өсімін ескере отырып, «ҚазТрансГаз» АҚ-ның барлық ЕТҚ-лары үшін жалпы міндет, энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру бойынша экономикалық орынды іс-шараларды іске асыру есебінен отын-энергетикалық ресурстарға жұмсалатын шығындарды төмендету болып табылады.

Жаңартылатын энергия көздерін пайдалану саласындағы нормативтік және нормативтік-құқықтық құжаттаманы әзірлеу және жетілдіру, инвесторларға олардың

құятын инвестицияларының қайтарылатындығына кепілдік беретін қолдау механизмін құру болуы тиіс және оның салдары ретінде Қазақстан Республикасының аумағында жаңартылатын энергия көздерін пайдалану саласындағы жобаларды іске асыру және дамыту үшін әлеуетті инвесторларды тарту болуы қажет

Қоршаған ортаны қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау

ҚТГ компаниялар тобының өндірістік объектілерінде өнеркәсіптік, өрт қауіпсіздігін, еңбекті және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету бойынша жұмыстар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалық, нормативтік-құқықтық және нормативтік-техникалық актілеріне, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның «Еңбекті қорғаудың бірыңғай басқару жүйесіне» (ЕҚББЖ) және ҚТГ-ның еншілес және тәуелді ұйымдарының ЕҚББЖ-не сәйкес жүргізіледі.

ҚТГ компаниялар тобындағы қауіпсіздік және еңбекті қорғау мәселелері бойынша Астана қаласында кеңейтілген жиналыс өтті. ЕТҚ-ның еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі департаменттері/қызметтері басшыларының еңбекті қорғау, өнеркәсіптік, өрт қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау саласындағы жасаған жұмыстары туралы есептері тыңдалды. Есептер оң тұрғыдан қабылданды, бұл ретте хаттамалық шешіммен жоғарыда аталған жұмыстарды жақсарту үшін одан әрі орындалатын міндеттер белгіленді.

ҚТГ компаниялар тобы бойынша келесі мобильдік қосымшалар іске асырылды:

- «8 Алтын қағида»;
- «Қауіпсіздік әліппесі»;
- «Сауығуға 10 қадам».

Аталған қосымшалар мемлекеттік/орыс тілдерінде әзірленді, IOS және Android құрылғыларында орнатуға қолжетімді, сондай-ақ толығымен ҚТГ қызметіне біріктірілген.

ҚТГ компаниялар тобы бойынша қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласындағы «Алтын қағидалар» жұмыскерлер кодексі сақталады.

ҚТГ-ның қатысуымен «КазТрансГаз-Өнімдері» ЖШС-де «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ бекіткен «Жерүстілік көлік құралдарын қауіпсіз пайдалану регламенті» енгізілді.

Қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында қауіпсіздік белдіктерінің симулятор-жаттығу құрылғысы сатып алынды. Қауіпсіздік белдіктерінің симуляторлары, қатысушылар соққының күшін сезінетіндей жол-көлік оқиғасының имитациясын тудырады.

Еңбекті қорғау

Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау бойынша есептіліктің 100%-дық ашықтығына қол жеткізілді және ол ҚТГ компаниялар тобының өндірістік объектілерінің шығатын (іріктеме) тексерістерінің нәтижелері бойынша «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның қорытындыларымен расталды. ҚТГ компаниялар тобы бойынша ашық есептілікті қамтамасыз ету КИСУД бағдарламасында оқиғалардың барлық түрлері бойынша дұрыс деректерді уақтылы енгізу арқылы жүзеге асырылады.

Еңбекті қорғау саласындағы заңнама талаптарына сәйкес, көп деңгейлі бақылау, оқыту және білімдерді тексеру, еңбек жағдайлары бойынша объектілерді аттестаттау бойынша, санитариялық-гигиеналық еңбек жағдайларын жасау бойынша, арнайы киімдермен қамтамасыз ету, жазатайым оқиғалардан сақтандыру, медициналық және ауысымалды куәландыру бойынша шаралар ұйымдастырылып, өткізілді.

2018 жылғы 09 қазанда, Атырау облысының Жылыой және Мақат аудандарының арасында орналасқан Лупинг Орта Азия – Орталық МГ бойында 647-694 км учаскесінде, 651 км-де ЭХЗ 783 тірегінің жанында 15:01 сағ. кезінде ақаулы құбырларды ауыстыру бойынша жөндеу жұмыстарын жүргізген кезде Е.К. Сыдықов КрАЗ ГРНЗ «365AL06» автокранын басқарып отырғанда, сол жаққа бұрылу маневрін жасаған кезде рульдік басқаруды орындай алмай, автокранның сол жаққа қарай аударылып кетуіне жол берді және нәтижесінде қаза болды.

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 20-тарауына сәйкес (186-189 баптар), Актілер ресімдеу және жазатайым оқиғаларға жол бермеу бойынша іс-шараларды әзірлеу арқылы тексерулер жүргізілді. Барлық іс-шаралар орындалды.

Өрт қауіпсіздігі

Есептік кезеңде ҚТГ компаниялар тобының объектілерінде: өрт сөндіргіштерді оттан қорғағышпен өңдеу, жөндеу, куәландыру және қайта зарядтау, персоналды өрт қауіпсіздігі шараларына үйрету және нұсқаулық беру, автоматтық өрт сөндіру және сигнал беру жүйелерін монтаждау, өртке қарсы автоматика жүйелеріне техникалық қызмет көрсету, өртке қарсы сумен жабдықтауды монтаждау және жөндеу тәрізді өртке қарсы іс-шаралар өткізілді.

Объектілерді өрттен қорғау бойынша шарттар жасалды.

Өнеркәсіптік қауіпсіздік

Есептік кезеңде ҚТГ компаниялар тобы бойынша: құбырлардың диагностикасы, құбырлардың ақаулы учаскелерін ауыстыру, крандарды ауыстыру, құбырлардың оқшауларын ауыстыру, персоналды оқыту және білімдерін тексеру, өндірістік объектілерді мағлұмдау, өндірістік бақылау тәрізді іс-шаралар өткізілді.

Фонтанға қарсы қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, объектілерді заңсыз әрекеттерден қорғауға қатысты шарттар жасалынды.

Қоршаған ортаны қорғау

2018 жылы қоршаған ортаға өткізілген мониторинг нәтижесінде, қоршаған ортаға қатысты эмиссияларға берілген рұқсаттардың шектен шығуы байқалған жоқ. Табиғат қорғау іс-шаралары жоспарларының стратегиясында тоғыз негізгі бөлім қамтылған, олар әуе бассейнін қорғауды, су және жер ресурстарын, флора мен фаунаны ұтымды пайдалануды, өндірістің және тұтынудың қалдықтарын пайдалануды, басқару жүйелерін және ең үздік қолжетімді технологияларды енгізуді, ғылыми-зерттеулік және жобалау-ізденістік жұмыстарды, радиациялық, биологиялық және химиялық қауіпсіздікті, сондай-ақ экологиялық білім беруді және насихаттауды көздейді. Мәселен, компания жүргізетін газ тарату жүйелерін жаңғырту ластаушы заттар мен парниктік газдар шығарындыларының елеулі төмендеуіне алып келеді. Атмосфера ауасын және ағын сулардың үздіксіз мониторингін жүргізу қоршаған ортаның жай-күйіне бақылау жүргізуге мүмкіндік береді.

2018 жылғы 11 желтоқсанда Астана қаласында Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі «Парыз» конкурсының жеңімпаздарын марапаттау рәсімі өтті. «Экологияға қосқан үлесі үшін» номинациясында «Интергаз Орталық Азия» АҚ жоғары 1 орынды иеленді.

Парниктік газдардың шығарынды көздерін жыл сайынғы түгендеу бойынша жұмыстар және парниктік газдардың паспорттарын одан әрі мемлекеттік кадастрде тіркеу үшін уәкілетті органдарға ұсыну бойынша жұмыстар жалғасын тапты. Сондай-

ақ Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі өткізген Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» ауысуы бойынша парниктік газдар шығарындыларының жаңа стандарттары жөніндегі өткізілген жиналыстарға қатысулар болды.

Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің ұсынысы бойынша, «KazEnergy», ҚТГ қоршаған ортаны қорғау саласына қатысты Қазақстан Республикасының бірқатар заңнамалық және заңға тәуелді актілерін қарастырды.

Әлеуметтік жауапкершілік


Кадр саясаты

ҚТГ, бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін түсіне отырып, әлеуметтік прогреске және қоғамның әл-ауқатының өсіміне, өңірлер халықтарының тұрақты дамуы мен саулығына, өз жұмыскерлерінің әл-ауқаты деңгейінің артуына көмек көрсетуде күш жұмсауда. Әр қызметкер туралы қамқорлық, әлеуметтік мәселелерді шешудің басымдығы – осылар ҚТГ саясатының негізі болып табылады.


Бүгінгі күні болып жатқан өзгерістер тұрғысынан ұйымдастырудың сыртқы ортаның жағдайларына сәйкестігін қамтамасыз ететін инновацияларды уақтылы енгізу қажеттілігі орын алады. Бұл ретте кадр саясаты іске асырылуына қарай, үнемі өзгеріп отыратын сыртқы ортаның жаңа талаптарына жауап ретінде орындалып отырады және бұл ретте кадр саясатының, болжамды және тұрақты болуы тиіс, жұмыскерлердің басты мүдделерін қозғайтын бөлігі (мәселен, жұмыспен қамту, еңбекті төлеу саясаты) есепке алынбайды.


Кадр саясаты персоналмен жұмыс жасау саласындағы үздік тәжірибені ескере отырып, қолданыстағы тәсілдерді, қолданып келе жатқан әдістерді және кадрлық менеджмент құралдарын біріктіреді және осылайша персоналды басқару саласында бірыңғай тәсілді қалыптастыруға және ҚТГ-ның корпоративтік құндылықтар жүйесін жасап шығаруға мүмкіндік береді.


Өзірленіп жатқан Кадр саясатының негізіне келесі базалық қағидалар кіреді:

 **Ашықтық** – адами ресурстарды басқару процесінің барлық кезеңдеріндегі ашықтық;

 **Кешенділік** – персоналды басқару қызметінің барлық салаларын қамту;

 **Жүйелілік** – өзара байланыстағы саясаттың барлық құраушы элементтерін қарастыру;

 **Негізділік** – максималды экономикалық және әлеуметтік нәтижені қамтамасыз ете алатын, персоналды басқару саласындағы заманауи ғылыми зерттемелерді пайдалану;

 **Тиімділік** – персоналды басқару саласындағы іс-шараларға жұмсалатын шығындардың орны өндірістік қызметтің нәтижелерімен толуы тиіс.

Компаниялар тобының жұмыскерлерін әлеуметтік қорғау

ҚТГ компаниялар тобы ұжымдарда дұрыс жұмыс микроклиматын құруға бағытталған, әлеуметтік сипаттағы төлемақылардың өсіміне аса көңіл бөледі, ал ол өз кезегінде жұмыскерлерге өздерінің негізгі функцияларын сәтті орындауларына мүмкіндік береді. ҚТГ жұмыскерлерге әлеуметтік қолдау көрсету саласында бірыңғай корпоративтік саясатты белгілейді және едәуір үлесін материалдық көмек, әлеуметтік қызметтер пакеті құрайтын, әлеуметтік сипаттағы төлемақыларға аса көңіл бөледі.

ҚТГ медициналық сақтандыру, өтемақылар және еңбек демалысы кезінде жұмыскерлердің емделуі мен сауықтырылуына арналған материалдық көмек және көптеген басқа да қызметтер кіретін әлеуметтік қызметтер пакетін ұсынады. Ұжымдық шарттар және Әлеуметтік қолдау көрсету қағидалары негізінде, 2018 жылы ҚТГ компаниялар тобының жұмыскерлеріне материалдық көмектің келесі негізгі түрлері төленді:

- сауықтыруға арналған демалыстың материалдық көмегі – 3 414 401 мың теңге;
- бала туылған кезде – 134 521 мың теңге;
- жұмыскердің отбасы мүшелерінің қайтыс болуына байланысты – 77 812 мың теңге;
- жұмыскердің өліміне байланысты бір реттік төлемақы – 7 767 мың теңге;
- жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты әлеуметтік жәрдемақылар – 37 060 мың теңге;
- өзге де төлемақылар (некеге тұрған кезде, зейнетке шыққанда, мерейтойлық даталарға және т.б.) – 77 823 мың теңге.

Корпоративтік рухты күшейту, жұмыскерлер арасында салауатты өмір салтын қалыптастырудың маңызды факторы ретіндегі дене шынықтыруды және спортты насихаттау мақсатында, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобының жұмыскерлері арасында Спартакиада өтті. Спартакиадаға «ҚазТрансГаз» АҚ компаниялар тобының жұмыскерлері қатысты.

Әлеуметтік тұрғыдан әлсіз жұмыскерлердің 7-14 жас аралығындағы балаларына балалар іс-шараларын өткізуге және балалар демалысын ұйымдастыруға 2018 жылы 91858 мың теңге игерілді.

ҚТГ компаниялар тобы бойынша әлеуметтік төлемақылардың жалпы сомасы (жұмыс беруші берген әлеуметтік төлемақыларды есепке алғанда) 2018 жылы 3 841 242 мың теңгені құрады.

Жұмыскерлердің, олардың отбасыларының еңбек, өмір жағдайларының сапасы

Жұмыскерлердің және олардың отбасыларының еңбек, өмір жағдайларының сапасын қамтамасыз ету үшін, ҚТГ компаниялар тобының бюджеттерінде, жыл сайын ерікті медициналық сақтандыруға қаражат салынады және ол Қазақстанның ең үздік клиникаларындағы медициналық қызметтердің кең спектрін қамтиды. Бұл ретте жұмыскерге медициналық қызмет көрсету бағдарламасында медициналық қызметтердің барлық спектрін ұсынумен қатар, дәл сол талаптарда оның отбасына да (жұмыскердің ата-анасы, жолдасы/жұбайы және балалары) қызмет көрсету көзделген. Бұдан бөлек, сақтандыру компаниясы ұсынатын қызметтер аясында физиологиялық жүктілік патронажы көзделген.

Осылайша, 2018 жылы ҚТГ компаниялар тобының қаражаты есебінен жұмыскерлерді жалпы сомасы 989 млн. теңгеге, оның ішінде «ҚазТрансГаз» АҚ жұмыскерлерін 43 млн. теңгеге медициналық сақтандыру жүзеге асырылды.

Газ саласы жұмыскерлерінің көпшілігінің жұмысы магистральды газ құбырларымен байланысты екендігі белгілі және бір жағынан, қатаң климаттық жағдайлармен (ауыз судың жай-күйі, шанды дауылдар және т.б.) сипатталса, ал екінші жағынан транзиттік газ құбырларының көбінесе елдің экологиялық қолайсыз өңірлерінен өтетіндігімен сипатталады.

«Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» ҚР заңнамасына сәйкес, Арал өңірінің тұрғындарына

негізгі жалақыларына 20%-дан 50%-ға дейінгі мөлшерде экологиялық коэффициент есептеледі, сондай-ақ 6-дан 12 күнге дейінгі мөлшерде қосымша демалыс беріледі.

Жұмыскерлерде аурулардың алдын алу бойынша, сондай-ақ демалыс кезеңінде оларды емдеу және оңалту жұмыстары жүргізіледі.

ҚТГ әлеуметтік сипаттағы төлемақылардың өсіміне аса көңіл бөледі, олардың елеулі үлесін әлеуметтік төлемақылар мен кепілдіктер құрайды. Ең алдымен, олар әлеуметтік серіктестік негізінде ұжымдарда дұрыс жұмыс микроклиматын құруға бағытталған, ал ол өз кезегінде жұмыскерлерге өздерінің негізгі қызметін сәтті орындауға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ ҚТГ-де жұмыскерлердің кәсіптік одақтарының қоғамдық бірлестіктері қызмет жасайды, олармен жұмыс жасау шеңберінде жұмыскерлер мен жұмыс берушілер арасында ұжымдық шарттар жасалған және оларда еңбек заңнамасында белгіленгендерден анағұрлым жоғары болатын, жұмыскерлерге арналған әлеуметтік кепілдіктер, төлемақылар, өтемақылар мен жеңілдіктер көзделген, мәселен, мынадай:

- бірінші неке құруға байланысты, бала туылуына, жақын туыстарының өліміне байланысты жерлеуге арналған және т.б. төлемақылар;
- жоғарыда көрсетілген жағдайларға байланысты қосымша төленетін демалыстар;
- компания жұмыскерлерінің балаларына арналған балалар сауықтыру лагерлері;
- және көптеген басқалары.

Компаниялар тобы жұмыскерлерін дайындау, оқыту және біліктілігін көтеру

Персоналдың қозғалысы барынша болжамды, жоспарланған және компания дамуының жалпы тұжырымдамасына сәйкес келетіндігін назарға ала отырып, оның кадрлық әлеуетін күшейту үшін, барлық мүдделі тараптар: студенттер, білім беру ұйымдарының және Қоғамның өкілдері үшін ортақ кешенді тәсілдің болуы қажет. Сондықтан, пайда болатын бос жұмыс орындарын жоспарлы түрде толтыру мақсатында, сондай-ақ белгілі-бар бағыттағы лауазым қоятын талаптарға сәйкес келетін, жедел басқарушылық қызметке қабілеті бар жас мамандар тобын қалыптастыру үшін, ҚТГ-ның кейбір ЕТҚ-ларында Жас мамандарды даярлау қағидалары әзірленіп, бекітілді. Бұл ішкі құжат жас мамандарды даярлау, кандидаттарды қабылдау қажеттілігін анықтау тәртібін, Қазақстан Республикасының, жақын және алыс шетелдің оқу орындарына оқуға жолдау тәртібін сипаттайды. Қазіргі уақытта сыртқы кадрлық әлеуетті дамыту жөніндегі комиссия құрамы бекітілді, осы мәселе бойынша жоғары оқу орындарымен хат алмасулар жүруде. Бұдан бөлек, «ҚазТрансГаз» АҚ тобында мамандарды оқыту мен даярлаудың күнтізбелік жоспарларына сәйкес мамандарды даярлау, оның ішінде шетелде оқытуға дайындық жүргізілуде. ҚТГ компаниялар тобының ұйымдары үшін жоғары білімі бар мамандарды даярлау үздік техникалық жоғары оқу орындарының базасында жоспарлануда.

ҚТГ жұмыскерлері Астана қ. «Самрұқ-Қазына» корпоративтік университеті» меншікті мекемесінің негізінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының, жақын және алыс шетелдің басқа да оқу орталықтарының негізінде біліктілікті арттыру курстарына, семинарларға, тағылымдамаларға және тренингтерге қатысады.

ҚТГ-да персоналды дамытуға бағытталған «Даярлау және біліктілікті арттыру» тәрізді бағдарламалар қолданылады, сондай-ақ «Жас маман» бағдарламасы әзірленді.

ҚТГ компаниялар тобының кадрлық резерві қалыптастырылды.

«Даярлау және біліктілікті арттыру» – компания персоналын дамыту жөніндегі үнемі қолданылатын бағдарлама.

ҚТГ-да даярлауға және біліктілікті арттыруға бағытталған, персоналды дамыту жөніндегі бағдарлама қолданылады. Жыл сайын ҚТГ бюджетінде персоналды оқытуға және біліктілігін арттыруға арналған қаражат көзделеді. ҚТГ-да Магистральды газ құбырларын техникалық пайдалану қағидаларына сәйкес, магистральды газ құбырларының техникалық объектілерін арнайы дайындалған персонал пайдалануы тиіс. Жоғары қауіптегі объектілерге қызмет көрсететін персонал кәсіпорындардың жергілікті мемлекеттік техникалық қадағалау органдарымен келісілген бағдарламалар бойынша құрылатын арнайы курстарда даярлау (қайта даярлау) курстарынан өтуі тиіс.

2018 жылы ҚТГ компаниялар тобы жалпы сомасы 720 991 мың теңгеге 7 647 жұмыскерді оқытты, қызметкерлер даярлаудан өтеді және Қазақстан Республикасының оқыту ұйымдарының және оқу орталықтарының негізінде өздерінің біліктілігін арттырады. Жұмыс персоналын кәсіптік оқыту және дамыту ҚТГ-ның кадр саясатының ұзақ мерзімді және басымдық бағыттарының бірі болып табылады, себебі жұмысшы кадрлардың кәсіптік деңгейі қауіпсіз өндіріс тиімділігінің, еңбек өнімділігі өсімінің және жұмыс сапасын жақсартудың маңызды факторы болып табылады.

Сондай-ақ ҚТГ-да ЕТҚ мен ҚТГ қаражаты есебінен Қазақстанның және алыс шетелдің жоғары оқу орындарында Қоғам жұмыскерлерінің балаларын оқыту жүргізіледі, олар оқу аяқталған соң газ тасымалдау саласына жұмысқа қайтып оралады.

Бұдан бөлек, 2018 жылы ҚТГ компаниялар тобы бойынша топ-менеджменттің оқыту бағдарламасы шеңберінде, 15 басшы «ҚБТУ Инжиниринг және ақпараттық технологиялар институты» ЖШС-де ««ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның ЕТҚ топ-менеджментін дамытудың бірыңғай бағдарламасы» курсынан сәтті аяқтағандығы туралы дипломдар алды.

Демеушілік және қайырымдылық

2016 жылы ««ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-да демеушілік көмек көрсету саясатының» күшіне енуіне байланысты, демеушілік көмек көрсету тоқтатылды.

Корпоративтік басқару

ҚТГ Қазақстанның газ операторы бола тұра, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның 2028 жылға дейінгі даму саясатына сәйкес, өзінің даму бағытынан және мақсаттарға қол жеткізуден айнамастық бағытын ұстанатындығын растайды: құнды белгілеу және қаржылық тұрақтылықты нығайту, корпоративтік басқару және тұрақты даму.

ҚТГ қызметінің стратегиялық бағыттарының бірі корпоративтік басқару тиімділігін арттыру болып табылады.

ҚТГ, тиімді корпоративтік басқарудың Қоғамды капиталдандырудың тұрақты өсімінің, корпоративтік жанжалдың туындау ықтималдығын төмендетудің, Қоғамның инвесторлар үшін тартымдылығын арттырудың, сондай-ақ имиджге позитивті әсерінің негіз қалаушы шарты болып табылатындығына сүйенеді.

Корпоративтік басқарудың мақсаты ҚТГ-ның тиімді қызметін қамтамасыз ету, оның акционерлік капиталының құнын арттыру, инвесторлардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету және Жалғыз акционердің мүдделерін іске асыру болып табылады.

Қоғам, корпоративтік басқарудың маңыздылығын түсіне отыра, корпоративтік басқару қағидаларын енгізуге аса көңіл бөледі. 2015 жылы жаңа редакциядағы Корпоративтік басқару кодексі бекітілді. Қоғамның Корпоративтік басқару кодексі ҚР Үкіметінің 2015 жылғы 15 сәуірдегі № 239 қаулысымен бекітілген «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-ның Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес әзірленді

Қоғам Жалғыз акционердің, Қоғам менеджментінің және мүдделі тұлғалардың мүдделер балансын орнатуға ұмтылады, бұл ретте холдингтік компания ретіндегі ҚТГ-нің корпоративтік басқару жүйесі, бірден бірнеше корпоративтік саты деңгейінің: акционерлердің жалпы жиналысының, директорлар кеңесінің, ҚТГ-ның атқарушы органының және ЕТҚ-ны басқарудың ұқсас органдарының өзара әсерін қамтиды.

Корпоративтік басқарудың тиімді жүйесін құру бойынша дайындық іс-шаралары шеңберінде холдингтің ұйымдастырушылық құрылымына өзгерістер енгізілді: ҚТГ – газ және газбен жабдықтау саласындағы ұлттық оператор ретінде меншік құрылымының бұзылу мүмкіндігіне шектеу қоюға, ақпараттың ашылу шығындарын барынша азайтуға, басқарушылық шешімдерді қабылдау рәсімін жеңілдетуге тартылған корпоративтік орталық болып табылады.

ҚТГ-ның, сондай-ақ ЕТҚ-ның акционерлер жиналысының, директорлар кеңесінің және атқарушы органдарының арасындағы функцияларды орынды түрде бөлу жарғыларда бекітілген және ЕТҚ менеджментіне ағымдағы басшылықты жүзеге асыруға кедергі келтірмейді.

Бизнес трансформация шеңберінде ҚТГ-ның ЕТҚ-ға қатысты корпоративтік басқаруының мақсаттары мен міндеттерін іске асыру үшін олардың ұйымдастырушылық құрылымдарына қайта жобалау жүргізіледі, ол корпоративтік басқаруды жүзеге асыру шеңберінде лауазымды тұлғалардың өкілеттіктері мен жауапкершілігін қайта бөлуді және регламенттеуді, кез келген акционерлік компанияға тән қағидалардан бөлек, корпоративтік өзара әрекеттестік бизнес-процестерін оңтайландыруды көздейді.

ҚТГ-да корпоративтік басқарудың бірыңғай стандарттары енгізілуде (акционерлердің және мүдделі тараптардың құқықтарының сақталуы, ақпараттық ашықтық, тиімді директорлар кеңесінің болуы, компанияның басқарушы органдарының арасында өкілеттіктер мен жауапкершіліктің нақты жіктелуі, меншіктің айқын құрылымы, тиімді ішкі бақылау жүйесінің болуы), ҚТГ-да, ҚТГ және оның ЕТҚ үшін ортақ стратегиялық мақсаттардың іске асырылуын қамтамасыз ететін, корпоративтік басқарудың бірыңғай стандарттарын қолдану қағидасын бөліп көрсетуге болады .

ЕТҚ қызметіндегі ҚТГ-ның мүдделері корпоративтік басқару саясатын (немесе бағдарламасын) әзірлеуде және іске асыруда жүзеге асырылады, ол бірнеше бағытты қамтиды, олар:

- ЕТҚ қызметінің қаржылық нәтижелерін жоспарлау және бақылау, оның ішінде ЕТҚ бағыттарын анықтау және пайдасының бөлінуін бақылау;
- ЕТҚ-ның қаржы-шаруашылық қызметін бақылау, оның ішінде ЕТҚ активтерімен мәмілелер жасау;
- бизнесті басқару саласында ЕТҚ-ның ішкі процестерінің тиімділігін үнемі арттырып отыру;
- ЕТҚ-ның инвестициялық тартымдылығын және капиталдандырудың өсімін қамтамасыз ету;
- ЕТҚ-ның кадр саясатын қалыптастыру және іске асыру.

Жалғыз акционер корпоративтік басқару үлгісін анықтады, ол келесі қатысушыларды қамтиды: «белсенді» акционер, Директорлар кеңесі, Басқарма және ішкі аудиттің орталықтандырылған қызметі.

Акционерлермен өзара әрекеттестік

ҚТГ-ның жалғыз акционері ҚМГ болып табылады. ҚМГ ҚТГ-да корпоративтік басқаруды қалыптастыруда белсенді рөл атқарады. ҚМГ ҚТГ-да корпоративтік басқаруды дамытуда:

- 2007 жылы Корпоративтік басқару кодексін енгізу арқылы және Қазақстан Республикасының Үкіметі 2015 жылғы сәуірде бекіткен жаңа Корпоративтік басқару кодексін әзірлеуге қатысу арқылы;

- корпоративтік басқару деңгейіне диагностика жасауды қоса алғанда, корпоративтік басқару стандарттарын енгізген кезде әдістемелік қолдау көрсету арқылы көмек көрсетеді.

Еншілес және тәуелді ұйымдармен өзара әрекеттестік

Еншілес және тәуелді ұйымдармен өзара әрекеттестік ҚТГ мен ЕТҚ-ның тиісті органдары арқылы, бекітілген корпоративтік рәсімдер шеңберінде жүзеге асырылады.

ҚТГ-ның еншілес және тәуелді ұйымдармен өзара әрекеттесуінің негізгі мақсаттары мыналар болып табылады:

- ҚТГ мен ЕТҚ-ның тұрақты қаржылық дамуын, пайдалылығын, инвестициялық тартымдылығының жоғарылауын қамтамасыз ету;

- акционерлердің және ЕТҚ акционерлерінің құқықтарының қорғалуын және заңмен қорғалатын мүдделерін қамтамасыз ету;

- ҚТГ мен ЕТҚ акционерлерінің, лауазымды тұлғаларының және жұмыскрелерінің арасындағы қатынастардың үйлесімділігі, олардың арасындағы және көрсетілген топтардың ішіндегі жанжалдардың туындауының алдын алу бойынша жүйелі шараларды қабылдау;

- ҚТГ мен ЕТҚ-ның үйлестірілген және тиімді инвестициялық саясатын әзірлеу және іске асыру.

ҚТГ компаниялар тобындағы корпоративтік басқару механизмдері

- еншілес және тәуелді ұйымдардың вертикальды басқару жүйесін құруы;

- ЕТҚ-да бірыңғай корпоративтік стандарттарды енгізу;

- ЕТҚ-ның басқару органдарына өз өкілдерін ұсыну;

- күн тәртібінің мәселелері бойынша ЕТҚ-ның директорлар кеңестерінде

Қоғам өкілдеріне жасалған ұсынымдар негізінде талқыланатын мәселелер бойынша өкілдердің ортақ дауыс берулерін қамтамасыз ету;

- басқару органдарындағы өкілдер арқылы ЕТҚ қызметіне бақылау ұйымдастыру, қаржы-шаруашылық қызмет тексерісін өткізу, аудиторды сайлау және т.б.

Корпоративтік басқару органдары

ҚТГ-ның корпоративтік басқару органдары мыналар болып табылады:

1) Жалғыз акционер – жоғары орган;
2) Директорлар кеңесі – Қоғам қызметіне ортақ басшылық етуді жүзеге асыратын және оның қызметінің басым бағыттарын анықтайтын басқару органы. Директорлар кеңесі бес мүшеден тұрады, олардың екеуі тәуелсіз директорлар болып табылады.

3) Басқарма – Қоғамның міндеттерін орындау және стратегияларын іске асыру мақсатында Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асыратын алқалық атқарушы орган.

2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ҚТГ Басқармасы жеті адамнан тұрды.

Директорлар кеңесінің құрылымы

2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Директорлар кеңесі бес мүшеден тұрды, олар мыналар болды:

Директордың Т.А.Ә.	ҚТГ-дағы лауазымы
Шәріпбаев Қайрат Қаматайұлы	Директорлар кеңесінің төрағасы
Мүкүшов Ардақ Жұмағұлұлы	Директорлар кеңесінің мүшесі
Сулейманов Рустам Эдуардович	Директорлар кеңесінің мүшесі
Нұрғазиев Айрат Айттанұлы	Тәуелсіз директор
Жаманбалин Серік Жәрдемұлы	Тәуелсіз директор

Жалғыз акционердің шешімімен (ҚМГ Директорлар кеңесінің 2017ж. 26 қаңтардағы №1/2017 хаттамасы) ҚТГ Директорлар кеңесі 2017 жылғы 20 ақпаннан бастап 3 жылға қайта сайланды.

2018 жыл ішінде ҚТГ-ның Директорлар кеңесінің құрамы өзгерген жоқ.

Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша құрамы:

Директордың Т.А.Ә.	ҚТГ-дағы лауазымы
Шәріпбаев Қайрат Қаматайұлы	Директорлар кеңесінің төрағасы
Мүкүшов Ардақ Жұмағұлұлы	Директорлар кеңесінің мүшесі
Сулейманов Рустам Эдуардович	Директорлар кеңесінің мүшесі
Нұрғазиев Айрат Айттанұлы	Тәуелсіз директор
Жаманбалин Серік Жәрдемұлы	Тәуелсіз директор

ҚТГ-ның корпоративтік басқару кодексіне сәйкес, Директорлар кеңесі директорлар А.А. Нургазиевтің және С.Ж. Жаманбалиннің тәуелсіздік фактісін анықтады:

– оларға Қазақстан Республикасының заңнамасымен қойылатын тәуелсіздік өлшемшарттарына сәйкес келеді.

– өз міндеттерін орындау үшін, сондай-ақ Жалғыз акционердің және ҚТГ-нің мүдделерінде бүкіл Директорлар кеңесінің тиімді жұмысын ұйымдастыру үшін қажетті, Қазақстанның іскерлік ортасында және газ саласында тиісті жұмыс тәжірибесіне, білімге, біліктілікке, оң жетістіктерге және мінсіз беделге ие;

– Директорлар кеңесінің мүшесін тәуелсіз деп тануға әсер етуі мүмкін қатынастар мен жағдайларға жол бермейтін, «ҚазТрансГаз» АҚ-ның Директорлар кеңесі туралы ережесінің талаптарына сәйкес келеді.

Директорлар кеңесі мүшелерінің Директорлар кеңесі отырыстарына қатысулары

Т.А.Ә.	Лауазымы	Қатысу саны	Қатысуларының пайызы	Ескертулер
Шәріпбаев К.К.	Директорлар кеңесінің төрағасы	21-дің 21-і	100%	Жалғыз акционердің 2017 ж. 26 қаңтардағы № 1/2017 шешімімен ҚТГ Директорлар кеңесінің Төрағасымен сайланды
Сулейманов Р.Э.	Директорлар кеңесінің мүшесі	21-дің 21-і	100%	Жалғыз акционердің 2017 ж. 26 қаңтардағы № 1/2017 шешімімен ҚТГ Директорлар кеңесінің мүшесімен сайланды
Нұрғазиев А.А.	Тәуелсіз директор	21-дің 21-і	100%	Жалғыз акционердің 2017 ж. 26 қаңтардағы № 1/2017 шешімімен ҚТГ Директорлар кеңесінің мүшесімен сайланды
Мұқұшов А.Ж.	Директорлар кеңесінің мүшесі	21-дің 18-і	86%	Жалғыз акционердің 2017 ж. 26 қаңтардағы № 1/2017 шешімімен ҚТГ Директорлар кеңесінің мүшесімен сайланды
Жаманбалин С.Ж.	Тәуелсіз директор	21-дің 21-і	100%	Жалғыз акционердің 2017 ж. 26 қаңтардағы № 1/2017 шешімімен ҚТГ Директорлар кеңесінің мүшесімен сайланды

– Есептік кезеңде Қоғамның Директорлар кеңесі 21 отырыс (21 бетпе-бет) өткізді. Қаралған мәселелердің жалпы саны 94-ті құрады.

Директорлар кеңесінің жауапкершілігі

Директорлар кеңесі Қоғам қызметінің тиімді басқарылып, тиісінше бақылануы үшін Жалғыз акционердің алдында жауапты болады және шешімдер қабылдаудың бекітілген тәртібіне сәйкес әрекет етеді. Қоғам қызметінің басым бағыттарын анықтау, ірі мәмілелер жасау туралы шешім қабылдау және өзге де елеулі мәселелер Директорлар кеңесінің аса маңызды функциялары болып табылады.

Басқарма жауапкершілігі

Өз кезегінде, Басқарма Директорлар кеңесінің шешімдерін іске асыру бойынша және Қоғамның қаржы-шаруашылық және өндірістік қызметінің ағымдағы мәселелері бойынша іс-шаралар жоспарының әзірленуіне жауапты болады. Басқарма Қоғамның бизнес-жоспарына қол жеткізуі бойынша жасалған жұмысының жай-күйі бойынша Директорлар кеңесінің алдында есеп береді.

Осылайша, корпоративтік қатынастардың барлық қатысушыларының өз өкілеттіктерін, жауапкершілік салаларын, есеп берушілігін, құқықтары мен міндеттерін түсінулері, сондай-ақ аталған аспектілердің Қоғамның Жарғысында нақты бекітілуі мүдделер қайшылығының тәуекелін төмендетеді, демек, корпоративтік басқарудың қағидалары мен құрылымының біртұтас көрінісін қалыптастырады.

Басқарма құрылымы

2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ҚТГ Басқармасының құрамына Бас директорды, оның орынбасарларын, аппарат басшысын және Бас директордың кеңесшісін қоса алғанда, жоғары топ басшылары кірді.

Басқарма мүшелері

Т.А.Ә.	Лауазымы	Кезең
Сулейманов Рустам Эдуардович	Бас директор (Басқарма төрағасы)	11.12.2015 ж. бастап
Құрманалиев Қанат Рахымбергелұлы	Бас директордың бірінші орынбасары	13.03.2017 ж. бастап
Жанұзақ Тайыр Жалғасбекұлы	Бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары	06.12.2018 ж. бастап
Темірханов Ерқанат Уақбайұлы	Бас директордың трансформация және даму жөніндегі орынбасары	06.04.2015 ж. бастап
Брекешев Серікқали Аманғалиұлы	Бас директордың техникалық саясат жөніндегі орынбасары	29.01.2018 ж. бастап
Абдыгулова Найля Өмірзаққызы	Аппарат басшысы	12.06.2015 ж. бастап
Абдрасулов Нұрлан Қадырұлы	Бас директордың кеңесшісі	23.04.2015 ж. бастап

ҚТГ Басқармасының құрамына қатысты ҚТГ-ның Директорлар кеңесінің 2018 жылы қабылдаған шешімдері

«ҚазТрансГаз» АҚ-ның Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 06 ақпандағы шешімімен (№2 хаттама, 3-тармақ) 2018 жылғы 26 қаңтарда «ҚазТрансГаз» АҚ-ның Басқарма мүшесі Нұрланов Нұржан Нұрланұлының өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды, Басқарма құрамына 2018 жылғы 29 қаңтардан бастап, Брекешев Серікқали Аманғалиұлы жалпы «ҚазТрансГаз» АҚ-ның Басқармасы үшін белгіленген өкілеттік мерзіміне сайланды (тағайындалды).

«ҚазТрансГаз» АҚ Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 05 желтоқсандағы шешімімен (№19 хаттама, 2-тармақ) 2018 жылғы 05 желтоқсанда «ҚазТрансГаз» АҚ-ның Басқарма мүшесі Күшерова Даира Әділбекқызының өкілеттігінің мерзімі мерзімінен бұрын тоқтатылды, Басқарма құрамына 2018жылғы 06 желтоқсаннан бастап, Жанұзақ Тайыр Жалғасбекұлы жалпы «ҚазТрансГаз» АҚ-ның Басқармасы үшін белгіленген өкілеттік мерзіміне сайланды (тағайындалды).

ҚТГ Басқармасының отырыстары мен қабылданған корпоративтік шешімдері туралы жалпы мәлеметтер

2018 жылдың 12 айы ішінде Қоғам Басқармасы:

51 отырыс өткізді;

166 мәселені қарады, оның ішінде:

Қоғам қызметіне қатысты мәселелері – 100;

еншілес және тәуелді ұйымдарының қызметіне қатысты мәселелер – 66.

Қоғам Басқармасының қарауына шығарылған мәселелердің жалпы санынан:

Жалғыз акционердің және Қоғамның Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жататын, алдын ала мақұлданған мәселелер – 96;

Басқарма құзыретіне жататын мәселелер – 70.

Жасалуына қатысты ерекше шарттар белгіленген мәмілелер туралы мәліметтер:

Қоғам Басқармасы қарастырған, жасалуына қатысты мүдделілік бар мәмілелердің жалпы саны – 37.

Оның ішінде:

Алдын ала мақұлданған және Қоғамның Директорлар кеңесіне шығарылған мәмілелер – 13.

Жасалуына қатысты «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңмен ерекше шарттар белгіленген, «Самрұқ-Қазына» АҚ тобына кіретін ұйымдар арасында мәмілелер жасаудың қағидалары шеңберінде бекітілгені – 24.

Есептік кезең ішінде Басқарманың атқарушы орган ретіндегі басты міндеті – ағымдағы қызметке басшылық ету, «ҚазТрансГаз» АҚ-ның Жарғысында, Корпоративтік басқару кодексінде және Басқарма туралы ережесінде бекітілген қағидаларға сәйкес жүзеге асырылды.

Басқарма кезінде құрылған, Топтың тәуекелдеріне корпоративтік басшылық ету саласындағы шешімдерді қабылдаған кезде ҚТГ Басқармасына көмек көрсетуге тартылған тәуекелдер жөніндегі комитеті, 2018 жылдың 1, 2, 3 және 4 тоқсандарындағы тәуекелдер бойынша есептерді, соның ішінде Тәуекелдерді басқару бойынша іс-шаралар жоспарын орындау жөніндегі есепті және ҚТГ-ның өндірістік емес тәуекелдерінің тізілімін ҚТГ Басқармасының отырысында қарастырды және одан әрі қарастыру үшін мақұлдады.

«ҚазТрансГаз» АҚ-ның 2018 жылғы жылдық есебін бекіту күніне – Басқарма мүшелеріне жыл сайынғы сыйақы берудің мөлшері мәселесіне қатысты, «ҚазТрансГаз» АҚ-ның Басқарма мүшелеріне 2018 жылдың қорытындысы бойынша сыйақы төлеу туралы шешім қабылданған жоқ.

Тұрақты даму

ҚТГ әрқашан әлеуметтік тұрғыдан жауапты ұйым болды. Өз тиімділігін арттыру бойынша бірінші кезекті міндеттерді шеше отырып, біз өз қызметіміздің әлеуметтік аспектілеріне әрдайым аса жоғары көңіл бөлеміз.

Экономикалық тиімділікке қол жеткізудің басымдығы жағдайларында, ҚТГ қаржылық пайданың, экологиялық заңнаманы ұстаудың және өз жұмыскерлерінің, сондай-ақ өзінің қатынасы бар өңірлердегі халықтың әлеуметтік қажеттіліктерін қанағаттандыруға ұмтылу арасында әрдайым мүдделер балансын сақтауға тырысты.

Тұрақты даму қағидаларын ұстану – қоршаған ортаға келетін кері әсерді төмендету үшін, бізді жаңа таза технологияларды дамытуымызда алға бастырады.

2013 жылдан бастап ҚТГ GRI нұсқаулығына сәйкес дайындалған Тұрақты даму саласындағы есепті (Есеп) жариялап келеді.

2018 жылы ҚТГ, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-ның Корпоративтік басқару кодексінің қағидаларын ұстана отырып, ҚМГ компаниялар тобы бойынша 2017 жылғы тұрақты даму туралы жиынтық есепті құру мақсатында, компанияның экономикаға, қоршаған ортаға әсері туралы ақпаратты ұсынды.

Есепте тұрақты даму тұрғысынан аса маңызды аспектілер қозғалады: мүдделі тараптармен өзара әрекеттестік, қоршаған ортаны қорғау, еңбекті қорғау және өндіріс қауіпсіздігі, адами капиталды дамыту, өзінің қатысы бар өңірлердегі дамуға құятын инвестициялар.

Есепте аса маңызды назар мүдделі тараптармен диалогты кеңейтуге бөлінді – бұл мәселелер ашықтықты арттыру үшін және компания қызметінің үздік әлемдік практикаларға сәйкестігі үшін аса маңызды болып табылады.

Құжатта маңызды орынды өндірістік процестердің экологиялық жағдайға әсері туралы мәліметтер алады. Өндірістің қоршаған ортаға тигізетін кері әсерін төмендету – ҚТГ компаниялар тобының стратегиялық басымдықтарының бірі болып табылады.

Есептің елеулі бөлігі, ҚТГ компаниялар тобының еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету және өз жұмыскерлерінің денсаулығын сақтау саласындағы іс-әрекеттерге арналған.

Есепте жұмыскерлерді әлеуметтік қолдау саласындағы ақпарат ұсынылған, ол Қазақстанның үздік жұмыс берушілерінің бірінің мәртебесін қолдауға ұмтылысын бейленейді.

Есепте ҚТГ компаниялар тобының жергілікті қоғамдастықтармен өзара қатынастары қозғалған: онда әлеуметтік серіктестік қағидалары, өзінің қатынасы бар аумақтарды дамыту бойынша Компания қызметіне қатысты негізгі тәсілдер, жүзеге асырылатын әлеуметтік бағдарламалар мен жобалар көрсетілген.

2018 жылы «Ernst & Young» компаниясы ҚМГ компаниялар тобының жұмыскерлері үшін, соның ішінде ҚТГ-ден 3 жұмыскер үшін тұрақты даму саласындағы практикалық тренинг өткізілді.

«ҚазТрансГаз» АҚ компаниялар тобының сатып алуларындағы жергілікті қамту (ЖҚ)

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 27 шілдеде Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруіне байланысты «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР 2015 жылғы 27 қазандағы № 365-V Заңы қабылданды, оған тауарлардағы, жұмыстардағы және қызметтердегі жергілікті қамту мәселелері бойынша өзгерістер енгізілді. Осыған байланысты, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ және дауыс беруші акцияларының елу және одан көп пайызы (қатысу үлестері) меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-ға тікелей немесе жанама тиесілі ұйымдар Тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу қағидаларында жергілікті қамтуды міндетті түрде қолдау бойынша тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді жеткізушілерге әсер етудің негізгі шараларын жойған.

Бұл ретте, отандық тауар өндірушілерді қолдау мақсатында ҚТГ жыл сайын тікелей отандық тауар өндірушілер арасында өтетін, соның ішінде «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ бекіткен нормативтік құжаттарда көзделген механизмдерді пайдалана отырып, сатып алулар санын арттырып отырады.

Осылайша, есептік кезең ішінде ҚТГ қолданыстағы өндірістерді жаңғыртуға көмек көрсету және 2014-2022 жылдары жаңа өндірістерді құру бойынша «Самұрық-

Қазына» ҰӘҚ» АҚ Бағдарламасы шеңберінде тауар өндірушілерден сатып алуларды жүзеге асырды.

■ Әзірленіп және іске асырылып жатқан инвестициялық жобаларды «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-ның Жергілікті қамтуды дамыту жөніндегі үйлестіру комитетінің қарауына шығару арқылы, сондай-ақ жергілікті қамту бойынша міндеттемелер шарттарына қосу арқылы, аталған инвестициялық жобаларда жергілікті қамту мониторингінің механизмі тиімді жұмыс жасауда.

■ Бұдан бөлек, ҚТГ Еншілес ұйымдардың сатып алу жоспарларын келісу бойынша өкілеттіктерге ие, оның барысында «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-ның ақпараттық деректер қорын пайдалана отырып отандық тауарлар нарығының мониторингі, соның ішінде Холдингтің тауар өндірушілерінің тізілімінің, сондай-ақ отандық тауар өндірушілер және олар өндіретін тауарлар туралы мәліметтер қамтылған, уәкілетті мемлекеттік органның тиісті ақпараттық деректер қорының мониторингі жүзеге асырылады, ондағы мақсат сатып алуларды тек отандық тауар өндірушілер арасында ғана өткізу басымдығын орнату болып табылады.

■ ҚТГ тобы бойынша жұмыс топтары құрылды, олар ҚТГ-ге әлеуетті түрде қызығушылық тудыратын өнімдерді даярлауға арналған жабдықтарды жарақтандыру және олардың жарамдылығы мен тиімділігін анықтауда өндірістің алдын ала визуалды бағалануын өткізу мақсатында зауыттар мен кәсіпорындарға жүйелі түрде жұмыс сапарларын жасап тұрады. Қоғам өкілдері «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ және «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы жергілікті қамту, сондай-ақ импортты алмастыру мәселелері бойынша өткізетін мәжілістеріне, дөңгелек үстелдеріне жүйелі түрде қатысып тұрады.

■ 2018 жылға арналған жалпы сатып алу көлеміндегі ҚТГ компаниялар тобы бойынша жергілікті қамтудың үлесі 87%-ды құрады, оның ішінде сатып алынған тауарлар бойынша – 92%, орындалған жұмыстар бойынша – 61% және көрсетілген қызметтер бойынша – 86% құрады.

Корпоративтік қауіпсіздік

«ҚазТрансГаз» АҚ компаниялар тобының объектілеріндегі корпоративтік қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша жұмыстар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және ҚМГ мен ҚТГ-ның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес жүргізіледі.

«ҚазТрансГаз» АҚ-ның Корпоративтік қауіпсіздік қызметі (КҚК) бекітілген Жұмыс жоспарына сәйкес 2018 жылы ҚТГ-ның корпоративтік қауіпсіздігінің бірыңғай жүйесін қалыптастыруға, сондай-ақ ҚТГ мен ЕТҚ-ның меншіктік, экономикалық және өзге мүдделерін қорғау бойынша олардың еншілес және бірлесіп басқарылатын ұйымдарының өзара әрекеттестік тиімділігін арттыруға бағытталған бірқатар ұйымдастырушылық-практикалық шаралар іске асырылды.

2018 жылдың бірінші тоқсанында ҚТГ компаниялар тобында қауіпсіздікті басқарудың біртұтас жүйесін ұйымдастыру мақсатында, персоналдың, мүліктің және ақпараттың сақталып қалынуын қамтамасыз ету үшін, экономикалық, ақпараттық, физикалық және ішкі қауіптерді анықтау және алдын алу арқылы бизнес-процестердің үздіксіздігін қамтамасыз ету үшін, «ҚазТрансГаз» АҚ-ның 2017-2020 жылдарға арналған қауіпсіздік бағдарламасы қолданысқа енгізілді.

Аталған Бағдарламаны іске асыру бойынша Кешенді іс-шаралар жоспарына сәйкес, КҚК ЕТҚ-мен («ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ, «Интергаз Орталық Азия» АҚ,

«Азиялық Газ құбыры» ЖШС, «Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС, «ҚазТрансГаз Өнімдері» ЖШС, «Амангелді Газ» ЖШС, «КазРосГаз» ЖШС, «ҚМГ-Қансу Оперейтинг» ЖШС) өзара әрекеттестікте: экономикалық, ішкі, ақпараттық және физикалық қауіпсіздік тәрізді негізгі бағыттар бойынша жүйелі жұмыстар жүргізді.

ЕТҚ-ның бірінші басшыларының бұйрықтарымен ЕТҚ-да корпоративтік қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша жауапты тұлғалар бекітілді.

Басшылық пен персоналға қауіпсіздікті қамтамасыз етудің тиімді жүйесін белгілеу арқылы ҚТГ-ның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуде «ҚазТрансГаз» АҚ-ның Қауіпсіздік саясаты әзірленіп, қолданысқа енгізілді.

Саясатқа сәйкес КҚҚ жұмысындағы басымдық, қауіптердің негативті түрде дамуына және алдын алу шараларын жасауға ықпал ететін үрдістер мен алғышарттарды уақтылы анықтауға беріледі.

Осы орайда, сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәуекелдерді анықтауды қоса алғанда, негізгі бағыттар бойынша (экономикалық, ішкі, ақпараттық және физикалық қауіпсіздік) тәуекелдерге (қауіптерге) тұрақты негізде талдаулар жүргізіледі.

ҚТГ компаниялар тобында жемқорлықтан бас тартатын және лауазымдық міндеттерді орындаған кезде адалдық пен сатылмайтындық қағидаларын қамтамасыз ететін, жұмыскерлердің құқықтық мәдениетін қалыптастыру мақсатында, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарына сәйкес, «ҚазТрансГаз» АҚ-да Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты әзірленді.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығының алдын алу бойынша превентивті шараларды қабылдауға бағытталған, өткізіліп жатқан кешенді жұмыстар шеңберінде, ҚТГ компаниялар тобы жұмыскерлерінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты бекітілді.

2018 жылы ҚТГ жұмыскерлерінің арасында сыбайлас жемқорлық жағдайлары тіркелген жоқ, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасағаны үшін жұмыскерлерді жұмыстан босату және жазалау фактілері болған жоқ. Аталған негіздер бойынша жұмыскерлермен жасалған еңбек шарттары бұзылған жоқ, қылмыстық істер қозғалған жоқ. ЕТҚ бағыты бойынша ұқсас мәліметтер келіп түскен жоқ және тіркелген жоқ.

Қауіпсіздік оқиғаларының электрондық деректер қорын қалыптастыру және өзекті күйде ұстау бойынша функциялар диспетчерлеу және газды тасымалдау департаментіне жүктелді. 2018 жылы қауіпсіздік оқиғалары тіркелген жоқ.

Террористік тұрғыдан осал болып табылатын, Қоғамның өндірістік және әкімшілік объектілерінің терроризмге қарсы қорғалуы мақсатында және «Террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуының үлгілік паспортын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 12 қарашадағы № 1217 қаулысына сәйкес, 2014 жылы Объектілердің терроризмге қарсы қорғалуының паспорттары әзірленді, оларда теракт жасалу қаупі туындаған жағдайда құқық қорғау органдарымен және Жергілікті атқарушы органдармен өзара әрекеттестіктің жоспарлары (схемалары) және жұмыскерлердің әрекеттері бойынша нұсқаулар қамтылған.

ҚТГ-де ақпараттық қауіпсіздік саясаты әзірленген және бекітілген. ҚТГ-ның, ақпараттық қауіпсіздік бөлігінде қорғалуының сәйкестік дәрежесін анықтау үшін, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобының ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесінің тұжырымдамасын әзірлеу шеңберінде, «ИНФОРМАЗАЩИТА» ҒИК ЖАҚ-тың ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесіне тексеру жүргізілді. Тексеру барысында «ҚазТрансГаз» АҚ компаниялар тобы инфрақұрылымының

сырттан және іштен ену жағынан тексеру үшін ақпараттық технологиялар тесті, сондай-ақ персоналға арналған социотехникалық тест сәтті өтті. Тестілеу нәтижелері бойынша инфрақұрылым жұмысын бұзуға және персоналдың және серверлердің деректерін бақылау мүмкін болған жоқ. 2018 жылы ақпараттық қауіпсіздік бойынша оқиғалар тіркелген жоқ.

Қауіпсіздікті жетілдіру бойынша әртүрлі ұйымдастырушылық-техникалық іс-шаралар әзірленуде. Лауазымды тұлғалар мерзімді түрде күзет қызметі ұйымдарының жұмыстарына тексерулер жүргізеді, сондай-ақ бірлескен жаттығулар жоспарлануда.

Өз қызметінде «ҚазТрансГаз» АҚ және ЕТҚ кешендік қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында «ҚазТрансГаз» АҚ компаниялар тобының ұйымдарында қауіпсіздік жүйесін кезең-кезеңмен реформалау бойынша іс-шараларды орындайды, Қазақстан Республикасының заңнамасын, өзге де нормативтік құқықтық актілерді, ұйымдардың жарғыларын, қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша бөлімшелер туралы ережелерді басшылыққа алады.

Кредиттік рейтингтер және борышқорлық портфельді басқару

2018 жылы Standard&Poor's халықаралық агенттігі «ҚазТрансГаз» АҚ-ның ұзақ мерзімді рейтингін ВВ-ден ВВ-ға дейін көтерді, рейтинг бойынша болжам «тұрақты». Fitch Ratings және Moody's Investors Services агенттігінен кредиттік рейтингтер дәл сол деңгейде расталды.

Рейтинг агенттігі	Компания	Рейтингті растау/өзгерту күні	Рейтинг	Болжам
Standard & Poor's	ҚТГ	2018	ВВ	Тұрақты
FitchRatings	ҚТГ	2018	ВВВ-	Тұрақты
Moody's	ҚТГ	2018	Вaa3	Тұрақты

«ҚазТрансГаз» АҚ «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ бекіткен борышты басқару саясатын басшылыққа ала отырып, қарызды қаржыландыруды тартуды жүзеге асырады, оған сәйкес борыш міндеттемелерінің максималды рұқсат етілген деңгейі анықталды.

2018 жылы Банктер синдикаты (Citibank, N.A., London Branch, Mizuho Bank, Ltd., MUFG Bank Ltd., Société Générale, ING Bank, a branch of ING-DiBa AG, Société Générale Corporate & Investment Banking (the Corporate and Investment Banking Division of Société Générale), Citibank, N.A., Jersey Branch) «ҚазТрансГаз» АҚ-ның атына ақшалай қаражат қарызын берді. Аталған сома \$200 млн. мөлшеріндегі «Бейнеу-Бозой-Шымкент» МГ-де үш компрессорлық станциясының құрылысын салу» инвестициялық жобасын ішінара қаржыландыру шеңберінде «Интергаз Орталық Азия» АҚ атына жолданды;

Сонымен бірге, 2018 жылы Қоғам Синдикат бойынша, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ шығарған Еурооблигациялар және ішкі қарыздар бойынша пайыздарды өтеуді жалғастырды;


**«ҚазТрансГаз» АҚ-ның 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша
шоғырландырылған қарыз портфелі**

Қарыз алушы	Қарыз беруші	Шарт / шығарылым проспектісі бойынша сома	Валюта	Ағымдағы берешек
«ҚазТрансГаз» АҚ	ҚазМұнайГаз ҰК АҚ	14 881 896 750	KZT	14 881 896 750
«ҚазТрансГаз» АҚ	ҚазМұнайГаз ҰК АҚ	25 321 800 000	KZT	25 321 800 000
«ҚазТрансГаз» АҚ	Еурооблигациялар	750 000 000	USD	750 000 000
«ҚазТрансГаз» АҚ	Банктер Синдикаты	200 000 000	USD	200 000 000
«Интергаз Орталық Азия» АҚ	Еуропа қайта құру және даму банкі	68 213 538 529	KZT	54 002 384 555
«Интергаз Орталық Азия» АҚ	Еуропа қайта құру және даму банкі	19 000 000 000	KZT	4 332 634 334
«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ	Еуропа қайта құру және даму банкі	20 000 000 000	KZT	16 111 241 090
«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ	Еуразия даму банкі	7 700 000 000	KZT	7 700 000 000
«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ	Қазақстанның даму банкі	74 027 075 951	KZT	52 815 369 572
«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ	Халықаралық инвесторлар	30 500 000 000	KZT	5 000 000 000

**«ҚазТрансГаз» АҚ-ның 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша
шоғырландырылған берешегінің жалпы мөлшері 1,4 млрд. АҚШ долл.**

Ковенанттар	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл
Берешек/ЕБИТДА <=4.0	2,2	2,8	2,2
Еркін сыйымдылық, млн. \$	676	585	275

Кезеңнің соңындағы ақшалай қаражаттың және оның баламаларының қалдығы, млн. теңге.



Тәуелсіз аудитордың қорытындысы

Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі

«ҚазТрансГаз» АҚ акционеріне, Директорлар кеңесіне және басшылығына

Пікір

Біз «ҚазТрансГаз» АҚ мен оның еншілес ұйымдарының (бұдан әрі – «топ») 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептен, жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есептен, меншікті капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есептен және көрсетілген күнде аяқталған жыл ішіндегі ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есептен тұратын, сондай-ақ есеп саясатының негізгі ережелеріне қысқаша шолуды қоса алғанда, шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер аудитін жүргіздік.

Біздің пікірімізше, қоса беріліп отырған шоғырландырылған қаржылық есептілік барлық маңызды аспектілерде 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың шоғырландырылған қаржылық жағдайын, сондай - ақ оның шоғырландырылған қаржылық нәтижелерін және көрсетілген күнге аяқталған жыл ішіндегі ақша қаражатының шоғырландырылған қозғалысын халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан әрі – «ХҚЕС») сәйкес шынайы көрсетеді.

Пікір білдіру үшін негіз

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (бұдан әрі – «ХАС») сәйкес жүргіздік. Осы стандарттарға сәйкес біздің міндеттеріміз бұдан әрі біздің есептің «Аудитордың шоғырландырылған қаржылық есептілік аудиті үшін жауапкершілігі» бөлімінде сипатталған. Біз бухгалтерлерге арналған Халықаралық этика стандарттары жөніндегі кеңестің Кәсіби бухгалтерлерінің этика кодексіне (бұдан әрі – «СМСЭБ кодексі») сәйкес Топқа қатысты тәуелсіз, және Біз СМСЭБ кодексіне сәйкес басқа да этикалық міндеттерді орындадық. Біз алған аудиторлық дәлелдер пікірімізді білдіру үшін негіз болу үшін жеткілікті және тиісті болып табылады деп есептейміз.

Аудиттің негізгі мәселелері

Аудиттің негізгі мәселелері-бұл біздің кәсіби пайымдауымызға сәйкес, біздің ағымдағы кезеңдегі шоғырландырылған қаржылық есептілік аудитіміз үшін аса маңызды болып табылатын мәселелер. Бұл мәселелер тұтастай алғанда

шоғырландырылған қаржылық есептілікке аудитіміздің контекстінде және осы есептілік туралы біздің пікірімізді қалыптастыру кезінде қаралды және біз осы мәселелер бойынша жеке пікір білдірмейміз. Төменде көрсетілген әрбір сұрақтардың ара қатынасында тиісті мәселе біздің аудит барысында қалай қаралғанын сипаттау осы контексте келтіріледі.

Біз қорытындының «Аудитордың шоғырландырылған қаржылық есептілік аудиті үшін жауапкершілігі» бөлімінде, оның ішінде осы мәселелерге қатысты сипатталған міндеттерді орындадық. Сәйкесінше, біздің аудит шоғырландырылған қаржылық есептілікті елеулі бұрмалау тәуекелдерін бағалауға жауап ретінде әзірленген рәсімдерді орындауды қамтыды. Біздің аудиторлық рәсімдеріміздің нәтижелері, оның ішінде төменде көрсетілген мәселелерді қарау барысында орындалған рәсімдер қоса беріліп отырған шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы біздің аудиторлық пікірімізді білдіру үшін негіз болады.

Аудиттің негізгі мәселелері

Біздің аудит барысында тиісті негізгі мәселе ретінде қаралды

Қаржы активтерінің өтеуі

2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың «Бейнеу-Шымкент» Газ Құбыры» ЖШС-не инвестициялары бар, Топтың бірлескен кәсіпорны, сонымен қатар осы бірлескен кәсіпорынға берілген елеулі қарыздары бар.

Инвестициялардың өтеуін және заемдардың қайтарылуын бағалау күрделі, едәуір дәрежеде субъективті болып табылады және қарыз қайтарушының болжамды төлем қабілеттілігіне негізделеді. Осы себептер бойынша бұл мәселе біздің аудитіміз үшін ең маңызды болып табылады.

Біз «Бейнеу-Шымкент» Газ Құбыры» ЖШС инвестицияларының өтімділігін және осы бірлескен кәсіпорынға берілген қарыздарды бағалау процесін түсіндік. Біз «Бейнеу-Шымкент» Газ Құбыры» ЖШС-нің қаржылық есебі мен ұзақ мерзімді бизнес-үлгісін қоса алғанда, Топ пайдаланатын ақпаратты талдап көрдік. Біз модельдің негізгі жорамалдарын және математикалық дұрыстығын бағаладық. Біз «Бейнеу-Шымкент» Газ Құбыры» ЖШС бизнес-моделінің Топта бар сату шарттары негізінде газ тасымалдау жөніндегі қызметтерге күтілетін сұранысқа сәйкестігін қарастырдық.

«Бейнеу-Шымкент» Газ Құбыры»

ЖШС-дағы инвестициялармен және осы бірлескен кәсіпорынға берілген заемдармен байланысты ақпарат шоғырландырылған қаржылық есептілікте 6 және 8 *Ескертулерде* ашылады.

Газ құбырларын жою және учаскелерді қалпына келтіру бойынша резерв

Біз бұл мәселені аудиторлық тексерудегі ең маңызды мәселелердің бірі деп санаймыз, өйткені газ құбырларын жою және учаскелерді қалпына келтіру жөніндегі резервті есептеу болашақ шығындарды бағалаудың күрделілігіне және осы міндеттеменің шоғырландырылған қаржылық есептілік үшін маңыздылығына байланысты айтарлықтай пайымдауды талап етеді. Газ құбырларын жою және учаскелерді қалпына келтіру жөніндегі резервке қатысты есебі жоюдың күтілетін тәсілінің және дисконт ставкаларының әсерін, инфляция қарқынының өзгерістерімен қатар жергілікті заңнамадағы өзгерістердің әсерін назарға алады.

Біздің аудиторлық рәсімдеріміз жергілікті заңнамаларға және қолданыстағы іскерлік тәжірибеге сәйкес келетін шарттық келісімдер негізінде, жою процесіне қатысты заңдық және конструктивтік міндеттемелерді түсінуді қамтиды. Біз болашақ шығындарды бағалау үшін Топ тартқан сарапшылардың құзыреттілігі мен объективтілігін қарастырдық. Біз есептеулерді зерделеп, пайдаланылған дисконттау ставкасын инфляция деңгейін бағаладық.

Газ құбырларын жою және учаскені қалпына келтіру жөніндегі резервке байланысты ақпарат шоғырландырылған

қаржылық есептілікте 2 және 18-
Ескертпелерде берілген.

Несиелік шарттық міндеттемелерді сақтау

Несиелік келісімдердің шарттарына сәйкес Топ белгілі бір қаржылық және қаржылық емес көрсеткіштерді қолдауы және сақтауы тиіс. Көрсеткіштердің бұзылуы қаржыландыру тапшылығымен қатар айтарлықтай айыппұлдар мен өсімпұлдарға әкеп соғуы мүмкін. Бұдан басқа, Топтың несиелік келісімдеріне сәйкес кросс-дефолт туралы ереже қолданылады. Көрсеткіштерді сақтау аудиторлық тексерудегі ең маңызды мәселелердің бірі болып табылады, өйткені шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде пайдаланылатын қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалдауға, сондай-ақ қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептегі несиелік келісімдер бойынша міндеттемелерді жіктеуге үлкен қатысы бар.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікте *16-Ескертпеде* несиелік шарттық міндеттемелер туралы ақпарат ашылған.

Топтың 2018 жылғы Жылдық есебіне енгізілген өзге ақпарат

Басқа ақпарат топтың жылдық есебінде қамтылған ақпаратты қамтиды, бірақ шоғырландырылған қаржылық есептілікті және ол туралы біздің аудиторлық қорытындыларды қамтымайды. Басқа ақпарат үшін басшылық жауап береді. Топтың жылдық есебі осы аудиторлық есеп күнінен кейін ұсынылады.

Шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы біздің пікіріміз басқа ақпаратқа қолданылмайды және біз осы ақпаратқа қатысты қандай да бір нысанда сенім білдіретін қорытындыларды ұсынбаймыз.

Біздің шоғырландырылған қаржылық есептілікке аудит жүргізуімізге байланысты біздің міндетіміз жоғарыда көрсетілген, ол бізге берілген кезде басқа ақпаратпен танысу және бұл ретте, өзге ақпарат пен шоғырландырылған қаржылық есептілік немесе аудит барысында алынған біздің біліміміз арасында елеулі сәйкессіздік бар ма және өзге де елеулі бұрмалаушылықтар жоқ па деген мәселені қарау болып табылады.

Басшылықтың және Директорлар кеңесінің шоғырландырылған қаржылық есептілік үшін жауапкершілігі

Басшылық ХҚЕС-ке сәйкес көрсетілген шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау және дұрыс ұсыну үшін және теріс пиғылды әрекеттер немесе қателер салдарынан елеулі бұрмалаушылықтары жоқ шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау үшін қажет деп санайтын ішкі бақылау жүйесі үшін басшы жауапты болады.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық Топтың үздіксіз қызметті жалғастыру қабілетін бағалауға, басшылық Топты жоюға, оның қызметін тоқтатуға ниеттенген немесе оның осындай іс-әрекеттерге нақты баламасы жоқ жағдайларды қоспағанда, қызметтің үздіксіздігі туралы жол беру негізінде есептілікті жасауға жауапты болады.

Директорлар кеңесі Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындау процесін қадағалауға жауапты болады.

Аудитордың шоғырландырылған қаржылық есептілік аудиті үшін жауапкершілігі

Біздің мақсаттарымыз шоғырландырылған қаржылық есептілікте жалпы теріс пиғылды іс-әрекеттер мен қателердің салдарынан елеулі бұрмалаушылықтар болмайтындығына және біздің пікіріміз бар аудиторлық есепті шығаруда ақылға қонымды сенімділік алу болып табылады. Ақылға қонымды сенімділік жоғары сенімділік болып табылады, бірақ Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес тексерілген аудит бар болған жағдайда Елеулі бұрмалауды анықтайтынына кепілдік болып табылмайды. Іздеу теріс пиғылды әрекеттердің нәтижесі болуы мүмкін және егер жеке немесе жиынтығында олар осы шоғырландырылған қаржылық есептілік негізінде қабылданатын пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп болжауға

болатын болса, елеулі болып саналады. Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілетін аудит шеңберінде біз кәсіби пікірді қолданамыз және бүкіл аудит барысында кәсіби скептицизмді сақтаймыз. Сонымен қатар, біз төмендегілерді орындауымыз:

- теріс пиғылды әрекеттер немесе қателер салдарынан шоғырландырылған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалау тәуекелдерін анықтаймыз және бағалаймыз, осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық рәсімдерді әзірлейміз және өткіземіз, сондай-ақ біздің пікірімізді білдіру үшін негіз болу үшін жеткілікті және тиісті болып табылатын аудиторлық дәлелдемелерді аламыз. Теріс пиғылды іс-әрекеттер нәтижесінде елеулі бұрмалауды анықтамау тәуекелі қателер нәтижесінде елеулі бұрмалауды анықтамау тәуекеліне қарағанда жоғары, өйткені теріс пиғылды іс-әрекеттер сөз байласу, жалған сөз байласу, қасақана өткізу, ақпаратты бұрмалау немесе ішкі бақылау жүйесін айналып өту іс-әрекеттерін қамтуы мүмкін;
- топтың ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікір білдіру мақсатында емес, аудиторлық рәсімдерді әзірлеу мақсатында аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесін түсінуді аламыз;
- қолданылатын есеп саясатының тиісті сипатын және басшылық белгілеген бухгалтерлік бағалау мен тиісті ақпаратты ашудың негізділігін бағалаймыз;
- басшылықтың Қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалдарды қолданудың заңдылығы туралы қорытынды жасаймыз және алынған аудиторлық дәлелдемелер негізінде Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетіне айтарлықтай күмән тудыруы мүмкін оқиғаларға немесе жағдайларға байланысты елеулі белгісіздік бар-жоғы туралы қорытынды жасаймыз. Егер біз елеулі белгісіздіктің болуы туралы қорытындыға келсек, біз аудиторлық есепте шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі ақпараттың тиісті ашылуына назар аударуымыз керек немесе, егер ақпаратты ашу мүмкіндігі болмаса, біздің пікірімізді түрлендіруіміз керек. Біздің қорытындыларымыз аудиторлық есеп беруімізге дейін алынған аудиторлық дәлелдемелерге негізделген. Алайда болашақ оқиғалар немесе жағдайлар топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін жоғалтуына әкелуі мүмкін;
- тұтастай алғанда шоғырландырылған қаржылық есептілікті ұсынуды, оның мазмұнының құрылымын, ақпаратты ашуды қоса алғанда, сондай-ақ шоғырландырылған қаржылық есептіліктің оның негізінде жатқан операциялар мен оқиғаларды шынайы ұсыну қамтамасыз етілетіндей етіп ұсынатындығын бағалауды жүргіземіз;

- шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы пікір білдіру үшін ұйымның қаржылық ақпаратына және Топ ішіндегі шаруашылық қызметке қатысты жеткілікті тиісті аудиторлық дәлелдемелерді аламыз. Біз Топтың жалпы басқаруына, бақылауына және аудитін жүргізуге жауап береміз. Біз аудиторлық пікірімізге жеке жауапты болып табыламыз.

Біз сонымен қатар Директорлар кеңесімен ақпараттық әрекетті жүзеге асыра отырып, аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері туралы, сондай-ақ аудит нәтижелері бойынша елеулі ескертулер туралы, ішкі бақылау жүйесінің елеулі кемшіліктері туралы аудит барысында анықтаған жағдайда ақпаратты жеткіземіз.

Біз сондай-ақ тәуелсіздікке қатысты барлық тиісті этикалық талаптарды сақтағандымыз жөнінде Директорлар кеңесіне кіретін тұлғаларға мәлімдедік және бұл тұлғаларды аудитордың тәуелсіздігіне негізді түрде әсер ететін деп санауға болатын барлық өзара қарым-қатынастар мен басқа да мәселелер туралы, ал қажет болған жағдайларда тиісті сақтық шаралары туралы хабардар еттік.

Біз Директорлар кеңесінің назарына жеткізген мәселелерден біз ағымдағы кезеңдегі шоғырландырылған қаржылық есептілік аудиті үшін неғұрлым маңызды болған және тиісінше, аудиттің негізгі мәселелері болып табылатын сұрақтарды анықтаймыз. Біз бұл мәселелерді біздің аудиторлық есепте сипаттаймыз, осы мәселелер туралы ақпаратты жария түрде ашу заңмен немесе нормативтік актімен тыйым салынған болса немесе өте сирек жағдайларда біз ақпаратты хабарлаудың теріс салдары оның хабарламасынан қоғамдық маңызы бар пайдадан асып түседі деп негізді түрде болжауға болатын қандай да бір мәселе туралы ақпарат біздің есепте хабарланбауымыз керек деген қорытындыға келеміз.

Аудит жүргізуге жауапты басшы, оның нәтижелері бойынша тәуелсіз аудитордың осы аудиторлық есебі шығарылды, - Пол Кон.

Пол Кон

Аудит бойынша серіктес

Айгерим Нуркенова

Аудитор

Аудитордың біліктілік
куәлігі No. МФ-0000115
21 қыркүйектен 2012

Қазақстан Республикасының
аумағында аудиторлық қызметпен
айналысуға мемлекеттік лицензия
сериясы МФЮ-2 №0000003
2005 жылғы 15 шілдеде
Қазақстан Республикасының Қаржы
министрлігімен берілген

Гульмира Турмаганетова

«Эрнст энд Янг» ЖШС

Бас директоры

050060, Қазақстан Республикасы,
Алматы қ. Аль-Фараби даңғылы, 77/7,
«Есентай Тауэр» ғимараты

20 ақпан 2019 жыл

«ҚазТрансГаз» АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

31 желтоқсандағы жағдай бойынша

<i>Мың теңгемен</i>	ескерту	2018 жыл	2017 жыл
Активтер			
Айналымнан тыс активтер			
Негізгі қаражат	4	990.553.112	873.582.370
Барлау және бағалау бойынша активтер	5	11.839.832	12.051.402
Материалдық емес активтер		5.695.763	4.747.183
Бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар	6	21.899.371	5.185.395
Айналымнан тыс активтер үшін берілген аванстар	7	8.733.969	2.928.599
Байланысты тарапқа қарыздар	8	154.926.469	135.190.963
Айналымнан тыс қаржы активтері		2.373.194	2.078.177
Өтеуге ҚҚС	9	92.910.112	48.321.910
Кейінге қалдырылған салық активтері	28	189.372	3.527.073
Басқа да айналымнан тыс активтер		375.136	265.735
Банктік салымдар	10	4.611.916	5.404.411
		1.294.108.246	1.093.283.218
Айналым активтері			
Тауарлық-материалдық қорлар	12	60.257.659	17.593.716
Сауда және өзге де дебиторлық берешек	13	126.884.462	160.368.738
Байланысты тарапқа қарыздар	8	71.392.215	72.366.122
Берілген аванстар	7	5.655.622	4.843.166
Табыс салығынан басқа салықтар бойынша алдын ала төлем	9	10.651.416	7.846.304
Корпоративтік табыс салығы бойынша алдын ала төлем		20.728.947	16.731.818
Басқа айналым активтері		637.169	241.464
Банктік салымдар	10	39.212	148.116
Ақша қаражаты және олардың баламалары	11	151.155.747	23.974.879
		447.402.449	304.060.323
Активтер жиынтығы		1.741.510.695	1.397.343.541

«ҚазТрансГаз» АҚ Шоғырландырылған қаржылық есептілік
ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (жалғасы)

31 желтоқсандағы жағдай бойынша

<i>Мың теңгемен</i>	ескерту	2018 жыл	2017 жыл
Капитал және міндеттемелер			
Капитал			
Жарғылық капитал	14	192.623.055	192.623.055
Қосымша төленген капитал	14	249.054.740	243.148.277
Есептілік валютасын қайта есептеу бойынша резерв		546.149	546.149
Бөлінбеген пайда		358.270.270	210.707.808
		800.494.214	647.025.289
Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	15	291.626.098	252.649.513
Пайыздық қарыздар	16	181.478.932	113.304.947
Байланысты тараптан қарыздар	17	9.905.541	9.335.226
Қызметкердің сыйақыларын төлеу бойынша міндеттеме		1.715.974	1.110.423
Резервтер	18	60.764.700	51.674.958
Басқа да ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер		2.128.487	1.570.175
Басқа да ұзақ мерзімді міндеттемелер	19	8.111.532	8.327.738
Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері	28	51.828.912	41.101.462
		607.560.176	479.074.442
Қысқа мерзімді міндеттемелер			
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	15	3.420.482	11.871.439
Пайыздық қарыздар	16	31.105.703	19.321.945
Байланысты тараптан қарыздар	17	26.198.509	43.386.615
Резервтер	18	34.582.390	24.629.398
Сауда және өзге де кредиторлық берешек	20	209.375.852	149.109.414
Табыс салығынан басқа төлеуге салынатын салықтар		3.219.598	1.642.303
Шарт бойынша міндеттемелер	21	9.066.269	5.635.991
Басқа да қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер		3.420.675	2.634.602
Басқа да қысқа мерзімді міндеттемелер	22	13.066.827	13.012.103
		333.465.305	271.243.810
Капитал мен міндеттемелер жиынтығы		1.741.510.695	1.397.343.541

Бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары

Жанұзақ Т.Ж.

Бас бухгалтер

Мельдеханов Б.Н.

Қоса беріліп отырған 6-дан 65-ке дейінгі беттегі ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің бөлігі болып табылады

«ҚазТрансГаз» АҚ Шоғырландырылған қаржылық есептілік
ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

Аяқталған жылдар үшін, 31 желтоқсанда

<i>Мың теңгемен</i>	ескерту	2018 жыл	2017 жыл
Сатудан түскен кірістер	23	921.179.600	581.756.771
Сатудың өзіндік құны	24	(678.104.234)	(434.793.202)
Жалпы пайда		243.075.366	146.963.569
Жалпы және әкімшілік шығындар	25	(26.153.670)	(21.454.044)
Күтілетін кредиттік шығындар бойынша резервті түзету		1.349.077	-
Басқа операциялық кірістер	26	4.767.720	5.064.173
Басқа операциялық шығыстар	26	(14.604.064)	(8.460.431)
Операциялық пайда		208.434.429	122.113.267
Капитал сатудан түсетін табыс	2	15.109.842	-
Қаржылық табыс	27	13.884.999	14.530.067
Қаржылық шығындар	27	(38.977.393)	(36.924.516)
Бірлескен кәсіпорындардың пайдасындағы/ (шығынындағы) үлесі	6	16.748.976	(633.390)
(Теріс)/оң бағамдық айырма, нетто		(11.560.507)	373.836
Салық салынғанға дейінгі пайда		203.640.346	99.459.264
Табыс салығы бойынша шығыстар	28	(47.665.288)	(24.678.324)
Жыл ішіндегі таза пайда		155.975.058	74.780.940
Өзге жиынтық шығын		(208.970)	(257.920)
Кейінгі кезеңдерде пайда мен залал құрамына қайта жіктеуге жатпайтын жиынтық залал			
Белгіленген төлемдері бар жоспарлар бойынша актуарлық шығын		(261.212)	(322.400)
Табыс салығы бойынша жеңілдіктердің әсері	28	52.242	64.480
Кейінгі кезеңдерде пайда мен шығын құрамына қайта жіктеуге жатпайтын таза жиынтық шығын		(208.970)	(257.920)
Табыс салығын шегергенде бір жылғы жиынтық кіріс жиынтығы		155.766.088	74.523.020
Акцияға пайда			
Бас компанияға келетін бір жылдағы акцияға базалық және ажыратылған пайда	14	0,44	0,21

Бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары

Жанұзақ Т.Ж.

Бас бухгалтер

Мельдеханов Б.Н.

Қоса беріліп отырған 6-дан 65-ке дейінгі беттегі ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің бөлігі болып табылады

АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

<i>Мың теңгемен</i>	Аяқталған жылдар үшін, 31 желтоқсанда		
	ескерту	2018 жыл	2017 жыл
Операциялық қызметтен түскен ақша ағындары:			
Клиенттерден түскен түсімдер		996.665.350	584.834.883
Жеткізушілерге берілген аванстарды қайтару		-	32.579.501
Басқарушылық гонорар бойынша ақшалай түсімдер		14.180.776	18.647.418
Алынған сыйақы		7.191.299	4.554.396
Бюджеттен салықтарды қайтару		4.807.244	4.112.650
Басқа да түсімдер		989.364	727.624
Жеткізушілерге төлемдер		(695.365.711)	(430.060.274)
Төленген табыс салығы		(35.521.315)	(28.897.423)
Бюджетке төленетін басқа да салықтар мен төлемдер		(36.516.476)	(30.076.458)
Төленген пайыздар		(29.826.155)	(14.335.880)
Қызметкерлерге төлемдер		(41.394.834)	(32.927.904)
Басқа да төлемдер		(6.364.913)	(2.396.899)
Операциялық қызметтен алынған таза ақша ағындары		178.844.629	106.221.634
Инвестициялық қызметтен түсетін ақша ағындары:			
Қатысу үлесін сатудан түсетін түсімдер	2	14.472.800	-
Банктік депозиттерді қайтару		1.145.123	131.093.676
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатудан түскен ақша қаражатының түсімдері		275.258	25.810
Байланысты тараптар өтеген қарыздар	8	16.294.978	-
Алынған дивидендтер	6	35.000	-
Бағалы қағаздарды сатудан түсетін түсімдер	3	13.910.001	-
Банк салымдарын орналастыру		(368.707)	(113.830.937)
Барлау және бағалау бойынша негізгі құралдарды, материалдық емес активтерді және активтерді сатып алу		(120.941.399)	(107.235.401)
Байланысты тараптарға берілген қарыздар	8	(11.032.435)	(136183.151)
Бағалы қағаздарды сатып алу	3	(13.910.001)	-
Инвестициялық қызметте пайдаланылған таза ақша ағындары		(100.119.382)	(226.130.003)
Қаржылық қызметтен түскен ақша ағындары:			
Пайыздық қарыздар және шығарылған борыштық бағалы қағаздар бойынша түсімдер	15, 16, 31	115.019.917	574.287.516
Байланысты тараптан қарыздар бойынша түсімдер	17, 31	-	25.321.800
Пайыздық қарыздарды және шығарылған борыштық бағалы қағаздарды өтеу	15, 16, 31	(55.504.846)	(378.450.204)
Байланысты тараптан қарыздарды өтеу	17, 31	(18.983.228)	(142.309.300)
Қарызды ұйымдастыру үшін комиссия		(786.120)	(1.218.014)
Қаржылық қызметтен таза ақша ағындары		39.745.723	77.631.798
Ақша қаражаты және олардың баламалары бойынша таза бағамдық айырмашылық		8.709.898	4.262.990
Ақша қаражатындағы және олардың баламаларындағы таза өзгеріс		127.180.868	(38.013.581)
Жыл басындағы ақша қаражаты және олардың баламалары	11	23.974.879	61.988.460
Жыл соңындағы ақша қаражаты және олардың баламалары	11	151.155.747	23.974.879

Бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары

Жанұзақ Т.Ж.

Бас бухгалтер

Мельдеханов Б.Н.

Қоса беріліп отырған 6-дан 65-ке дейінгі беттегі ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің бөлігі болып табылады

КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕРДЕН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

<i>Мың теңгемен</i>	Жарғылық капитал	Қосымша төленген капитал	Есептілік валютасын қайта есептеу бойынша резерв	Бөлінбеген пайда	Барлығы
2017 жылдың 1 қаңтарында	179.655.175	241.030.926	546.149	144.552.528	565.784.778
Жыл ішіндегі таза пайда	-	-	-	74.780.940	74.780.940
жыл ішіндегі өзге де жиынтық шығын	-	-	-	(257.920)	(257.920)
Жыл ішіндегі жиынтық кіріс жиынтығы	-	-	-	74.523.020	74.523.020
Акциялар шығарылымы (Ескерту 14)	12.967.880	(12.967.880)	-	-	-
Акционер тарапынан жарна (Ескерту 14 және 17)	-	15.085.231	-	-	15.085.231
Акционермен басқа да операциялар (Ескерту 14)	-	-	-	(8.367.740)	(8.367.740)
2017 жылдың 31 желтоқсанында	192.623.055	243.148.277	546.149	210.707.808	647.025.289
2018 жылдың 1 қаңтарында	192.623.055	243.148.277	546.149	210.707.808	647.025.289
Қолдану әсері МСФО (IFRS) 9 (Ескерту 3)	-	-	-	(2.503.626)	(2.503.626)
2018 жылдың 1 қаңтарында (қайта есептелінді)	192.623.055	243.148.277	546.149	208.204.182	644.521.663
Жыл ішіндегі таза пайда	-	-	-	155.975.058	155.975.058
Жыл ішіндегі өзге де жиынтық шығын	-	-	-	(208.970)	(208.970)
Жыл ішіндегі жиынтық кіріс жиыны	-	-	-	155.766.088	155.766.088
Акционер тарапынан жарна (Ескерту 14)	-	8.906.463	-	-	5.906.463
Акционермен басқа да операциялар (Ескерту 14)	-	-	-	(5.700.000)	(5.700.000)
2018 жылдың 31 желтоқсанында	192.623.055	249.054.740	546.149	358.270.270	800.494.214

Бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары

Жанұзақ Т.Ж.

Бас бухгалтер

Мельдеханов Б.Н.

Қоса беріліп отырған 6-дан 65-ке дейінгі беттегі ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің бөлігі болып табылады

«ҚазТрансГаз» АҚ-ның 2018 жылы Корпоративтік басқару кодексінің қағидаларын сақтауы туралы есебі

Корпоративтік басқару кодексінің қағидалары

2015 жылы жаңа редакциядағы Корпоративтік басқару кодексі бекітілді. «ҚазТрансГаз» АҚ-ның Корпоративтік басқару кодексі ҚР Үкіметінің 15.04.2015ж. №239 қаулысымен бекітілген «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-ның Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес әзірленді.

Кодекстің негізгі қағидалары мыналар болып табылады:

- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Жалғыз акционер ретінде;
- «ҚазТрансГаз» АҚ-ның және оның еншілес және бірлесіп бақыланатын ұйымдарының өзара әрекеттестігі. «ҚазТрансГаз» АҚ-ның акционер/қатысушы ретіндегі рөлі;
- Тұрақты даму;
- Жалғыз акционердің құқықтары және Жалғыз акционерге деген әділ қарым-қатынас;
- Директорлар кеңесінің және атқарушы органның тиімділігі;
- Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және аудит;
- Ашықтық.

1. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Жалғыз акционер ретінде.

«ҚазТрансГаз» АҚ-ның жалғыз акционері «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ болып табылады.

Жалғыз акционер Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қоғамның Жарғысында көзделген, Қоғамның Жалғыз акционерінің өкілеттіктерін іске асыру арқылы ғана және Қоғамның Директорлар кеңесінде өкілдік ету арқылы ғана қатысады.

Жалғыз акционердің құқықтарын жүзеге асыру тәртібі, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасының 06.06.2014ж. шешімімен (№60 хаттама) бекітілген «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның Акционердің (қатысушының) құқықтарын жүзеге асыру қағидаларымен белгіленген.

Қоғамның Жалғыз акционерінің функциялары Қоғамның Жарғысында нақты белгіленген және оның функцияларын «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның келесі органдары атқарады:

- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның Директорлар кеңесі – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Жарғысының 13-бабының 98-тармағы 50) тармақшасында көзделген мәселелері бойынша;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасы – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Жарғысымен «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің құзыретіне жатқызылған мәселелерді есепке алмағанда, Қоғамның Жалғыз акционерінің айрықша құзыретіне жататын Қоғам қызметінің мәселелері бойынша.

2. «ҚазТрансГаз» АҚ-ның және оның еншілес және бірлесіп бақыланатын ұйымдарының өзара әрекеттестігі. «ҚазТрансГаз» АҚ-ның акционер/қатысушы ретіндегі рөлі.

Қоғамдағы және оның еншілес және бірлесіп бақыланатын ұйымдарындағы корпоративтік басқару жүйесі тиісті бақылауды және олардың қызметінің бақылануын қамтамасыз етеді және ұзақ мерзімді құнының өсіміне және тұрақты дамуға бағытталған.

Қоғам, еншілес және бірлесіп бақыланатын ұйымдарды басқаруға, акционер/қатысушының құқықтарын іске асыру арқылы, сондай-ақ Директорлар кеңесіндегі және Қадағалау кеңестеріндегі өкілдіктері арқылы қатысады.

Акционер/қатысушының өкілеттіктері еншілес және бірлесіп бақыланатын ұйымдардың жарғыларында белгіленген және толық көлемде корпоративтік басқарудың талаптарына және стандарттарына сәйкес келеді.

Қоғам жүзеге асыратын басқару мен еншілес және бірлесіп бақыланатын ұйымдардың өздерінің қызметін жүзеге асырудағы жедел шешімдер қабылдауындағы дербестікті ұсынуының арасындағы балансты Қоғам тиісті деңгейде қамтамасыз етеді.

3. Тұрақты даму

Бизнестің тұрақты дамуы – бұл кәсіпорын дамуының бірегей стратегиясы және оның арқасында компанияның бәсекелі нарықтағы ұзақ мерзімді сәтті тіршілігі қамтамсыз етіледі.

Компанияның тұрақтылығы – бұл бизнестің қауіпсіздік (өндірістік және экологиялық); жауапкершілік (компанияның өңірлер тұрғындарының және кәсіпорын жұмыскерлерінің алдындағы әлеуметтік тартымдылығы); өндірістің экологиялықлығы (пайдаланылатын ресурстардың сақталуы және ұдайы өсуі) тәрізді бағыттарда нарық үшін аса тартымды болып көріну қабілеттілігі.

2013 жылдан бастап ҚТГ-да GRI нұсқаулығына сәйкес дайындалған, Тұрақты даму саласындағы есеп (Есеп) жарияланады.

2018 жылы ҚТГ, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ» Корпоративтік басқару кодексінің қағидаларын ұстана отырып, ҚМГ компаниялар тобы бойынша 2017 жылғы тұрақты даму туралы жиынтық есепті құру мақсатында, компанияның экономикаға, қоршаған ортаға әсері туралы ақпаратты ұсынды.

Есепте, тұрақты даму тұрғысынан алғандағы қызметтің аса елеулі аспектілері қозғалады: мүдделі тараптармен өзара әрекеттестік, қоршаған ортаны қорғау, еңбекті қорғау және өндіріс қауіпсіздігі, адами капиталды дамыту, Компаниялар тобының қатысы бар өңірлерді дамытуға инвестициялар құю.

Есепте елеулі назар мүдделі тараптармен диалогты кеңейтуге бөлінген – бұл мәселелер Компаниялар тобының ашықтығын көтеру үшін және оның қызметінің әлемдік үздік практикаларға сәйкестігін арттыру үшін түбегейлі маңызды болып саналады.

Құжатта маңызды орын, Компаниялар тобының өндірістік процестерінің экологиялық жағдайға әсері туралы мәліметтерге бөлінген. Өндірістің қоршаған ортаға кері әсерін төмендету – Компаниялар тобының стратегиялық басымдықтарының бірі болып табылады.

Есептің елеулі бөлігі Компаниялар тобының еңбек қауіпсіздігі және өз жұмыскерлерінің денсаулығын сақтауды қамтамасыз ету саласындағы іс-әрекеттерге арналған.

Есепте жұмыскерлерді әлеуметтік қолдау саласындағы ақпарат ұсынылған, ол Компаниялар тобының Қазақстанның үздік жұмыс берушілерінің бірінің мәртебесін қолдауға ұмтылауды бейнелейді.

Есепте Компаниялар тобының жергілікті қоғамдастықтармен өзара әрекеттестігі сипатталады: онда әлеуметтік серіктестік қағидалары, Компанияның қатысы бар аумақтарды дамытуға қатысты Компания қызметіне қойылатын негізгі тәсілдер, жүзеге асырылатын әлеуметтік бағдарламалар мен жобалар көрсетілген.

4. Жалғыз акционердің құқықтары және Жалғыз акционерге қатысты әділ қарым-қатынас.

Қоғам Жалғыз акционердің құқықтарын іске асыруды және оған қатысты әділ қарым-қатынасты қамтамасыз етеді.

Қоғамның Жалғыз акционерінің құқықтары, міндеттері мен құзыреттері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген және Қоғамның Жарғысында бекітілген.

Жалғыз акционер Жалғыз акционердің құқықтарын іске асыру арқылы және Қоғамның Директорлар кеңесіндегі өкілдік арқылы, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте Қоғамды басқаруға қатысады.

Қоғам өзінің қызметі туралы ақпаратты Жалғыз акционердің назарына:

- Қоғамның жылдық есебі арқылы;

- Қоғамның интернет-ресурсы арқылы;

- Жалғыз акционердің сұраулары бойынша, Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қоғамның Жарғысында белгіленген тәртіпте;

- Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсы арқылы;

- Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес өзге де тәсілдер арқылы жеткізеді.

Жалғыз акционерге ашылатын ақпараттың тізбесі «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген.

Жалғыз акционер сұрайтын ақпаратты, Қоғам белгіленген мерзімде және толық көлемде береді.

5. Директорлар кеңесінің және атқарушы органның тиімділігі.

Қоғамның Директорлар кеңесінің қызметі Қоғам Жарғысымен және Директорлар кеңесі туралы ережемен регламенттелген. Директорлар кеңесі Жалғыз акционердің және атқарушы органның айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді есепке алмағанда, Қоғамның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.

2018 жылы Қоғамның Директорлар кеңесі 21 отырыс өткізіп, 94 мәселені қарастырды.

Қоғамның Директорлар кеңесінің қызметі Жалғыз акционердің мүдделерін барынша сақтау, Жалғыз акционердің және Қоғамның мүдделерін іске асыру; Жалғыз акционердің құқықтарын қорғау және Қоғам қызметіне жауапкершілік қағидаларына негізделеді.

Қоғамның Директорлар кеңесі бес директордан тұрады, оның үшеуі Жалғыз акционердің өкілдері және екеуі – тәуелсіз директор болып табылады. Тәуелсіздік өлшемшарттары Қазақстан Республикасы заңнамасымен, сондай-ақ корпоративтік басқару саласындағы әлемдік озық практикалармен анықталған.

Қоғамның Директорлар кеңесінің функцияларын тиімді орындауында көмек көрсету мақсатында, аса маңызды мәселелерді қарастыру және ұсынымдар даярлау үшін Директорлар кеңесінің жанында үш комитет жұмыс жасайды:

Аудит жөніндегі комитет;

Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитет;

Стратегия жөніндегі комитет.

2018 жылы Аудит жөніндегі комитеттің 15 отырысы өтті, онда 33 мәселе қаралды, Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитеттің 10 отырысы, онда 21 мәселе қаралды, Стратегия жөніндегі комитеттің 14 отырысы өтті, оларда 40 мәселе қаралды.

Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылық етуді Басқарма нысанындағы алқалық орган жүзеге асырады, оны Басқарма төрағасы басқарады. Қоғам Басқармасының (бұдан

әрі – Басқарма) жұмысы Жалғыз акционердің мүдделерін барынша сақтауға, сондай-ақ Қоғамның міндеттерін орындауға және оның стратегияларын іске асыруға бағытталған.

2018 жылы Басқарма 51 отырыс өткізіп, 166 мәселені қарады. Басқарма қызметі Қоғам Жарғысымен және Қоғамның Директорлар кеңесінің 2014 жылы жаңа редакциядағы шешімімен бекітілген Басқарма туралы ережесімен регламенттеледі.

Басқарма қызметінің негізгі қағидалары мыналар болып табылады: адалдық; парасаттылық; сақтық; жүйелілік; кәсіпқойлық және объективтілік. Басқарма Топтарының тәуекелдерін корпоративтік басқару саласындағы шешімдерді қабылдаған кезде ҚТГ Басқармасына көмек көрсетуге тартылған, Басқарма жанында құрылған Тәуекелдер комитеті, 2018 жылдың 1,2,3 және 4 тоқсандарындағы тәуекелдер бойынша есептерді, соның ішінде Тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарын орындау бойынша есепті және ҚТГ-ның Өндірістік емес тәуекелдерінің тізілімін ҚТГ Басқармасының отырысында қарап, одан әрі қарастыру үшін мақұлдады.

6. Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және аудит

Қоғамның органдары мен жұмыскерлері сақтаулары тиіс ішкі бақылау рәсімдері, Қоғамның мақсаттарына, міндеттеріне және жоспарларына тиімді ішкі бақылауды қамтамасыз ету бойынша, стандартты емес операцияларды анықтау және жасау бойынша, сондай-ақ Қоғамның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлері тарапынан тәуекелдердің және ықтимал заңсыз әрекеттердің алдын алу, шектеу және ескерту бойынша іс-шаралар мен іс-әрекеттердің құжаттамалық тиянақталған жүйесі болып табылады.

7. Ашықтық

Қоғам корпоративтік басқарудың озық практикасына сәйкес және Қоғамның Директорлар кеңесінің 2013 жылы бекіткен Ақпараттық саясат туралы ережесіне сәйкес, өзінің қызметіне қатысты барлық елеулі фактілер туралы, соның ішінде өзінің қаржылық жағдайы, қызметінің нәтижелері туралы, меншігінің құрылымы және Қоғамды басқаруы туралы анық ақпараттың және өзге де ақпараттың уақтылы ашылуын қамтамасыз етеді. Аталған ақпарат Қоғамның ресми интернет-сайтында жарияланады.

Глоссарий

АГТКС – автомобильдік газ толтыру компрессорлық станциялары;

АГТС – автоматтандырылған газ тарату станциясы;

АГҚ – «Азиялық Газ құбыры» ЖШС;

ЭЕАЖ – энергия ресурстарын есепке алудың автоматтандырылған жүйесі;

УЕАҚ – уақытша еркін айнымдағы ақшалай қаражат;

БШГ – «Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС;
ГРП – газ реттеу пункті;
«ҚазТрансГаз» АҚ компаниялар тобы – «ҚазТрансГаз» АҚ және оның ЕТҚ;
ЕТҚ – еншілес ұйымдар және тәуелді қоғамдар;
СКС – сығу компрессорлық станциясы;
БГЖ – бірыңғай газбен жабдықтау жүйесі;
ЕҚББЖ – Единая система управления охраной труда Еңбекті қорғауды бірыңғай басқару жүйесі;
БМЖ – біріктірілген менеджмент жүйесі;
КС – компрессорлық станциясы;
ҚМГ/ ҚазМұнайГаз – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ;
КХР – Қытай Халық Республикасы;
ҚТГ/ Қоғам/ҚазТрансГаз - «ҚазТрансГаз» АҚ;
ҚТГА – «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ;
ҚТГӨ – «ҚазТрансГаз Өнімдері» ЖШС;
СТГ – сығымдалған табиғи газ;
МГ – магистральный газ құбыры;
ҒТК – Ғылыми-техникалық кеңес;
ЖГҚ – жерасты газ қоймасы;
ГБП – газ реттейтін блоктық пункт;
ЖСҚ – жобалау-сметалық құжаттама;
ГШЕП – газ шығысын есепке алу пункті;
СМЖ – система сапа менеджменті жүйесі;
ӨҚТЫ – өзіндік қажеттіліктер және технологиялық ысыраптар;
ТТЖ – тауар-тасымалдау жұмысы.